Поставьте себе четкие временные рамки. Это означает, что вам нужно установить границы. Много лет назад индийская компания по разработке программного обеспечения, входящая в список «Fortune 500», протестировала простую политику: не прерывать работу во вторник, четверг и пятницу до полудня. Когда инженеры сами устанавливали границы, у 47% из них производительность труда была выше среднего. Но когда компания установила "тихий час" в качестве официальной политики, 65% достигли производительности выше среднего. Теперь мы знаем, что самым важным фактором ежедневной радости и мотивации является ощущение прогресса. Урок этой простой идеи заключается в том, чтобы относиться к непрерывным блокам времени как к сокровищам, которые нужно охранять. Это очищает нас от постоянных отвлекающих факторов и дает нам возможность сосредоточиться. Мы можем найти утешение в переживаниях, которые полностью завладевают вашим вниманием. Сосредоточьтесь на небольшой цели. Пандемия была большой потерей. Чтобы преодолеть тоску, попробуйте начать с маленьких побед, таких как крошечный триумф от разгадки тайны или прилив сил от игры в слова из семи букв. Один из самых четких путей к потоку - это просто преодолимая сложность: задача, которая расширяет ваши навыки и повышает решимость. Это значит ежедневно выделять время, чтобы сосредоточиться на решении важной для вас задачи - интересном проекте, достойной цели, значимом разговоре. Иногда это небольшой шаг к тому, чтобы вновь обрести энергию и энтузиазм, которых вам не хватало все эти месяцы.

Тоска не только в наших головах - она в наших обстоятельствах. Нельзя «вылечить культуру личными бинтами». Мы все еще живем в мире, который нормализует проблемы физического здоровья, но клеймит проблемы психического здоровья. Поскольку мы вступаем в новую пост пандемическую реальность, пришло время переосмыслить наше понимание психического здоровья и благополучия. "Нет депрессии" не означает, что вы не испытываете трудностей. "Не выгорел" не означает, что вы бодрый. Признав, что многие из нас томятся, мы можем начать давать голос тихому отчаянию и освещать путь из пустоты.

Литература:

1. <https://cyberleninka.ru/article/n/transformatsiya-tsennostey-v-period-pandemii-covid-19/viewer>
2. <https://pubmed.ncbi.nlm.nih.gov/12096700/>
3. Настольная книга по управлению эмоциями. Как понять свои чувства и начать наслаждаться жизнью Т. Моррис, 2022.
4. Поток: Психология оптимального переживания, Михай Чиксентмихайи http://loveread.ec/read_book.php?id=45896&p=1

ӨОЖ 398.2:373.3

ЕРТЕГІ ТҮРЛЕРІН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЛЕУ

Еламан А., «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының
2 курс студенті, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірілік университеті, Тараз қ,
aknur.eleman@mail.ru

Сурабалдиева Б.Т., п.ғ. магистрі, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірілік университеті,
Тараз қ, chukago.b@mail.ru

Аннотация: Бастауыш сыныптарда оқытылатын ертегілер түрлері талданып, бастауыш сыныпта ертегі түрлерін оқыту арқылы адамгершілікке тәрбиелеудің тиімді жолдары мен әдіс-тәсілдері жүйеленіп көрсетілді.

Кілт сөздер: оқушы, ертегі, қызығушылық, адамгершілік, жұмыс түрлері, эстетика, әңгіме.

Қазақ ертегілеріне арналған әдебиетті зерттеуші ғалым А.Байтұрсынов: «Ертегінің қадірі қанша деп сұрағанда, керектігіне қарай жауап беріледі. Ертегінің керек орындары: халықтың ұмытылған сөздері ертегіден табылмақ. Олай болса, ертегі тіл жағынан керек нәрсе.

Бала әдебиеті жоқ жерде баланың рухын, қиялын тәрбиелеуге зор керектігі бар нәрсе. Баланы қиялдауға, сөйлеуге үйретеді. Бұрынғылардың сана-саңлау, қалпы-салты жағынан дерек берумен керектігі бар нәрсе» - деп атап көрсеткен болатын [1,60б.].

Ертегіде оқушылардың дара ерекшеліктеріне сәйкес болатын көптеген қиялдар бар, халық ертегісі ғасырлар бойы балаларды баурап алып, олардың қиялын жетілдіруде.

Ертегілерді тиімді оқыту оқушылардың ойлауын ынталандырады, өмір жолдарының сан алуан түрін көрсетеді, сананың, ақыл-ойдың ерте дамуына, эстетикалық сұлулықтың қалыптасуына әсер етеді.

Ертегілер - оқушылардың ойлау және эстетикалық сезімдерін дамытудың жалғыз құралы. Бұл ертегілер қандай болмасын, олар баланың ойлауын, тілін, дүниетанымын кеңейтеді.

Ол сондай-ақ бала бойында адамгершілік, өз Отанын қорғауға және сүйуге жетелейді.

Балаларға ертегілерді оқу немесе айтуды ұйымдастырудағы ең есте қаларлық нәрсе-оқырман мен тыңдаушының жағымды эмоцияларының болуы.

Жоғары күйді орнату мұғалімге тікелей байланысты.

Сондықтан мұғалімнің кіріспе әңгімесінің рөлі ерекше, сондықтан балалар алдында ертегі кітапты жақсы көрсетуі керек, ертегі авторын құрметпен атау керек, алдын-ала кіріспе әңгіме арқылы, ертегі сюжетін меңзеуі керек, не туралы оқиды немесе айтады.

Мейлінше мұғалім ертегіні үздіксіз оқуы керек. Егер оқушыларға түсіну қиын сөздер болса, алдымен оларды түсіндірген дұрыс.

Кейде, балалар ертегінің барлық мәтінін, әсіресе 1-2 сыныптарда түсіне алмайды. Алайда, ол ондағы сезімдерді сезіне білуі керек: қуаныш, ләззат, қайғы, өкініш, ашу, мазақ ету және т. б.

Білім берушінің мәнерлеп оқуы, бір жағынан, балаларға оқыған ертегіден алған әсерін беру, екінші жағынан, балалардың сезімдерін жақсарту, дамыту және жетілдіру болып табылады.

Ертегіні оқи отырып, оқушы шығарманың мәтінін сауатты оқи білуі, оқығанын мәнерлеп жеткізе білуі, ертегінің негізгі, өзекті мәселелерін жоспарлай, ажырата және ажырата білуі, оған тақырып қоя білуі, сөздің мағынасын түсінуі, сөзді, бөлшектерді қолдануға көркемдік көзқарасы, оны өз сөзінде қолдана білуі, кейіпкерлерді, олардың ерекшеліктерін тани білуі керек.

Осы негізде оқушыларға толық әдеби теория береміз, оның баға беру, шығарманың қалыптасуын, оның өзара байланысын ажырата білу қабілетін қамтамасыз етеміз [2,32 б.].

Моральдық ауыртпалықты, зұлымдықты, әділеттілікті, оның қоғамдағы мағынасын түсіндіру арқылы оқушыларды дұрыс бағытқа, біз қарым-қатынасты тәрбиелейміз.

Ертегінің әр ұғымы, сөздің мәнін, оны қолдану аясын ашып, сөздік жұмысын жүргізе отырып, біз оқушылардың ойлау қабілетін жетілдіреміз, дамытамыз, мәселеге шығармашылықпен қараймыз, шығармашылықтарын шындаймыз, ашамыз, жаңа өзіндік пікір қалыптастырамыз, проблемалық мәселелерді шешуде белсендіреміз., көкжиектерін кеңейтеміз.

Сондай-ақ, оқушыларға өз ертегілерін құрастыру, сурет салу, ертегі құрастыру, берілген тақырыпқа эссе жазу, ертегінің кейбір көріністерін салу және сурет салу, оқушылардың ойлау, қызығушылық, қиялын дамытуға ықпал ететін жұмыстар. Айтылғанды сабақ бойы үздіксіз қайталау керек.

Бастауыш сыныптарда ертегі түрлерін оқыту арқылы оқушыларды адамгершілік тәрбиелеу бойынша жұмыс түрлері төмендегідей топтаструға болады [3,436.].

Кесте 1



Ертегі түрлерін оқыту арқылы бастауыш сынып оқушыларына адамгершілік тәрбие беру әдістеріне келесі әдістер жатқыздық: кіріспе әңгіме әдісі, көрнекілік әдісі, энциклопедиялық әдіс, проблемалық әдіс, салыстыру әдісі, ойын әдісі.

Қорыта айтқанда ертегілерді оқыту арқылы бастауыш сынып оқушыларын адамгершілік тәрбиелеу бойынша сабақ немесе сабақтан тыс жұмыстарды жүргізу кезінде мұғалімнің негізделетін әдістемелік шарттары:

1. Ертегілерді оқу барысында «бұл фантастика, өмірде кездеспейді» деп айтудың қажеті жоқ, балалардың өздері балық, жануарлар сөйлеспейтінін біледі, бірақ ертегіде кездесетіндер туралы қиялдайды, көңілді және армандауға үйренеді.
2. Ертегіде ішкі психикалық сезім балалардың көңіл-күйіне әсер етіп, оның әсерлері есте қалуы үшін әңгіме мазмұнына жоғары мән беру керек.
3. Ертегілердің композициялық ерекшеліктеріне қарапайым бақылаулар жүргізуді үйрету.
4. Ертегілердегі қанатты және асыл сөздер оқушылардың сөздік қорын толықтыруы керек.
5. Ертегіні айту кезінде мұғалім тілдің көркемдігіне назар аударуы керек. Ертегі мұғалімі оны дауыстап оқымай, оқиганы балаларға оның көзімен көріп, оған құмар болатындай етіп жеткізе білуі керек.
6. Мұғалім өзі үшін сөйлегенде, балалар оны үлкен ынтамен тыңдайды.
7. Мұғалімнің міндеті балаларды тыңдалым қабілетін арттыру болуы керек. Тек біреудің сөзін тыңдауды үйреніп, балалар оны жақсы есте сақтайды.
8. Мұғалім оқылған немесе баяндалған ертегінің балаларға қандай әсер ететінін бақылауы керек.
9. Бастауыш сыныптардың ертегілерін ғылым мен техниканың ілгерілеуіне сәйкес дамыту және өзгерту қажет
10. Оқушылар танысатын ертегілердің мазмұны олардың теориялық білімдерін кеңейтіп, толықтыруы, әр оқушының жеке қабілеттерін дамытуы керек.

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Ақ жол: өлеңдер мен тәржімелер, публистикалық мақалалар және әдеби зерттеу. -Алматы, 2019,420б.
2. Жанатбекова Н. Халық ауыз әдебиетін пайдалану.//Қазақстан мектебі №3. 2021.
3. Силыбаева О.Қ. Қазақ мектебінің ұлттық тәрбие жүйесі // Білім беру жүйесіндегі этнопедагогика, №5, 2016.

ӘОЖ 373.1.02:372.8

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЦИФРЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Молшылықова А.Ө., «Математика мұғалімдерін даярлау» мамандығының 2 курс студенті,
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті «Ұстаз» институты Тараз қ.,
molshylykova@mail.ru

Бузаубакова К.Д., педагогика ғылымдарының докторы, профессор, «Педагогика» кафедрасының
меңгерушісі, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қаласы,
klara_1101@mail.ru

Аннотация: Мақалада оқушылардың математика пәніне деген құштарлығын ояту және де осы пәнді оқыту барысында цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру туралы мәселе қарастырылады.

Кілт сөздер: құзыреттілік, құзырет, цифрлық құзыреттілік, цифрлы математика, жаңартылған білім, оқыту технологиясы.

XXI ғасыр цифрлық технологиялар ғасыры болғандықтан жылдам және ақпаратқа толы әлем адамды өзгертеді. Осы кезеңдегі мұғалімнің міндеті – осы жылдамдықты, оған ең қызықты және түсінікті болатын оқу материалын таңдау шеберлігі. Өйткені, балалар психологиясы әртүрлі – біреу ғылыми зерттеулерге, біреу практикалық қызметке бейім келеді. Сондықтан мұғалім қазір бар ақпараттық ресурстардың ішінен нақты оқушыға қажетті оқу ресурстарын таңдап, оларды өздігінен білім алуға қызықтыруда цифрлы орта құра білуі маңызды [1].

Цифрлы ұрпақ «ілгері дамушы» тұлға ретінде өздігінен білім алудың жоғарғы қабілетіне ие, білім алуға және дамуға бағытталған, мүмкіндік болған жерде өзінің білім бағытын өзі қалыптастыратын, бірқатар жағдайларда оқуды, жұмысты және жеке дамуды ұштастыра білетін білім алушылардың жаңа түрі болып табылады. Құзыреттілік – оқушының әрекет тәсілдерін жан-жақты игеруінен көрінетін білім нәтижесі [2].

Цифрлық құзыреттілік – сын тұрғысынан ұсынылған ақпараттар негізінде саналы шешім қабылдауға; өз бетінше мақсат қоюға және оны негіздеуге, мақсатқа жету үшін танымдық қызметті жоспарлауға және жүзеге асыруға; ақпаратты өз бетімен табуға, талдауға, іріктеу жасауға, қайта қарауға сақтауға, түрлендіруге және тасмалдауға, оның ішінде қазіргі заманғы цифрлық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен жүзеге асыруға; логикалық операцияларды (талдау, жинақтау, құрылымдау, тікелей және жанама дәлелдеу, аналогия бойынша дәлелдеу, модельдеу, ойша эксперимент жасау, материалды жүйелеу) қолдана отырып, ақпаратты өңдеуге; өзінің оқу қызметін жоспарлау және жүзеге асыру үшін ақпаратты қолдануға мүмкіндік береді.

Білім беру саласын цифрландырудың ең басты мақсаты – білім беру сапасын арттыру, халықаралық деңгейдегі әртүрлі зерттеу бағдарламалары аясында, оның ішінде «жасанды интеллект» жасау саласында бәсекеге қабілетті болашақ мамандарды дайындау. Цифрлы Қазақстанның ақпараттану жағдайында болашақ маманның жеке тұлғасын, интеллектуалды мәдениетін, технологиялық құзыреттіліктерін қалыптастыру үшін электронды ресурстарды пайдалану оның ақпараттық қоғамда өмір сүруіне, оның ақпарат ағымында дұрыс бағдар жасап, тиімді шешім табатын кәсіби маман даярлау маңызды болып табылады [2, 8].

Оқыту технологияларын цифрлы білім беру тұрғысынан жетілдірілген түрлерін меңгертуді көздей отырып, оқытушы мен білім алушының серіктестікке құрылған қарым-қатынасы оқу материалының цифрлы контенттерінің жаңа формаларын тиімді қолдануға бағытталады: бейнедәрістер, интернет кітапханалар, ақпараттық реустар және т.б.

Оқушылардың математика сабағына цифрлық құзыреттілігін арттыру мәселесінің өзектілігінің артуы мектептегі оқу-тәрбие процесіне жаңаша тұрғыда қарап, оны оқушының білім, білік, дағдыны меңгеру ғана емес, цифрлы іс-әрекет және интеллектуалдық, шығармашылық процесс ретінде қарастыруды міндеттейді [2, 117].

Математика – ғылымдар патшасы. Математика – объектілердің қасиеттері мен байланыстарын бейнелейтін математикалық модельді зерттейтін адамзаттық білімнің аймағы. «Математикалық модель адамның ұшқыр ойынан туындай отырып, объективті зерттеу пәні ретінде жасалуы – керемет! Оның қасиетін тану арқылы біз нақты өмірді бейнелейтін модельдің қасиетін тани аламыз» – деп В.А. Успенский айтқандай, математика – ғылымдардың ең басты тілі ретінде нақты әлемнің құбылыстарын сипаттайтын әртүрлі тәсілдердің ең қолайлысын көрсетеді. Математика – бұл бір ерекше әлем.

Жаңартылған білім мазмұны жағдайында мектеп оқушыларының математика сабағында цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру дегеніміз – ақпараттық, технологиялық, педагогикалық оқу-әдістемелік әдебиеттерге теориялық талдау жасау; «цифрлық», «құзыреттілік» ұғымдарына педагогикалық талдау жасау; мектеп оқушыларымен және болашақ педагогтермен әңгімелесу, сауалнама, сұхбат жүргізу, педагогикалық эксперимент жүргізу, олардың нәтижелерін математикалық өңдеу.

Жаңартылған білім мазмұны жағдайында мектеп оқушыларының математика сабағында цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздерін анықтаудың педагогикалық шарттары анықталып, тиімді жолдары көрсетілсе, онда:

- 1) жаңартылған білім беру жүйесінде оқушылардың білім сапасы артады;
- 2) әр оқушының жеке және дара ерекшеліктері айқындалады;

- 3) мектеп оқушыларының белсенділігі артады;
- 4) сындарлы ойлау жүйесі қалыптасады;
- 5) оқу-тәрбие процесінде оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артып, мектеп қабырғасында-ақ математикаға қабілеті жоғары оқушыларды анықтауға болады.

Математика сабағында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың цифрлық құзіреттілігін қалыптастыру, қазіргі заман талабына сай ақпараттық технологияларды, электронды оқулықтарды және ғаламтор ресурстарды пайдалану оқушының білім алу процесінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Оқушылардың цифрлық құзырлылығы мен цифрлық мәдениетін қалыптастыру қазіргі таңда үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесіндегі ең маңызды мәселелердің біріне айналып отыр.

Математика сабағында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

- оқушының өз бетімен жұмыс жасауы;
- аз уақытта көп білім алып, уақытты үнемдеу;
- білім-білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеру;
- шығармашылық есептер шығару;
- қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
- қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
- экономикалық тиімділігі;
- іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйрену;
- қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақпен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып процестерімен әртүрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезіну мүмкіндігі;
- оқушының ой-өрісін дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор.

Математика сабағында оқушылардың цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру көрнекіліктің және жұмыстың тез орындалуы (жазбаша жұмыстың болмауы) арқасында материалды игеруге уақыт үнемдеуге мүмкіндік береді. Интерактивті режимде оқушылардың білімдерін тексеру оқытудың тиімділігін арттырып, білім алушылардың барлық әлеуетін, танымдық, моральды-адамгершілік, шығармашылық, коммуникативтілік және эстетикалық мүмкіндіктерін іске асыруға көмектеседі, оқушылардың зияткерлігін, ақпараттық мәдениетін дамытуға әсер етеді.

Білім беру жүйесін реформалау оқушылардың математика сабағында цифрлық құзыреттілігін арттыруды міндеттейді. Сондықтан математика сабағында оқушылардың цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі арнайы зерттеуді талап ететін, қоғамдық маңызы айрықша.

Қазіргі заманда білім беру әлеуметтік құрылымның маңызды элементтерінің біріне айналды. Бүгінгі бала – ертенгі жаңа әлем. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы орасан зор. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, онлайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болуы тиіс. Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағат-бағдар беруші – мұғалімдер. Оқушылар жаңа жүйеге, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Осы үрдіспен бәсекеге сай дамыған елдердің қатарына ену ұстаздар қауымына зор міндеттер жүктейді. Тұлға құзыреттілігін дамыту үшін инновациялық әдіс-тәсілдердің ең тиімдісін пайдалана білу керек. Математика сабағында оқушылардың цифрлық құзыреттілігін дамыту үшін сыни тұрғысынан ойлау технологиясының маңызы зор. Сыни тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану арқылы оқушылардың өз беттерімен меңгерген материалдағы ұғымдардың әрбіреуінің есінде ұзақ сақталып, оның білім деңгейінің артуына зор ықпал ықпал етеді.

Әдебиеттер:

1. «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы/ ҚР Үкіметінің 2017 жылдың 12 желтоқсандағы №827 қаулысымен бекітілген. -Астана,2017.
2. Бузаубакова К.Д., Амирова А.С., Маковецкая А.А. Цифрлы педагогика: Оқулық /К.Д.Бузаубакова, Амирова А.С., Маковецкая А.А. -Тараз: «ИП «Бейсенбекова А.Ж.», 2022.-314 б.

УДК 612.014.4:628.032

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ РУХАНИ - АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Жанатбекқызы Ж., «Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасының 3-курс студенті, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., zzhanatbekkyzy@mail.ru

Әбдіқадырова Т.Р., п.ғ.д., профессор,

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., tursynai_1959@mail.ru

Аннотация: Мақалада Ш. Құдайбердіұлының шығармаларындағы рухани - адамгершілік құндылықтар жүйесі айқындалып, әлеуметтік - тағылымдық ойлары ғылыми жүйеленеді; Ұлы ойшылдың әлеуметтік - тәлімдік ой - пікірлерінің мазмұндық сипаттамасы жасалынып, ұрпақ тәрбиесіндегі рөлі анықталады;

Кілт сөздер: құндылық, адамгершілік, ар, рух, иман.

Әдебиет - қоғам өмірінің айнасы. Әрбір тарихи кезеңге тән әдебиет өз дәуірінің сипаты мен сырын суреттеп, заманының үнін жеткізетіні ақиқат. Әдебиет өз заманына тән мәселелерді ғана қозғамайды, өткені мен ертеңін сабақтастыра отырып, кемел келешегіне көз тастап ұдайы жалғасып жатады. Осы тұста, А.Байтұрсыновтың: «Біздің заманымыз - өткен заманның баласы, келер заманның атасы», - деген сөзі ойға оралады. А. Байтұрсынов айтқандай, адамзат баласы ғұмыр кешкен әрбір тарихи кезеңнің белесін келешегіне бағыттап, ертеңіне жеткізетін алтын көпір - ұлы тұлғаларымыз екені анық. Ұлы тұлғаларымыздың бірі әрі бірегейі - Шәкәрім Құдайбердіұлы. Ұлы ойшыл мұрасы - халқымыздың қойнауы терең қазынасы, заманының көкейкесті мәселелерін тереңінен қозғаған, азаматтық үні биік, тақырып ауқымы кең, көркем де кестелі туындылар. Заман жылжып, уақыт сырғыған сайын адамзаттың асыл міндеттерінің мәні артып, күрделене түседі. Жалпы, әдебиеттің қазіргі міндеттерінің бірі - ұлттық мұрамызға рухани - эстетикалық тұрғыда баға беру. Өзіндік бояуы мен айшығы бар Шәкәрім шығармашылығындағы рухани құндылықтарды пайымдап, ақынның шығармашылығын эстетикалық тұрғысынан талдау зор мәнге ие. Ақынның өлеңмен өрілген өршіл ойларының мәні де маңызы да зор. Әсіресе, Ш. Құдайбердиев адам бойындағы жақсы - жаман қасиеттерді саралап, барша адамзатты адамгершілік құндылықтарға баулиды.

Шәкәрімнің шығармаларын талдай келе, ойшыл танымындағы адамгершілік позициясы «Ар ілімінен» бастау алатындығын аңғармау мүмкін емес.

«Адамдық борыш ар үшін,

Барша адамзат қамы үшін

Серт бергем еңбек етем деп

Алдағы атар таң үшін» [1], - деген жыр жолдары да Шәкәрімнің негізгі мақсаты мен ұстанымын айқындап тұрғандай.

Шәкәрімнің : «Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді... Өлімнен соң бір түрлі тіршілік бар. Екі өмірге де керекті іс - ұждан. Ұждан дегеніміз ынсап, әділет, мейірім» [2], - деген ойынан «Ар - адамгершіліктің негізгі бастауы» екендігін ұғына аламыз. Шәкәрімше, ар ілімінің негізі рухани тазалану арқылы Жаратушыны тануға ұмтылу болып табылады. Демек, ойшыл философиясының негізгі мақсаты - барша адамзаттың бақытына қол жеткізуі. Ал ол мақсатқа тек адамгершілік қасиеттерді сіңірген «Арлы адам» ғана жете алады. Қазақ руханиятында «Арлы адам» дегеніміз кім? Ол ұят, намыс, қайрат, адалдық, жауапкершілік сынды асыл қасиеттерді бойына жиған тұлға. Шәкәрім бұл фәнидегі жақсылық пен жамандық, ізгілік пен зұлымдықтың бастауы жеке адам бойындағы арлылық пен арсыздықта екендігін танытады. Қоғамдағы осындай кеселді мінезден арылу ойшылдың басты арманы болғаны анық. Ал қоғамды түзету адамды түзетуден бастау алатындығын Шәкәрім жете түсінді. Шәкәрім адамдарды сапалық топқа бөлуде олардың материалдық байлығын емес, рухани байлығын, яғни ішкі жан - дүниесін басты негізге алды. Адамгершілік пен ар тазалығы - Шәкәрім нысанасы еткен басты ұғымдар.

«Жайнар көңіл, қайнар өмір

Ар білімі оқылса» [3], - деп жырлайды Шәкәрім. Бұл өлең жолдарынан Шәкәрімнің адамзат баласы осы ар білімімен бой түзесе деген айқын ниеті танылады, ойшыл пайымдауынша, ар үстем болған жерде көңілдің де өмірдің де жайнары сөзсіз. Арын биік тұтқан, құндылықтарын жоғалтпаған адам ғана ізгі қоғамға негіз бола алмақ. Ш. Құдайбердиевтің «Ар ілімі» заман аунап, жылдар жылжыса да өз қажеттілігін жоймай, керісінше сұранысын арттыра түсті. Бұған себеп, ойшылдың өз тағылымын жастар болашағына арнағандығында деп түсінеміз. Ар ілімін адам мен қоғам қатынасын түзетуші, моральдық қатынастар жүйесіне негіз боларлық барша адамзатты кемелдікке жетелеуші қуатты ілім деп атауға толықтай негіз бар.

Шәкәрім адамға қажет қасиеттерді жіктей келе, оларды екіге топтастырады. Біріншісі - адамның жаратылысынан дарыған адами қасиеттер. Бұл топқа ақыл, мейірім, талапкерлік сынды қасиеттерді жатқызамыз. Екіншісі - адамның өмір құбылыстарын тану, іздену барысында жинақтап, қалыптастырған қасиеттері: оқу, ғылым, еңбек т.б. Аталған қасиеттердің барлығы Шәкәрім философиясында адамгершілік категориясын құрайды. Шәкәрім Құдайбердіұлы өз шығармаларында «түзу адам қандай болуы керек?» деген сауалды арқау етіп, соған жауап іздейді. Мәселен, «Тумақ, өлмек тағдырдың бар шарасы» атты өлеңінде ақын өмірден өкінбей өтудің бар шарасы «таза жүрек», «таза ой», «мейірім», «ынсап», «әділет», «адал еңбекте», - деп көрсетеді. Бұл тұрғыда, Шәкәрімнің гуманистік көзқарасы Абай тағылымының заңды жалғасы екендігін байқай аламыз.

Абай мен Шәкәрім қазақ қоғамының азаматын тәрбиелеудің озық үлгісін жасады. Адамның жан азығы боларлық асыл қасиеттерді дәріптеуде поэзияның өрнекті тілін ұтымды пайдаланды, қара сөзбен тағылымды ойын жеткізді. Адам болмысы және адамгершілік - рухани құндылықтарды тамырластықта қарап, көркемдік - эстетикалық мәнді ойлар ұсынды. Шәкәрім Абай ұсынған «толық адам» концепциясын негізге ала отырып, «түзу адам» қалыптастыруды мақсат етті. Алланы, әділет пен шындықты, еңбек пен білімді сүйетін тұлға қалыптастыру - Абай мен Шәкәрімнің негізгі ұстанымы. Ойшылдар тәрбиелік категориялар негізін ұсына отырып, сабыр, еңбек, талап, ар, ұят, ынсап, ақыл сынды қасиеттерді дәріптейді. Адамды негізгі құндылық ретінде қарастыратын ұлы тұлғаларымыздың дана ойларын ұстансақ жеке адам ғана емес, тұтас қоғамның жетілуі мен өркендеуіне жол ашылатыны айқын.

Шәкәрім Құдайбердиев рухани құндылықтық категориялардың өзіндік жүйесін ұсынады. Ойшыл дүниетанымындағы дін және руханият мәселелері бүгінгі күннің талаптарын да қанағаттандыра алатындығы сөзсіз. Ақын иман, рух, тазалық мәселелерін тереңнен толғап, бірқатар тұжырымдарға келеді. Шәкәрім пайымындағы дін - қоғамдық дамудың рухани негізі, жүрекке иман ұялату арқылы ғана адамгершілік категориясының түп қазығын орнатуға болады. Ал енді иман ұғымына тоқталсақ, иман - Алланың бар және жалғыз екендігіне кәміл сену.

Шәкәрім имани және адамгершілік құндылықтарды өз шығармаларының басты арқауы етуіндегі негізгі мақсат - халқының пайдасына жарау. Ол дінді рухани адамгершілік категориялардың бастауы ретінде қарастырады. «Бір Аллаға сыйынған арам өлмес», - деген жыр жолдарынан - ақ Шәкәрім адамдық пен адалдық жолының анық бастауы қайда жатқандығын анықтап бергендей. Демек, иман - адамгершіліктің бастауы, адамды рухани кемелдендіруші негізгі құндылық. Шәкәрім адамгершілік қасиеттерге қол жеткізуде дін және мұсылмандық жолын шамшырақ етеді. Ақын иманды қиянатсыздықпен өлшейді,

«Қиянатын бар болса, иманың жоқ.

Маған десе, мың жылдай қыл ғибадат» [4], - деген жолдардан қиянатшыл адамның толассыз еткен ғибадаты да оны иманды етпейді, өзгеге қиянат жасамау, залалын тигізбеу иманның негізгі шарттарының бірі екендігіне көз жеткіземіз.

Тәнмен сезіп, құлақпен естіп, көзбен көрмек нәрсенің барлығының жақсы не жаман екенін мидағы ой саралайтынын айта келе, Жаратушы адамзатқа ми мен сана берді, дүниенің қыр-сырын танып білу, ақ пен қараны, жақсы мен жаманды ажырату «ақыл ісі» екендігін көрсетеді. Дегенмен, ақылдың ізгілікке не зұлымдыққа бағытталуы жүрекке негізделеді. Адамның ізгілікті іс қылуы - ақыл мен жүректің ісі. Ендеше, әр нәрсені сарапқа салу, байыбына жете білу, тереңнен топшылау - адамдық парыз. Ал, адамның түзу тура жолда жүруіне себепші - жүректегі иманы, рух пен дінге сенім екендігін Шәкәрім өз шығармаларында айқын жеткізеді. Ақ жүрек, таза ақыл

- діндегі басты құндылықтар. Жалпы алғанда, Шәкәрім «Алланы сүю», «адамзатты сүю» сынды Абай бастаған идеяны жаңаша мәнде жаңғыртып, ұлттық танымымызға өзгеше реңк берді. Адамның өзін - өзі танып, жеке тұлға ретінде қалыптасуында діннің қуатты күшін белгілеп, ізгілікті ой қалдырды. Адам мен оның қоғамдағы орны жайлы толғамдары арқылы Шәкәрім өз идеалындағы «түзу адам» қалыптастыруға ұмтылады. Ақын өз қоғамындағы лайықсыз әрекетке бейім, жағымсыз қасиеттерге ие адамдарды сынап мінейді. Ақынның «Қалжыңшыл қылжақпас», «Еріншек», «Шаруа мен ысырап» сынды бірқатар өлеңдерінде адамның ішкі - сыртқы бейнесі сомдалып, түзу адамға кедергі боларлық кеселдерді көрсетеді. Осынау кеселдерді сынау арқылы «түзу адамды» қалыптастыруға жол ашылатынына Шәкәрім кәміл сенеді.

«Тамам адам періште болмай тұрып,

«Ал, түзелші» дегенге ешкім көнбес» [5], - деген ақын сөздерінен Шәкәрімнің жеке тұлғаны емес, тұтас қоғамды түзетуге ден қойғандығын аңғарамыз.

Жарқын болашағымыздың бастауы боларлық жастарымызға сапалы тәрбие беру - бүгінгі заманның басты талабы. Жалпы әлемдік статистикаға сүйенсек, жасөспірімдердің психикасының бұзылуы, мінез ауытқулары, сынды құбылыстардың шамадан тыс артуы байқалады. Осындай өзекті мәселелердің шешілуіне жағдай жасау, оңтайлы жол табу - асқан қажеттілік. Осы тұста ұлтымыздың рухани мұрасы мен ұлы ойшылдарымыздың адам және оның болмысы турасындағы ой - пікірлерінің жас ұрпақ тәрбиесінде пайдаланудың маңызы зор деп санаймын.

Шәкәрім Құдайбердіұлы да өз еңбектерінде қоғамдық - әлеуметтік мәселелер мен адам тәрбиесін басты назарда ұстаған. Шәкәрімнің бұл тақырыптарда терең толғауының басты себебі де адамның мінез - құлқындағы кемшіліктер мен кертартпа іс - әрекеттер болғандығы айқын және де ойшылдың басты мақсаты жас буынды адамгершілік құндылықтар негізінде тәрбиелеу болатын. Шәкәрімнің өзі өмір сүрген замандағы қоғамдық жағдаяттарды негізге ала отырып, жастарды түзету, тәрбиелеу мақсатында жазылған әлеуметтік - тәлімдік ойлары бүгінгі күнге дейін өз ауқымы мен құзіреттілігін жоймағанын аңғарамыз. Әсіресе, «Үш анық», «Мұсылмандық шарты» сынды философиялық еңбектері мен өлеңдері - әлеуметтік - тәлімдік идеяларға толы шығармалар.

Ақын тұжырымдары жастарға адамгершілік ұстанымдарының қалыптасу негізін ұғындыра түсетіні сөзсіз. Шәкәрім өлеңдеріндегі тәрбиелік, әлеуметтік - тәлімдік идеяларды қарастыра келе, ақынның жастарға айтқан насихатын былайша жүйелейміз:

- Ғылымға, өнер - білімге құштар болу;
- Еңбекті сүю;
- Нәпсіге ерік бермеу;
- Мейірім мен қайырымдылық қасиеттерді иелену;
- Адамгершілік таныту;
- Адалдықты жақтау;
- Ізденімпаз болу;
- Білмегенге жол көрсету;

«Жас өтті тынымсыз» атты өлеңінде ақын адамның кейбір оғаш іс - әрекеттерін сынап, мінеу арқылы адамның бой түзеуіне ықпал етеді. Сонымен қатар, «Ашу мен ынсап», «Мақтау мен сөгіс», «Піскен мен шикі», «Қалжыңшыл қылжақпас» секілді бірқатар өлеңдерінде Шәкәрім кертартпа мінездерді мысал ете отырып, оларды түзетудің нақты жолдарын көрсетіп береді.

Адамдардың тек материалдық игіліктерді көздеуі рухани тұрғыдан құлдырауға әкеп соқтырады. Сол себептен де, адамды тазалық пен адалдыққа баулитын көркем шығармалардың мәні зор. Ш.Құдайбердиевтің гуманистік идеяларға құрылған туындыларын ұрпақ санасына сіңіру бүгінгі қоғамның негізгі міндеттерінің біріне айналуы қажет. Ұлы ғұламаның поэзиясы да прозасы да жас ұрпақты еңбек тәрбиесіне, адами құндылықтарға тәрбиелейді. Шәкәрім шығармашылығының биік тұғырға айналуының басты себебі де осы болса керек.

Қорыта айтсақ, Шәкәрімнің шығармаларындағы рухани - адамгершілік құндылықтарды жас ұрпақ бойына сіңіру арқылы кемел қоғам құра аламыз. Ұлы ғұламаның әлеуметтік - тәлімдік ойлары жастардың рухани кемелденуінің негізі, дұрыс бағыт сілтеуші темірқазығы. Ендеше, ойшыл тағылымын зерделеп, оны келешек ұрпаққа жеткізу бүгінгі күннің белесінде.

Әдебиеттер:

1. Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары. - Астана : Фолиант, 2018
2. Құдайбердіұлы Шәкәрім Үш анық - Астана «Хас Сак» баспасы, 2018 - 200 бет
3. Шәкәрім Қазақ айнасы. Өлеңдер мен поэмалар. - Алматы : Атамұра, 2003. - 296 б.
4. Шәкәрім. Иманым. 2 - басылымы. - Алматы : "Арыс" баспасы, 2008. - 322 бет
5. Құдайбердіұлы Ш. Шығармалар жинағы/ Құраст Г. Мұқышева - Алматы: «Өлке» баспасы, 2017. - 416 бет

ӘОЖ 070.1

МУЛЬТИМЕДИАША ОЙЛАУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Асқар Д., Веб журналистика мамандығының 2-курс студенті,
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., dariga.zhumabaeva20@gmail.com
Ануарбекова А.С., аға оқытушы,
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., aigulsamet@mail.ru

Аннотация: Бұл мақалада заман ағымына сай ақпараттық қоғамдағы мультимедиаша ойлаудың маңызы жайында айтылды. Әлеуметтік желіде өз орны бар мультимедиялық құралдардың оқырман мен тыңдарманды тартудағы рөлі ерекше. Түрлі контент жасауда мультимедиаша ойлаудың маңызы зор болмақ. Мультимедиаша ойлау арқылы материалыңызды қалай табысты әрі өтімді ету жолдары осы мақала ішінде айқын көрсетілген.

Кілт сөздер: мультимедиа, мультимедиялық құралдар, медиа-контент, медиа формат, мультимедиялық технология.

Мультимедиаша ойлаудың не екенін айтпас бұрын, мультимедиа термині қандай ұғым беретінін айтса кетсек. «Кез келген адам дәрігер немесе заңгер бола алмайтыны тәрізді, кез келген жан журналист бола алмайды» [1]. Әртүрлі жағдайда қолданыс тапқан, виртуалды әлемде суреттерден бөлек ақпараттарды түсінікті тілде жеткізетін аудио мен видео барын ұмытпаған жөн. Мұндағы мультимедияның негізгі мақсаты - оқырман мен тыңдарман қауымды өзіне еліктіру болып табылады. Бірақ бұдан басқа мақсаты жоқ деген сөз емес. Қазіргі таңда өзімізге белгілі, жай ғана мәтін арқылы оқырман қауымына әсер ету, сонымен қатар айтқыңыз келген ойды қысқа-нұсқа түрінде жеткізу қиын. Өйткені құр мәтінмен берілген ақпарат оқырманды өзіне тарта алмайды. Осы сәтте мультимедияның көмегіне жүгіне аласыз. Ол материалыңызға ерекше бояу мен сән беріп қана қоймай, декоративті рөл атқарады. Міне сол материалыңызға дәлел мен факт арқылы өз ойыңызды нақтылап жеткізе аласыз. Мысалы, ірі тұлғалардың бірінен сұхбат алатын болсаңыз диктофонның көмегіне жүгіне аласыз. Егер мақалада жалған бір ақпарат тарайтын болса, диктофонды куә ретінде жазумен немесе көрсету арқылы дәлелдеуге болады. Мультимедиа арқылы ақпарат жеткізуде оның бірнеше түрі арқылы жүзеге асыруға болады. Олар: мәтін, графика(инфографика), фото-видео, аудио, анимация. Бұлар ақпараттың электронды тасымалдау қызметі болып саналады. Қазіргі кездің өзінде, интернет журналистиканы оқыту тәжірибесінде, ақпараттық технологияда мультимедиялық құралдарды қолдану кең өріс тауып отыр. Интернет журналистикада осындай мультимедиялық құралдар біршама. Әлемдік деңгейде соңғы қолданылып жүрген бірнеше құралдарға тоқталып өтсек. Бұларды "Үздік мультимедиялық бестік" десек те болады. Олар: 1) Dpity. 2) Qik. 3) Google Fashion Tables. 4) Qwiki. 5) Vuvoh.

Ендігі мультимедиаша ойлау дегеніміз не? - деген сұрақ туындауы мүмкін. Ең алдымен мультимедиялық журналистің қызметі 4-кезеңнен тұратынын айта кетейік. Олар: ақпаратты іздеу, оны өңдеу, әртүрлі мультимедиялық құралдарды пайдалана отырып материал жасау және оны жариялау. Редакция мен журналистер қандай да бір оқиға мен ақпаратты, тиімді жеткізуге арналған құралдардың жеке арсеналын іздейді. Әдетте, олар жылдам және сапалы фото және видео-бейнені өңдеуге арналған қосымшалар. Бірақ, уақыт өте кейбір құралдардың ескіруінен

бұрын жасалған материалдар дұрыс көрсетілмеуі мүмкін. Сондықтан оларды түзету қажет. Ол үшін, архивтен бұрынғы бейнелер мен қазіргі болып жатқан оқиғаларды салыстырмалы түрде алып, дайын инфографикалық кескінді сайтқа орналастыруға болады. Міне осыған байланысты, өзіңіз мультимедиаға ойлауды жетілдіріңіз.

Мультимедиялық журналистика – журналистік материалды ұсынудың белгілі бір тәсілі. Бұл бір тақырыпқа арналған және бірнеше форматты біріктіретін медиа өнім - фото, бейне, мәтін, инфографика, интерактивті. Пішімдердің комбинациясы әртүрлі болуы мүмкін, бірақ бұл материалдың әрқашан ортақ мағынасы, мақсаты, тақырыбы, идеясы, мәселесі болады. Мультимедиялық журналистика бұл тұрғыда теледидар, радио, газет журналистикасымен бір деңгейде жүреді.

Заман ағымына сай журналист мультимедиаға ойлай білуі тиіс. Яғни ол дегеніміз жай ғана мәтін жазып қана қоймай, сол жазған материалыңызды халыққа қалай өтімді әрі тиімді жеткізуді ойлау. Соған орай, аудио подкаст, кішігірім видео бейне түсіруге, қазіргі таңдағы актуальды тақырыптарға инфографика құрастыруға, онлайн -трансляциялармен толықтыруға және т.б болады. Жалпы тәжірибелі маман, заманауи журналист болу – редакцияңызға үлкен көмек көрсету ғана емес, еңбек нарығындағы сұранысыңызды арттырып, көбірек табыс тауып, жұмысыңызды қызықты ету. Зерттеушілердің айтуынша, қазіргі әлем визуалды ақпараттың қарқынды дамып келе жатқанын, ал аудитория мультимедиялық форматтарға үйреніп келе жатқанын алға тартады. Осыған сәйкес, біз пайдаланушылардың тым ауыр мазмұнды контентті: құр берілген мәтін мен ұзақ жүктемесі бар мультимедияны ұнатпайтынын көреміз. Себебі мұндай жағдай, пайдаланушыларды жалықтырып жіберуі мүмкін. Орыс зерттеушісі С.И. Симаканың пікірінше, «БАҚ-та журналистік контентті визуализациялау – медиаөнімнің заманауи тұтынушысымен өзара әрекеттесудің ең тиімді жолы» - дейді [2, 112 б]. Бүгінгі таңда цифрлық журналистиканың белсенді дамуы байқалады. Ол медиаконтентті жасаушылардан мультимедиялық ойлауды талап етеді: ақпаратты блоктарға бөлу және олардың әрқайсысын жақсы қабылдау үшін, ең қолайлы мультимедиялық форматқа «орау» мүмкіндігі. Қолданыстағы жүздеген мультимедиялық пішімдердің ішінде мұндай мазмұнды жасауға бағдарламашылар мен дизайнерлерді тартпай-ақ, журналистер өз бетімен меңгере алатын бірнеше түрі бар. Мұндай пішімдерге, мысалы, шкала (уақыт шкаласы), тест, викторина, слайдер дейін/кейін, ақыл(интеллект) картасы немесе ментальды карта кіреді. Әрине, оларды көбінесе интернет-БАҚ пайдаланады. Бірақ Беларусь медиа нарығында жұмыс істейтін кейбір БАҚ желілік орта үшін офлайн медиа-контентті «қайта орау» мүмкіндігі әлі де қиын. Ендігі кезекті болашақ журналистерге байланысты айтсақ. Тәжірибелі журналистер әртүрлі мультимедиялық форматтармен жұмыс істейтіні сөзсіз. Мысалыға алсақ, Беларусь мемлекеттік университетінің журналистика факультетінің студенттері мұнымен қалай айналысуда? 2018 жылдың желтоқсан айында барлау сауалнамасынан алынған деректер бойынша, зерттеуге қатысқан барлық курстар мен мамандықтардан 78 студент қатысқан көрінеді. Ондағы негізгі әдіс - жазбаша сауалнама болған деседі. Зерттеудің нәтижесінде студенттердің заманауи мультимедиялық пішімдерден жалпы хабардарлығын, сондай-ақ тартымды медиа-контент жасауды үйренуге деген ұмтылысын көрсетеді. Респонденттерге 16 мультимедиялық пішім бойынша біліктілік деңгейін бағалау ұсынылды: тест, слайдер дейін/кейін, интерактивті фото, интерактивті бейне, инфографика, интерактивті инфографика, фото және бейне, виртуалды тур, хронология, ментальды карта, аудио слайдшоу, подкаст, мәтіндегі аудио фрагмент, интерактивті карта, микропішімдер (цитаталар, цифрлар, фактілер).

Әрқайсысы үшін ұсынылған жауаптардың біреуін немесе бірнешеуін таңдау қажет болды: «Мен білмеймін», «Мен бұл туралы естідім», «Мен оның не екенін білемін», «Мен жасай аламын». Сауалнамаға сәйкес респонденттердің 44,9%-ы журналистік материалдарында мультимедиялық форматты пайдаланады, 19,2%-ы қолданбайды, қалған 35,9%-ы БАҚ-пен жұмыс істемеймін - деп жауап берді.

Зерттеулерде көрсеткендей, 17 мен 20 жас аралығындағы жастар қызықты оқиға ретінде жазылған мақалаларды толық оқиды. Сондай-ақ оқудың толықтығына ұзақтығы 1 минутқа дейінгі фотолар мен қысқа бейнелердің болуы әсер етеді [2, 417 б]. Әдетте осы форматтар мультимедиялық ұзақ оқудың, ажырамас элементтері болып табылады.

«Қазіргі заманда қызмет атқаратын әмбебап журналисте болуы керек білім мен шеберліктің аясы: —компьютерлік білім» [3, 100 б]. Бүгінгі таңда ең танымал әлеуметтік медиа форматтарының бірі - инстаграмдағы оқиға-әңгімелер (stories). Фотосуреттер мен бейнелерді қысқа мәтінмен, стикерлермен, GIF анимациясымен үйлестіре отырып, әлеуметтік желіде жарқын оқиғаларды жасау мүмкіндігі төрт жыл бұрын пайда болған. «2016 жылы Snapchat мессенджері өз пайдаланушыларына бұл функцияны ұсынды, кейін ол Instagram және Facebook-те пайда болды. 2017 жылы «ВКонтакте» әлеуметтік желісінде «оқиға-әңгімелер» пайда болды [2, 129 б.]. Жыл сайын бұл формат жазылушылар арасында танымалдыққа ие. Инстаграм желісіндегі оқиғалардың (stories) ерекшеліктері - бір слайдтың қысқа ұзақтығы - 15 секунд, суреттің тік орналасуы, 24 сағаттан кейін өздігінен жойылуы (кейбір әлеуметтік желілерде әңгімелер мұрағатта тек авторға ғана немесе сақталған файлда көрінеді. «Актуальное» бөлімі). Платформаның мүмкіндіктерін кейбір шетелдік БАҚ сәтті пайдалануда. Осылайша #VogueBackstage жобасының 682 бейнебаяндары 11 миллион қаралым жинады. «BBC News мамандары да Instagram бейнелерін пайдалану арқылы қосымша көрермен тартуға тырысады» [2, 161 б].

Сюжеттер арнасынан мазмұнды тұтыну кезінде жазылушыдан көп күш жұмсалмайды: сіз оқиғаларды іске қосу арқылы, соның ішінде жарнамалық мазмұнды да көре аласыз. Бұл әдіс кездейсоқ қызықтыратын мазмұнды іздеу үшін теледидардағы арналарды ауыстырудағы іс-әрекетті еске салады. Екінші жағдай - арнадағы жеке оқиғаларды көру. Интерактивтілік сюжеттердегі процесті сезінуге мүмкіндік береді. Яғни ол жазылушының орындауға қажет кез келген әрекеті.

- құрылғының сенсорлық экранында әр жолды басу арқылы оқиғаны жылдамырақ айналдырыңыз;
- бизнес аккаунттеріне сілтеме бойынша (экранды сырғыту);
- дауыс беру (екі жауап бар);
- сәйкес рейтингтік жүгірткі арқылы ұсынылған мазмұнды бағалау;
- сауалнамаға қатысу;
- авторға өзіңізді мазалаған кез келген сұрағыңызды қою.

Жалпы мультимедиялық ойлауда оны іске асыру үшін арнайы контент-жоспар құрудың мәні зор. Себебі әр жазған мақалаңыздың сырт келбеті яғни басты тақырыбы болсын, блоггинг кезінде өте маңызды рөл атқарады. Ол оқырман қауымның оқуға деген ынтасын немесе керісінше жалықтырып жіберуіне әсер етуі мүмкін. Егер моральды және этикалық ерекшеліктері жағынан ескерілмеген жағдайда, жақсы жазылған мақаланың өзін дерлік қабылдау қиынға соғады. Неліктен дейсіз бе? Себебі әрбір ақпарат пен мақала лайықты безендіру мен пішімдеуді қажет етеді. Жалпы, мақаладағы контент құрамы 3 түрлі ақпараттан тұрады: мәтіндік ақпарат, графикалық ақпарат, мультимедиялық ақпарат (аудио және видео).

Контентте ең маңыздыларының бірі - мәтін болып саналады. Ұзақ мәтіндерден гөрі, қысқа жазылған мәтінді оқу анағұрлым оңайырақ. Бұдан бөлек мәтінде жазылған қаріптердің түсі мен көлемі де маңызды. Оқырманның көңілін аудару үшін мәтіннің маңызды деген жерлерін түрлі түсті бояулар мен асты сызылған сызықтарды қолдануға болады. Бұл мақалаға ерекше бір эстетикалық көрініс беретіні сөзсіз. Ендігі кезекті графикаға берсек. Блоггингте графикалық сурет пен бейнені кеңінен қолдану әлемде кең етек алып отырғанын жоққа шығару мүмкін емес. Ол жайында жоғарыда толығырақ айтып кеткен едім. Графикалық сурет веб-баспаларда және блогтарда міндетті түрде болуы қажет. Графикада суреттер, коллаждар, гистограммалар, сызбалар мен карикатуралар қолданылады. Бұл графикалық бейнелер сіздің мақалаңызды қызықты әрі алуан түрлі етіп көрсетеді. Егер тақырыпқа байланысты сурет таңдай білсеңіз, ол оқырманның есінде қалып, ерекше бір психологиялық әсер қалдыруы мүмкін.

Мультимедиялық технологияны оқу үдерісінде пайдалану - көзбен көру жадына сәйкес, адамның қабылдау мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді. Неге десеңіз, білім алушының көпшілігі естігенінің 5% - ын және көргенінің 20%-ын дерлік есте сақтайтыны белгілі. Ал осы орайда аудио және видео ақпаратты бір мезгілде қолдану есте сақтаудың 40-59%-на дейін арттырады екен. Демек, бұл дегеніміз интернет журналистикада уақытты үнемдеу, демонстрациялық материалдар даярлау мақсатында мультимедиялық құралдарды пайдаланған тиімдірек.

Қорытындылай келе, ақпараттандырылған қоғамның талабына сай білім алушы (адресат) мен білім беруші (адресант) жаңаша көзқарасты, терең ойлы болу керек. Сондықтан да, қоғамның басты бағыттарының бірі - заман талабына сай жас ұрпақты көкірегі ояу, көзі ашық, ізденімпаз, өзіндік шығармашылық жұмыспен еркін айналыса алатын саналы ұрпақ дәрежесіне жеткізу. Оқу үрдісінде жаңа ақпараттық-мультимедиялық технологияларды қолдану, әлемдік білім кеңістігіне толығымен еніп, халықаралық деңгейге көтерілуде септігін тигізери анық. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келсек, ақпараттық-коммуникация мен мультимедиялық технологиялардың жетістіктерін білім беру үрдісіне енгізу, жаңа білім стратегиясына көшу болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Әділбаев Н. Интерактивтілік білімнің жаңа көкжиегіне қадам басты // Заң газеті. – 2007. – 30 тамыз. – 15 б.
2. Мультимедийные мышление в формате современных СМИ / Журнал Беларуская думка глав ред. В.Ф.Гигин: № 7; Ольга Касперович-Рычкович;.
3. Мультимедиялық журналистика. Оқу құралы / Г.С.Сұлтанбаева А.Б.Әлімжанова. - Алматы «Қазақ университеті» 2016

УДК 811.161.1

ЧАСТОТНОСТЬ УПОТРЕБЛЕНИЯ СЛОЖНЫХ СЛОВ В ПОВЕСТИ АНТУАНА ДЕ СЕНТ-ЭКЗЮПЕРИ «МАЛЕНЬКИЙ ПРИНЦ»

Жалпанова Д., студентка 1 курса специальности «Подготовка учителей русского языка и литературы», Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати, г.Тараз,
dana_04_13@mail.ru

Мыханова Ж.Б., старший преподаватель, магистр педагогических наук, кафедра «Русский язык и литература», Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати, г.Тараз,
janar-7171@mail.ru

Аннотация: в этой статье раскрывается частотность употребления сложных слов на основе повести французского писателя Антуана де Сент-Экзюпери «Маленький принц». Утверждено, что частое употребление сложных слов произвольно учат русской грамматике, а также пополняют словарный запас.

Ключевые слова: правила русского языка, грамматика, повесть, французский писатель, зарубежная литература, планеты, сказка, сложные слова, трудновыговариваемые слова.

В Республике Казахстан, независимой стране, русский язык имеет высокую потребность в разных областях сферы жизни общества, выполняя функцию коммуникации межнационального общения. Граждане в стране владеют двумя языками, следовательно, система образования Республики Казахстан предоставило возможность обучения, придерживаясь принципа равенства языков и выделять программы обучения на обоих языках.

Социальная значимость владения русским языком открывает большую возможность в изучении русской или зарубежной литературы. Объективные различия в контингенте, изучающих русский язык, должны быть также учтены в ходе подготовки учителей русского языка и литературы в высших учебных заведениях. Важно не только развивать профессиональную компетенцию будущих педагогов, а также знакомить и побуждать к творческому решению существующих методических проблем.

«Дети должны быть очень снисходительными к взрослым» - повествует произведение французского писателя. Однако, кроме глубокого смысла в цитате, повесть произвольно учит нас русской грамматике и орфографии, даже не попадаясь на глаза, слово «снисходительными» является сложным [1].

В данной статье раскрываются понятия сложных слов. Сложное слово — это слово, имеющее в своём составе несколько корней. А также главную роль в пополнении словарного состава русского языка играет словообразование, создание новых слов из имеющихся уже в данном языке.

Нередко в орфографических пособиях и словарях русского языка существуют понятия, которые противоречат правилам написания сложных слов, являясь одним из трудных языков на данный момент. Образуются, как правило, от самостоятельных частей речи, сохраняя в своём составе целиком слово, либо часть. Существуют различные способы определения сложных слов. Также присутствуют труднопроизносимые, как «усовершенствование», «покровительствовавшие», являющиеся сложными словами.

По сей день русский язык пополняется высказываниями нового значения, в большинстве моментов являясь сложными. Сложные слова в русском языке позволяют точно и в самом деле опознать и назвать предмет, деятельность, либо его описание.


Следовательно, к сложным словам относятся сложносокращенные, как аббревиатуры. Аббревиатуры избавляют от необходимости произносить длинные словосочетания подряд. По большей части в аббревиатурах присутствуют сложные прилагательные и сложные существительные, позволяя произносить длинные названия учебных заведений, факультетов, а также названия работ, фирм и фабрик. Имена собственные также могут быть сложными, при этом может быть слитное написание. В таких случаях, если речь идет о названиях городов. Самыми длинными и самыми трудновыговариваемыми признаны сложные прилагательные, в которых не только есть несколько корней, но и усложняют суффиксы. Следует различать сложные слова с соединительными гласными и сложные слова без соединительной гласной. При этом в сложных словах вызывает трудности не только правописание, но и правильное ударение [2].

Раскрывая тему статьи, можно взять в пример, когда Маленький принц странствовал по разным планетам. В одной из них говорилось: «Ибо он был поистине полновластный монарх и не знал никаких пределов и ограничений». «Полновластный» является сложным прилагательным, так как есть соединительная гласная. Основная аргументация строится на частотности употребления сложных слов в повести великого французского писателя Антауана де Сент-Экзюпери, написавший произведение «Маленький принц», и посвятивший Леону Верту. Сказка-притча, состоящая из двадцати семи глав, повествуется о том, как главный герой путешествует по астероидам, размышляя о месте бытия в жизни, по причине конфликта с цветком, выросший на его планете. Французский писатель создал данную повесть через воспоминания об авиакатастрофе над пустыней. Важный смысл произведения состоит в том, что взрослый когда-то был ребенком, а ребенок нет, что взрослые забыли, как были озорными, и при этом делают замечания на шалости детей, слепо веря в то, что никогда не баловались и всегда были послушными [3].

На основе произведения «Маленький принц» содержится фантастический рассказ о путешествии главного протагониста, и его знакомстве с красочными персонажами. Аллегория различных говорящих животных, либо неодушевленных объектов выступают в роли людей, встречающиеся в повседневной жизни. Образ Розы представляет из себя любовь. Образ Лиса, первого близкого друга Маленького принца. Лис, встретившись под яблоней, делится с мальчиком знанием о значимых жизненных структурах, таких как любовь, привязанность, ответственность и дружба.

Раскрывая произведение, появление Маленького принца на Земле символизирует рождение человека, приходящего в наш мир с чистой душой, а также открытым к миру.

«Может быть, этот человек и нелеп. Но он не так нелеп, как король, честолюбец, делец и пьяница. В его работе все-таки есть смысл. Когда он зажигает свой фонарь — как будто рождается еще одна звезда или цветок. А когда он гасит фонарь — как будто звезда или цветок засыпают» - так отзывался золотоволосый мальчик об обитателе планеты с фонарём. Присутствует одно сложное существительное «честолюбец».



«Человек, потерпевший кораблекрушение и затерянный на плоту посреди океана, - и тот был бы не так одинок. Вообразите же мое удивление, когда на рассвете меня разбудил чей-то тоненький голосок» - в данном случае «кораблекрушение» сложное слово, так как есть два корня «корабль» и «крушение».

«И Маленький принц звонко засмеялся, так что меня взяла досада: я люблю, чтобы к моим злоключениям относились серьезно» - в цитате находится сложное существительное.

«Можете себе представить, как разгорелось мое любопытство от этого полупризнания...» - также имеется сложное существительное.

При получении знаний Маленького принца от своего друга, он обретает конец жизни на Земле, закончив путешествие с планеты на планету, окончательно решив вернуться к своей Розе. Повествование идёт от лица лётчика, что в конце сказки-притчи уверен в том, что мальчик вернулся на свою планету и просит, что если кто-нибудь из читателей будет в пустыне, и заметит кого-то напоминающего на мальчика с золотыми волосами и залихватским смехом, то это и есть Маленький принц. «Его полуоткрытые губы дрогнули в улыбке, и я сказал себе ещё: трогательней всего в этом спящем Маленьком принце его верность цветку, образ розы, который сияет в нём, словно пламя светильника, даже когда он спит...».

В заключении, русский язык обладает значимостью международного уровня. В Республике Казахстан, в жизнедеятельности населения немаловажно присутствует роль русского языка, а также и русской литературы. Русский язык признан богатым языком, следовательно, есть большое количество сложных слов. При этом русский язык стал распространяться в конце девятнадцатого, в начале двадцатого века, а также во времена советского союза был межнациональным языком коммуникации, являясь одним из немногих языков в мире, который признан в развитии мировой системы. Произведение повествует не только о главных моральных ценностях, прививая детям, так и взрослым, но и грамотное частотное содержание сложных слов произвольно учит орфографии русского языка [4].

Литература:

1. Сент-Экзюпери, Антуан де. Маленький принц / А. де Сент-Экзюпери; перевод с французского Н. Галь. // Электронный ресурс: <http://www.vavilon.ru/noragal/pp/pp01.html>
2. Пособие для занятий по русскому языку в старших классах / В.Ф. Греков, С.Е. Крючков, Л.А. Чешко». Издано: (2005).
3. Биография Антуана де Сент-Экзюпери // Электронный ресурс: https://ru.wikipedia.org/wiki/Сент-Экзюпери,_Антуан_де
4. Закон Республики Казахстан «Об образовании». // Электронный ресурс: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319>

УДК 004.5:378.147

КОНЦЕПЦИЯ SMART-ТЕХНОЛОГИЙ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ

Жолдыбекова Д., студентка 3 курса специальности «Подготовка учителей по иностранным языкам», Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати, г.Тараз,
dinazholdybekova@mail.ru

Маношкина Е., студентка 3 курса специальности «Подготовка учителей по иностранным языкам», Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати, г.Тараз, kkate023@mail.ru

Ахметова М.К., магистр педагогических наук, старший преподаватель кафедры «Мировые языки», Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати,
г.Тараз, kotsch2006@rambler.ru

Аннотация: Образование является самой быстрой обновляемой отраслью, как с точки зрения содержания, так и с точки зрения использования технологий и методов обучения. Формирование информационно-коммуникационных и технологических компетенций задача каждого педагога. В связи с тенденциями образовательного процесса, обучающие SMART - технологии занимают ведущее положение и предоставляют новый путь для обучения. Школьники как «digital поколение» легко осваивают современные технологии, а знания воспринимают с интересом, если они поданы в новейших формах. В статье рассматриваются такие вопросы как SMART-образование и SMART-технологии, как сферы формирования индивидуального обучения и навыки, развивающиеся посредством использования новой среды образования.

Ключевые слова: SMART-образование, SMART-обучение, SMART-технологии, SMART-педагог, цифровой образовательный контент, SMART-инструмент, аудиовизуальный контент.

Современный мир – это мир необычных технологий, новых видов коммуникации и массового информационного обеспечения. Поэтому XXI век характеризуется развитием техники и средств связи, а окружающие нас вещи и устройства делают нашу жизнь более комфортной, безопасной и интересной. В связи с этим современный мир, находясь в тесном контакте с гаджетами, требует от людей большей мобильности, которая адаптирует к новому темпу жизни. Таким образом, на сегодняшний день информатизация общества привела к качественным изменениям в сфере образования, а информационные технологии стали более доступными, что позволило вывести образовательную среду на новый уровень.

На волне бурного развития информационно-коммуникационных и инновационных технологий выросло так называемое «digital-поколение», для которого SMART-устройства и гаджеты, являются обязательными элементами жизни. Благодаря развитию тенденции цифровизации, произошло прогрессирование SMART-устройств и, конечно же, развитие SMART-образования, которое поправляет доступность образования и позволяет обучающимся быть «всегда, везде и в любое время».

В Стратегии «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства кнароду отмечено: «Наши граждане должныбыть готовы к тому, чтобы постоянно овладевать навыками работы на самом передовомоборудовании» [1].

Структурной частью реализации этой идеи является введение SMART-обучения в систему образования. Основным направлением качественного введения SMART-обучения является формирование информационно-коммуникационной и технологической компетентности педагогов в системе повышения квалификации. Smart обучение повышает доступность образования педагогов и дает возможность самостоятельному развитию траектории профессионального роста, приравнивает уровень образования педагогов городских сельских школ, открывает путь на мировую арену.

По этой причине, SMART-образование стало постулатом, который предполагает комплексную модернизацию образовательного процесса, а также методов и технологий, используемых в данном процессе, что позволяет по-новому построить процесс разработки педагогического контента и его актуализации. SMART-образование предполагает наличие большого количества источников, максимальное разнообразие мультимедиа (аудио, видео, графика), способность быстро и просто настраиваться под уровень и потребности слушателя [2]. Это совершенно новая образовательная среда, в которой образовательная деятельность осуществляется в интернете на базе общих стандартов.


В целом, SMART-образование – это образовательная парадигма, которая предполагает реализацию образовательного процесса, на основе использования информационных SMART-технологий, которые обеспечивают непрерывный доступ к учебной информации, а также предоставляют возможность переноса последующей работы с одной образовательной платформы на другую [3]. SMART-технологии не имеют границ. Они могут быть использованы в широком образовательном диапазоне для формирования индивидуальности абсолютно каждого обучающегося. Более того, динамичность и интерес во введении SMART-технологий увеличивает применение общения, позволяет поднять уровень эффективности учебной деятельности, способствуют фиксированию информации, при этом повышая возможность воспроизведения материала в будущем.

Создание качественных обучающих, умных и контролирующих программ – это сложный процесс, требующий больших усилий и времени от педагога. Поэтому грамотное использование умных технологий и программ требуют профессионалов в виде SMART-педагогов. Как известно, учителя становятся SMART-педагогами благодаря своим знаниям, практическому опыту и постоянным совершенствованием свои профессиональных навыков, внося разнообразие в учебный процесс. Ориентация на новые ценности динамично развивающегося общества и в первую очередь молодого поколения, открытость новому опыту в меняющихся условиях профессиональной деятельности становится профессиональной необходимостью абсолютно для каждого учителя.

Уже стало нормой учителям проводить учебные занятия с использованием мультимедийных презентаций, сделанных при помощи Microsoft Power Point. Однако, наряду с привычными презентационными технологиями, в сферу образования проникают новые, так называемые, интерактивные технологии, которые позволяют уйти от презентации в виде слайд-шоу и использовать технологии более продвинутого уровня, в виде разнообразных цифровых образовательных ресурсов, SMART-приложений и инструментов. В таком случае, SMART-педагогу необходимо создавать учебный контент, который будет реализовываться с использованием SMART-технологий, обеспечивающий ориентировку обучающихся в процессе непосредственной работы с цифровым образовательным контентом.

Однако для того, чтобы создать качественный SMART-инструмент необходимо повышать квалификацию педагогов, для того чтобы такой формат обучения не вызывал ни у кого трудностей.

В нашей работе мы предлагаем, с помощью «умной технологии», которая может применяться SMART-педагогами в процессе обучения, в частности при обучении английскому языку разнообразить занятие. Суть данной технологии заключается в том, что она представляет собой «Образовательный E-агент», созданный через конструктор сайтов «TildaPublishing», который не сложен в своем применении [4]. Нами были разработаны задания на базе этого сайта для улучшения навыков аудирования, говорения, письма и чтения подходящих для, уровней A1 «Elementary», A2 «Pre-intermediate», B1 «Intermediate», и B2 «Upper-intermediate».




Сайт подойдет для тех, кто хочет подтянуть и укрепить свои навыки просто, быстро и увлекательно. Каждый урок является интересной тренировкой. На сайте можно найти мультфильмы для изучения английского языка. В мультипликационных роликах не содержится

сленга, сложных грамматических конструкций, темп речи размерен, что не создаст сложностей в понимании и освоении языка. И так как информация, преподнесенная в виде мультфильма, является фактором аутентичности, создается высокий уровень доверия к изучаемой информации со стороны ученика.

Более того, аудиовизуальный формат делает обучение эффективным и полезным, так как видео содержит большое количество информации в небольшом пространстве. Грамотно продуманное и хорошо сделанное видео снижает когнитивную нагрузку и снимает стресс, усталость, чувство неудовлетворенности от попыток понять смысл большого количества текста в неактуальном отображении. Наблюдение за действиями, происходящими в мультфильмах, стимулирует восприятие информации, как логическим полушарием головного мозга, так и образным, который отвечает за интуицию и творчество. Такая методика позволит освоить язык при помощи ассоциативной связи.

Также созданный нами «Е-агент» обеспечивает организованность и оптимизированность учебного процесса, несмотря на время и место, предполагает непрерывный доступ в информационной базе. Одним из плюсов, в использовании данного сайта является то, что в ходе процесса обучения, у обучающихся имеется доступ к контролю получаемой информации, что позволит ускорить процесс обучения в зависимости от потребностей. Другими словами, ученик может выбрать уровень сложности, который будет изначально соответствовать уровню его знаний и вместе с этим улучшать его, переходя на более сложные уровни. Возможность в выборе, среди доступных уроков, открывает неограниченные преимущества обучении, которые предоставляют свободу и независимость ученикам.



Применение основ данного метода работы является дополнительным стимулятором для создания «здоровой» конкуренции в классе и помогает создать комфортные условия для учебного процесса, что в свою очередь, является дополнительным источником мотивации при выполнении парных, групповых или командных заданий по языку.

Таким образом, использование видеоматериалов в представленной SMART-технологии способствует полноценной отработке фонетического, лексического и грамматического материала, где и когда угодно. Кроме того, такой формат обучения предоставляют информацию для размышления, которая служит основой для формирования и развития речевых и креативных навыков обучающихся.

Литература:

1. Послание Президента Республики Казахстан «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства», 14.12.2014 г.
2. Дмитриевская Н.А. Смарт образование.— Режим доступа: <http://www.myshared.ru/slide/72152/>

3. Тихомиров В. П. Мир на пути к SmartEducation: новые возможности для развития <http://www.slideshare.net/PROelearning/smart-education-7535648>
4. <http://project6169247.tilda.ws/>

УДК 81.246.3:373

WAYS TO IMPROVE TRILINGUAL EDUCATION IN RURAL SCHOOLS

Karzhaubayeva M., bachelor student 3rd year student of specialty: «6B01707 Training of teachers of foreign languages», M.KH. Dulaty Taraz Regional University, Department of "World Languages", Taraz munira.karzhaubayeva@mail.ru

Torekeyev B.A., supervisor Senior Lecturer, Master of Foreign Languages, Department of "World Languages", M.KH. Dulaty Taraz Regional University, Taraz torekeyev333@gmail.com

Annotation: This article is devoted to the development of trilingual education in rural schools. The article describes the problems that hinder language learning in rural schools. The role of teachers for the development of trilingualism was described. In order to start trilingual education for village students, special questions were raised and corresponding answers were considered. A special survey was conducted and the topic was studied in depth.

Keywords: educational program, knowledge of English, "Building the future together", teachers, monolingual, bilingual, trilingual, polylingual, rural school, urban school.

"To learn a language is to have one more window from which to look at the world" [1]. As the Chinese proverb says, when a person learns a new language, he forms a new attitude and begins to think differently.

Education is at the forefront in a world where a thousand changes and develops every day. Knowledge of English is especially in demand at all times. In 2006, the first president of the Republic of Kazakhstan, Nursultan Abishuly Nazarbayev spoke about the policy of trilingualism at the assembly of the people of Kazakhstan.

In his address to the people of Kazakhstan "Building the future together" the President stated, "I always say that knowing three languages is essential for the success of every Kazakhstani. Our task is to raise the number of citizens speaking the state language up to 80%" [2].

After those years, we can say that the number of young people in our country who wants to learn foreign languages has increased. For this reason, we need new ways that can make the students interested in learning a new language, especially in rural schools.

As we know, technology is currently evolving faster than human's thoughts. Therefore, an era of rapid development of technologies and the desire to achieve a level where robots can replace teachers, our country needs advanced and educated specialists to improve trilingual education. As we know, many rural schools are not equipped with modern technologies. Except for technologies, there are very few skilled, trilingual specialists in the village. Most of the young professionals who have mastered the language prefer to work in urban schools. That is why there are more elderly teachers than young professionals in rural schools.

Teachers have a different role in implementing trilingual education in rural schools.

It all depends on the teachers whether the student is interested in the language, learns the language easily or vice versa.

For example, in rural schools, teachers teach several subjects (physics, chemistry, mathematics). In such schools, it is difficult to learn trilingualism. It will take time for rural teachers, who are used to the Soviet-era education system, to get used to the updated curriculum.

How can we solve this problem?

The purpose of the research is to study the public opinion on the improvement of the trilingual education system in rural schools. The aim is to find out how local residents know about trilingualism and their opinions about it. This includes respondents views on developing trilingualism and their individual actions to improve it.

In this research we will answer for several questions like:

- What are the barriers to implementation of trilingualism in rural schools?
- What kind of governmental actions will help to improve and completely realize trilingual education system?

We conducted a survey among citizens to summarize the general topic and delivered by social networks such as VKontakte, Telegram, Instagram, Facebook and WhatsApp. The purpose of this survey is to find out the opinions of rural residents about trilingualism and what actions should be taken to develop trilingual education in rural schools.

The main conclusion of this research was made using the software for managing surveys “Google Forms” in order to find out public opinion. 20 respondents answered the questionnaire with interest. Due to the priority of our topic, we wanted to know the thoughts of residents. The goal was to get the opinion of young people studying in this field as future teachers.

The questionnaire consists of a total of 10 Questions. It is considered divided into 3 sections: demographic, theoretical and practical part.

The survey was easy to answer. The respondents had the opportunity to answer in two different options like yes/no and include their opinion about trilingualism.




Diagram 1. Gender of the respondent.

The vast majority of respondents who answered the survey questions from **diagram 1**. that is, we can see that 65% are women, and the remaining 35% are men.




Diagram 2. The Age of the respondent.

In chart 2, 15% of the survey participants are old people between the ages of 35 and 45, 25% are between the ages of 25 and 35, and 60% are respondents between the ages of 18 and 25.

Quantity of languages	Quantity of respondents
Monolingual	7
Bilingual	4
Trilingual	6
Polylingual	3

From this table, we can see that 7 of the 20 respondents speak only their own language, and 4 are bilingual. 6 people speak 3 languages fluently, 3 people know many languages. The conclusion is that not all people are equally capable of learning a language or have no interest in learning a language.

Therefore, we can understand from this that the level of language knowledge of students and teachers in rural schools is not the same. However, what methods can we use to learn three languages?

After research, you can find answers to questions about this issue.

According to Marzhan Toregulovna, a specialist of the education department of Taraz city, there are no special departments for training teachers and students, so the entire process of its implementation is in the hands of English language teachers. In addition, given the impact of exams on high school students, learning subjects in another language is difficult. The main problem in the development of courses for trilingual educational programs is the lack of specific requirements for the skills and competencies that a trilingual specialist should have upon completing the educational program.

What measures of the government will help to improve and fully implement the trilingual education system? As a result of the survey conducted among residents, it can be concluded that a special organization should be created by the state to implement trilingualism and train teachers and students.

In addition, high school students are not ready for such reform changes because they have other problems such as UNT. As a result of these studies, it can be concluded that a lot of work needs to be done to introduce the trilingual education system. Specialists among teachers are increasing in schools. This is something we must continue to do and can improve through courses such as Global Perspectives.

The list of literature:

1. <https://elenaruvel.com/12-tsitat-vdohnovlyayushhih-na-izuchenie-yazykov/>
2. Nazarbayev, N.A. "Building the Future Together!" / The Address of the President of the Republic of Kazakhstan to the People of Kazakhstan: http://www.akorda.kz/ru/page/poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-a-nazarbaeva-narodu-kazakhstan-a28-01-2011-g_1340624589

ӘОЖ 811.111-26

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕНУДЕГІ НЕГІЗГІ ҚИЫНДЫҚТАР МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАР

Пернебай А.О., ШТ 22-1 тобының 1 курс студенті, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Ұстаз институты, Тараз қ., pernebaiaksholpan.ako@gmail.com
Тулебаева С.К., М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Ұстаз институты, Тараз қ., «Білім берудегі шетел тілдері» кафедрасының аға оқытушысы, магистр, sand.8484@mail.ru

Аннотация: Қазіргі таңда ағылшын тілінің өзектілігі мен маңыздылығы күн сайын артып, ағылшын тілін меңгергісі келетін адам саны да көбейеде. Өзге тілді меңгеру – өте ұзақ және қиындықтар туғызатын процесс. Ағылшын тілін үйрену жолындағы негізгі қиындықтар мен оның перспективалары жайлы зерттей отырып, шешу жолдарын анықтау зерттеу жұмысының мақсатын көрсетеді. Бұл зерттеу жұмысында ағылшын тілін меңгерудің теориялары сараланып, тілді меңгеру барысындағы қиындықтар анықталып, оларды шешу жолдары ұсынылды. Ағылшын тілінің қоғамдағы маңызы мен жастардың бұл тіл жайында ойы анықталды. Теориялық тұрғыдан тілді меңгерудің жеткіліксіз екендігі мәлім болып, тәжірибеге назар аудару сынды кеңестер берілді.

Кілт сөздер: ағылшын тілі, тәжірибе, қиындықтар, тілді үйрену.

Қазіргі таңда әлемдік жаһандану заманында тіл білетін адамның қоғамдағы рөлі де ерекше. Сондықтан ағылшын тілінің маңызына үңіліп, қоғамдағы рөлін айқындау маңызды болып есептеледі. Тілді үйрену барысында қиындықтар туындайтыны рас, оны шешу жолдарын қарастыру, тіл үйреніп жүрген адамдарға кеңес беру өте маңызды. Зерттеу барысында тіл үйренудегі перспективаларды ескере отырып, тілдің қазіргі таңдағы қоғамдағы маңызын айқындау кезек күттірмейтін мәселе. Осы мәселелерді шешу үшін төмендегі *міндеттер* қойылды: - ағылшын тілінің қоғамдағы маңыздылығын мен негізгі рөлін түсіндіру; - тіл үйрену барысында туындайтын қиындықтарға тоқталып, оларды шешу жолдарын ұсыну; - ағылшын тілін үйренудің оңай және тиімді жолдарын қарастыру.


Соған байланысты тіл үйрену барысында көптеген адамда кездесетін бірнеше қиындықтар жайлы зерттеп, оларды шешу жолдарын қарастырып көрдім: А) нақты мақсаттың болмауы; Ә) ағылшын тіліндегі шақтарды түсіну барысында туындайтын қиыншылықтар; Б) тыңдалым; В) сөздік қордың аз болуы; Г) тәжірибе [1].

Тәжірибелік дағдыны дамыту үшін шет елдік азаматтармен сөйлесіп көруді кеңес беретін едім. Қазіргі таңда цифрлы формат жақсы дамып жатқандықтан шет елден дос табу қиындық туғызбайды. Бірақ, кей жағдайда қауіпті болып жатады. Сондықтан мен өз тәжірибем бойынша “Tandem” деген қосымшаны кеңес беремін. Бұл қосымша шет елдік дос табуға үлкен мүмкіндік береді және алаяқтарға алданып қаламын деп уайымдамасаңыз болады. Себебі өз тәжірибем бойынша мен осы қосымша арқылы көптеген достар тауып, ағылшын тілінде практикамы жетілдіріп, тілдік барьерге деген қорқынышымды жеңе алдым және өзгелерге де кеңес беремін, тілді үйрену жолында өз тәжірибем бойынша лайфхактар ұсынғым келеді. Бұл лайфхактар тілді үйренуге деген мотивация беріп, бұл үлкен, ауқымды процессті жеңілдетеді деп сенемін. 1. Жоспар құру. 2. Бөлменіздегі заттардың атауын ағылшын тілінде жазып қою. 3. Қателік жасаудан жасқанбау. 4. Сөздік дәптердің болуы. 5. Подкасттар тыңдап, фильмдерді ағылшын тілінде қарау [2].

Тіл үйрену барысында арнайы курстарға жазылу кез келген адамның қалтасын көтере бермейді. Яғни, қаражат жағынан қиындықтардың туындауы қалыпты жағдай болып табылады. Мұндай жағдайда мен тілді ғаламтор желісі арқылы да үйрену мүмкін екендігін айтқым келеді. Соған орай мен өзім ағылшын тілін үйренген төмендегі YouTube арналарын кеңес беремін.

Ағылшын тіліне қатысты сауалнама құрастырып, жауап алған болатынмын. Олардың арасында ағылшын тілін жақсы білетін және ағылшын тіліне деген қызығушылығымен мүлдем хабары жоқ адамдар болды. Нәтижесінде 40 адам бұл сауалнаманы толтырды. Олардың жас ерекшелігі 14-19 жас аралығын қамтыды. Сауалнама 6 сұрақтан құрылған болатын. Олардың әрқайсына жеке-жеке тоқталып, саралап өтсем деймін.


Бірінші сауал: Ағылшын тілін қаншалықты жақсы білесіз?



40 адамның 80%-ы орта деңгейде білетін болса, 15%-ы мүлдем білмеймін, 2%-ы толықтай білемін деген жауап нұсқаларын тандап, жоғарыда көрсетілгендей нәтиже көрсетті.

Екінші сауал: Қазіргі таңда әрбір адам ағылшын тілін білу керек деп санайсыз ба?

Бұл сауалға 40 адам өз жауабын берген болатын. Олардың берген көрсеткіші төмендегідей. Яғни, адамдардың басым көпшілігі ағылшын тілінің қоғамдағы алатын маңызы жайлы хабардар.



Үшінші сауал: Ағылшын тілінің қоғамда алатын маңызы қандай деп ойлайсыз?

Бұл сауал бойынша адамдар төмендегідей мардымды жауаптар бере алды. - Үш тілді меңгеру, білу - бұл жаһандық әлемге жолдама деген сөз. Бұл адамның өмірдегі табыстылық, жетістік принципі. Жаһандық әлемде біздің балаларымыз Планета азаматы болады. Сондықтан да олар әлемнің кез келген өңірінде жұмыс істеп, күнін көре алатын болады. Яғни, бүгінгі күрделі әлемде біздің балаларымыз өздерін судағы балықтай сезінуі керек, және де соған әрекет жасау керек; - Әлемнің дамуына, қоғамның дамуына осы ағылшын тілінің маңызы зор; - Келешекте ағылшын тілі барлық жерде керек болатындықтан маңызы өте үлкен; - Қазіргі таңда барлығы шет ел елмен қарым қатынаста болғандықтан маңызды; - Ағылшын тілі болашақта міндетті түрде керек болады; - Көбінесе білім саласында қажет; - Ағылшын тілі болашақта бірінші орын алатын тіл болар; - Басқа елдің адамдарымен қарым-қатынас жасауда; - Ағылшын тілі дүние жүзіне ең кең таралған тіл. Ағылшын тілін қазіргі кезде оқу керек деп ойлаймын; - Ағылшын кең таралған қолданыстағы, кәсіптегі танымал тілдердің бірі; - Қазіргі қоғам үшін ағылшын тілін білу өте маңызды. Заман талабы ағылшын тілін білуді, үйренуді жоғары сатыға қойып отыр. Кез келген жер үшін қажетті, басты ескерілетін нәрсе ол-тіл; - Қазіргі жаһандану өзгерістеріне байланысты ағылшын тілінің рөлі өзгерді. Ол кәдімгі тілден әр адамға қажет коммуникативтің құралына айналды.

Бұл берілген жауаптар менің толықтай көңілімнен шықты. Қазіргі жастар ағылшын тілінің маңызын түсініп қана қоймай, болашақтағы рөлі туралы сипатама бере алды. Болашақ жастардың қолында екендігі тағы бір дәлелденді деп санаймын.

Төртінші сауал: Мектепте оқытылатын ағылшын тілі сабағына сіздің көңіліңіз толады ма? Неліктен?


- Ия, мұғалім жақсы біледі.
- Жоқ, білім төмен деңгейде беріледі.
- Керек деңгейде өтілмейді.
- Орта деңгейде болды. Көбінесе мұғалімдер сабағын өтпей, кей кезде сабақты қазақ тілінде жүргізетін.
- Ия толады.
- Орташа себебі сабаққа ат үсті қарайтын оқытушылар бар және сабақты қызықсыз өткізеді.
- Жоқ мектепте практика жок.
- Жоқ толмайды. Толық үйретпейді.
- Жоқ өте төмен деңгейде өткізеді.
- Ұстаздар түсінікті, қызықты сабақ өткізеді.
- Мектепте ағылшын тілі сабағына көңілім толды. Апайлар сабақты жақсы береді, ағылшынды оқысаң түсініп кетесің.
- Көңілім толады деп айта алмайтын едім, себебі ағылшынды оқытудың нақты әдіс тәсілін оқытушылар әлі де таба алмаған. Оқушылардың қызығушылығы төмен және ағылшын тілін үйренген күннің өзінде мектептен емес, арнайы қосымша курстардан үйренуде.
- Жоқ, керекті мағлұмат аз берген.

Сауал бойынша берілген жауаптарға сүйенетін болсақ, сауалға жауап берушілердің басым көпшілігіне мектептегі ағылшын тілін оқыту тәсілі, методикасы, жалпы, ағылшын тілі пәні көңілдерінен шықпайды. Оның бірнеше себептері болуы мүмкін. Мәселен, сабақтың қызықсыз өтуі, оқушылардың сабаққа бей-жай қарауы, мұғалімнің сабақты қызықты өткізе алмауы немесе тек қазақ тілінде сөйлеуі, тілді үйрету әдісінің дұрыс болмауы.

Негізінен, ағылшын тілінде төрт бірдей дағдыны дамыту қажет. Олар: жазылым, оқылым, тыңдалым, айтылым. Бірақ, еліміздің көптеген мектептерінде бұл дағдыларға аса назар аударылмайды. Жазылым мен оқыту дағдысы сабақ барысында ғана қолданылса, қалған екі дағды, тыңдалым мен айтылым жиынтық бағалау кезінде ғана еске түседі. Өз тәжірибеме сүйенетін болсам, 45 минут ішінде уақыт жетпей қалғандықтан, айтылымға қатысты тапсырмалар жазылым түрінде орындалатын кездер де жиі болды. Неліктен 45 минут жиынтық бағалау тапсырмаларын орындауға жетпейді? Себебі, оқушы ондай тапсырмаларды орындауға бейімделмеген деп санаймын. Өйткені, тілді жеткіліксіз деңгейде меңгерген. Демек, біздің еліміздегі мектептерде ағылшын тілін үйрету форматы дұрыс қарастырылмаған. Сондықтан да оқушылардың басым көпшілігі ағылшын тілін үйрену үшін арнаулы курстарға баруға мәжбүр.

Бесінші сауал: Ағылшын тілін үйрену барысында сізде қандай қиындықтар туындады?

Бұл сауалға жауап берудің 3 нұсқасы бекітілген болатын:



Жоғарыда берілген көрсеткішке сүйенетін болсақ, практиканың жетіспеушілігі проблемасы адамдарда көп кездесетінін байқаймыз. Практиканы дамыту жолдары жоғарыдағы тармақта айтылып өткен болатын. Тіпті, мектептегі оқыту бағдарламасында да практика жетіспейді. Сондықтан, speaking club-қа жазылу, сынып бойынша discussion ұйымдастыру, шет елдіктермен әңгімелесу практикаға үлкен көмегін тигізеді.

Алтыншы сауал: ҰБТ-да ағылшын тілі бойынша сұрақтарға көңіліңіз толады ма деген сауалға оқушылардың басым көпшілігіне ҰБТ-дағы ағылшын тілі пәнінің сұрақтар форматы ұнамайды. Осы тұста расында да ҰБТ-дағы ағылшын пәні бойынша тек тест форматы ғана қалыптасқан. Демек, сұрақтар теориялық тұрғыда бір-біріне ұқсайды және жаттанды түрде адамның санасында сақталынып қалады. Тыңдалым, айтылым, жазылым сынды дағдыларға көңіл бөлінбейді. Соның салдарынан бітіруші түлекте айтылған дағдылар дұрыс қалыптаспайды. Өйткені, тестіленуші тек тесттік форматта дайындалып, сұрақтарды тек жауап нұсқасымен жаттауға бейімделеді. Егер болашақта мүмкін болса, нағыз ағылшын тілі маманын шығару мақсатында, ағылшын тілін жетік меңгерген ұрпақ қалыптастыру негізінде ҰБТ форматын ағылшын тілі пәні бойынша өзгерткен дұрыс деп білемін. Төрт дағдының біреуінсіз тілді үйрену мүмкін емес болып табылады және бұл формат оқушылардың тілді үйренуіне кедергі келтіріп, біршама қиындықтар туғызады.

Қорытындылай келе, ағылшын тілінің маңыздылығы күннен күнге арта түсуде. Әлеммен байланыс тілі ретінде қарастырылатын ағылшын тілін үйрену барысында туындайтын күрделіліктер мен қиындықтар жайлы осы зерттеу жұмысында зерттелінді және оны шешу жолдары ұсынылды. Ағылшын тілі жайлы әр түрлі санаттағы адамдармен сауалнама жүргізіліп, нәтижелері сараланды.

Әдебиеттер:

1. URL: <https://englex.ru/how-age-influences-the-ability-to-learn-english/>
2. Галеева.А.Р. Проблемы при изучении английского языка. Научный журнал «Студенческий форум» / №29(208)

УДК 551.432.42

АЛТАЙ ТАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Амангелдиева А., «География және ТТУ» мамандығы бойынша 1-ші курс студенті, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қаласы aruzhan071204@icloud.com
Тажиева Т.Ч. «Тарих және география» кафедрасының доценті, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университет, Тараз қаласы dulati2022@mail.ru

Аннотация: Алтай тау ерекшеліктері, Алтай тауының географиялық орны, геологиялық құрлысы, климаты. Табиғат зоналары туралы түсінік беру.

Кілт сөздер: Алтай, таулар, аймақ, өзен, көл, шың, мемлекеттер, халық

Алтай-алтай таулары шынында да таулар ақ қой шіркін, әлде бір құдірет күшімен іріктеліп қойғандай шетінен әсем әр бірі асқақ та әр қилы арасында баурайын қылқан жапырақты қалың орман жапқандай оның іші ұшқан құс жорытқан аңның да жайлы мекені болғаны да аз емес. Керек десеңіз шыңынан төмен қарай тік жарға бағыттанып екі аяқты адам түгілі төрт аяқты түз тағысының өзі еркін жүре алмайды тек қауіпті құз шатқалдарынан қаланғандарыда көп кездеседі. Арасында ағаш өспек түгілі шөпте шықпайтын жыртылаған тас секілді шывңға шаршылаған шатқалды таулар да алтай тауының ажырамас бір бөлігіне айналып алыстан мен мұндайды.

Ғажабы сол бір жынысты тау болғанымен құрылымы жағынан мүлде ұқсамайтын алып таулар бірімен бірі қатар жалғасып ұлы Алтайдың асқарлы тауларын құрап тұр.



Сурет 1. Алтай тау бөктерлері

Түркі халықтарының алтын бесігі саналатын Алтай өңірі – ерекше аймақ. Үстінен төрт елдің — Қазақстан, Моңғолия, Қытай және Ресейдің шекаралары өтіп жатса да, таудың төрт жағын түгел қоныстап отырған негізгі халық — қазақтар.

Алтай ерекшеліктерге толы тылсым дүние. Ең бірінші әсем де ерекше жерлерінің бірі **Қызыл Чин немесе Алтай Марсы** сыртқы түрі бойынша таңғажайып жер. Бұл Батыстың каньондары мен Марс пейзаждарын бір мезгілде еске түсіреді. Алтай Марсы Қош-Ағаш аймағында, Шаған-Ұзын ауылынан бірнеше шақырым жерде орналасқан [1].



Сурет 2. Қызыл Чин немесе Алтай Марсы

Екінші ерекше орын- Ақташ ауылының жанындағы-**гейзер көлі (көгілдір көл, күміс көл)**. Гейзер көлі тек қана бірегей - сұлулығы жағынан сирек, таза, қыста да қатпайды. Ол әрқашан Ғарышқа таңғажайып көгілдір түсті «жердің көзі» ашық. Көл айнасында дөңгелек немесе сопақ дақтарды көруге болады, олар шын мәнінде көл түбінде болып жатқан процестердің көрінісі ғана. Онда, жұмбақ тереңдікте мезгіл-мезгіл көкшіл саз бен құм қоспасын су бетіне лақтыратын «гейзерлер» өмірге келеді, олар көл түбінде көрінетін концентрлік шеңберлерді құрайды.



Сурет 3. Гейзер көлі

Үшінші жер-Алтай Республикасының оңтүстік-шығысында, Шуя өзенінің орта ағысында, **Құрай және Солтүстік Чуй** жоталарының аралығындағы тау аралық алабы.



Сурет 4. Құрай және Солтүстік Чуй

Қамысты сарқырамасы — Алтай Республикасы Шебалы ауданындағы Қамысты өзенінің (Катуньнің сол жақ саласы) сағасына жақын жердегі сарқырама.



Сурет 5. Қамысты сарқырамасы

Аққулы көл – Алтай өлкесінің Совет ауданындағы көл. Ол аққулардың жаппай қыстайтын жері ретінде белгілі [1].



Сурет 6. Аққулы көл

Паьмос аралы-Чемал ауылының шетіндегі қарапайым Патмос аралы жыл сайын мыңдаған туристерді, сенуші христиандар мен жас жұбайларды тартады.



Сурет 7. Памьос аралы

Қорытынды: Алтайда жауын-шашын мол болғандықтан, өзендер, көлдер көп. Таудың ортасында,

1449 метр биіктікте ерекше көзге түсетін Марқакөл көлі бар. Көлдің тереңдігі - 27 метр. Оған 27 кішігірім өзен келіп құйып, жалғыз Қалжыр өзені ағып шығады. Осындай сұлу табиғатты қорғау мақсатымен Марқакөл қорығы ашылған [1].

Алтай тауы қазба байлықтармен де бағаланады. Тіпті олардың біздің заманымызға дейін пайдаланылғаны дәлелденген.

Әдебиеттері:

1. Қазақстанның физикалық географиясы, Алматы: Атамұра 2008

ӘОЖ 94(574):32

ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ – САЯСИ ҚАЙРАТКЕР ЖӘНЕ ҰЛТ ЖАНАШЫРЫ

Файыз А., «Ұстаз» институтының «Физика және IT» кафедрасының 1 курс студенті, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ, aslanfaiyz26121993@gmail.com

Идрисова Г.Б., «Тарих және география» кафедрасының аға оқытушысы, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ, gulzhan0573@mail.ru

Аннотация: бұл мақалада ұлт жанашыры, халқымыздың аяулы перзенті, көрнекті мемлекет қайраткері Тұрар Рысқұловтың өмірбаяны, қызмет жолы, ұлтымызға сіңірген еңбектері баяндалады. Сонымен қатар қазіргі қоғамда ұлт жанашыры Т.Рысқұловтың өте кіші масштабта насихатталуы кеңінен қозғалады. Мектеп оқулықтарындағы олқылықтар ашық көрсетілген.

Кілт сөздер: Тұрар Рысқұлов, тарих, әдебиет, ұлт, қоғам, оқулықтар.

Бала Тұрардан – Түркістанның Ұлы қайраткері Тұрар Рысқұловқа дейін.

1894 жылы 26 желтоқсанда Жетісу облысы, Верный уезінің Шығыс-Талғар болысында кедей шаруаның отбасында дүниеге келді. 1905 жылы әкесі Рысқұлға жала жабылады. Әділетсіздікке шыдамай Рысқұл болыс Саймасай Үшкемпіровты атып өлтірген соң абақтыға жабылады. 1905-1906 жылдары Тұрар әкесімен бірге Верный түрмесінде болады. Әуелде түрменің ауласын сыпырған Тұрар артынан Приходьконың баласын күймемен гимназияға таситын болады. Күндіз осындай жұмыстарды атқарып, кешке әкесінің жанына келіп жатып жүреді. Рысқұлмен бірге түрмеде жатқан революционер Александр Бронников Тұрардың қайсар мінезін, алғырлығын байқап, оған назар аударып бастайды, орысша сауат ашқызып, жазу, сызу үйретеді.

Соттың үкімімен әкесі Иркутскіге 10 жылға жер аударылғаннан кейін Тұрар қарындасы Түйметай екеуі өгей шешесі Избайшаның қолында өседі. Қиыншылықтың дәмін осылайша бала кезінен татып өскен Тұрардың бойында әлеуметтік әділетсіздікпен қоса, ұлттық езгіге қарсы күрес рухы да ерте оянады. 1907-1910 жылдары Меркідегі орыс-қазақ мектеп-интернатында оқиды. 1910-1914 жж Пішпек ауылшаруашылық мектебінде оқып, бағбан мамандығын алып шығады. 1916 ж Ташкенттегі мұғалімдер институтына қабылданады. Ұлт-азаттық көтерілісі кезінде оқуын тастап, Меркідегі көтерілістің саяси бағыттаушысы болады. 1917 жылы Әулиеата уезінің Меркі ауылында «Қазақ жастарының революциялық одағын» құрады. 1918 жылы күзде Кеңестердің Түркістан орталық атқару комитетіне қызметке шақырылып, Ташкентке ауысады. Түркістан АКСР-і денсаулық сақтау комиссары болып тағайындалады. 1917-1918 жылдардың қысы аса ауыр жағдайда өтті. 1917 жылдың күзіне таман басталып, 1918 жылдың қыс айларында үдей түскен ашаршылыққа ең алдымен уездің көшпелі халқы ұшырады. Осы ашаршылықта тікелей Тұрар Рысқұловтың басшылығымен 1 млн аса адамды ашаршылық құрсауынан алып шығады.

Жиырма бес жастағы Тұрар Рысқұловты РК(б)П Орталық Комитеті Мәскеуге шақырып, Ұлттар Істері Халық Комиссарының орынбасары етіп бекітеді. Тұрар Рысқұлов жаңа қызметке келісімен, әр Республиканың атақоныстық жерлерін анықтап, әр ұлттың өз атауымен атауды Үкімет алдында шешіп алуды кезек күттірмейтін мәселе етіп қойды. Әйтпесе орыстар Орта Азиядағы қазақ, өзбек, қырғыз, тәжік, қарақалпақ, түрікмен, ұйғыр, дүнген және т.б ұлттарды менсінбей юморлап түгелдей «киргиз» деп атайтынды. Тұңғыш рет мұның бәрінің өзді-өзінің ұлттық атымен атап, жігін ажыратып берген Тұрар болды. Мұны-бір деңіз.

Екінші. Тұрар Қазақстанға талай келіп қазақ зиялыларымен, әлденеше рет кеңес өткізіп, ата қонысымызды біліп алды. Қазақ зиялыларының айтуы бойынша, Семей, Өскемен, Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстары Сібір ревкомына қарап, орталығы Омбы қаласы болған екен. Т.Рысқұлов Мәскеудегі Орталық Үкіметтің алқалы мәжілісінде баяндама жасап, бұл өңір ежелден қазақтың жері екенін дәлелдеп, Қазақстанға қайтартты. Сол секілді Орал губерниясын, Сырдария облыстары мен Қарақалпақты Қазақ АССР-ның құрамына енгіздірді; Бөкей ордасын, Адай болысын, Маңғыстау уезін, Қостанай округін, Астрахань губерниясының Атырау жағалауын ежелгі қазақтың жері екенін географиялық, экономикалық, саяси және заңды жағынан дәлелдеп Қазақстанға қосқызып заңдастырып берді. «Турамышта туғаның болмасын» деген осы. Егер Тұрар Рысқұлов Мәскеудегі Орталық Үкімет Басында болмағанда, Қазақстанның көп жері Ресейге өтіп кеткен болар еді. Бұғанда шүкір делік

Тұрар Рысқұлов 1922 жылы Түркістан Автономиялық Республикасының Халық Комиссарлар Кеңесінің Төрағасы болып тағайындалады. Ташкентке келісімен В.И.Ленин тапсырысымен Орта Азия мемлекеттік университетіне ашады. Сол кездері Орта Азия мен Қазақстанда жоғары оқу орны мүлдем жоқ-тұғын. Тұрар осы елдердің болашағын ойлап кеткенде, ой түбіне жете алмайтын. Барлық мамандар – инженер, агроном, зоотехник, дәрігер, экономист, заңгер, философ, журналист, мұғалім және т.б кадрлар дайындайтын жоғары оқу орындары Ресейде көп ақ. Тұрар Рысқұлов жылма-жыл Мәскеудегі Орталық Үкіметтен рұқсат алып, Орта Азия жастарын оқуға аттандырып отырған.

Осы тұста тағы айта кететін жайт М. Әуезов жайлы. Абайды Абай еткен Әуез деген халық арасында сөз бар. Расында «Абай жолы» арқылы бүкіл әлем қазақты халық бар екенін біліп, салт дәстүрімізбен танысып жатты. Алайда Әуезді Әуез еткен Т.Рысқұлов. Себебі 1923 жылы Түркістан Республикасының қаулысымен арнайы стипендия тағайындап, Тұрар өз қолымен Ленинград университетіне оқуға түсірген.

Тұрар «алашордашыларға» қалай көмектесті? Ең әуелі Тұрардың өскен ортасы мықты болды. Өмірдегі үзеңгілес серіктері де осал болған жоқ: Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Халел Досмұхамедов, Ораз Жандосов, Сұлтанбек Қожанов, Нәзір Төреқұлов, Санжар Асфандияров, Нығмет Нұрмақов және тағысын тағылар. Әйгілі Мұхтар Әуезов екеуі сырлас болды. Әңгімесіне құлақ түріп, әкесі Рысқұлдың ноктаға сыймас тағдыры туралы қаламгер «Қараш-Қараш оқиғасын» өмірге әкелгенде тамаша туындыны ерекше толқыныспен оқыған Тұрар егіле жылаған екен. «Алашордашыл» деген айыппен қуғындалған Мұханды абақтының азабынан арашалап алып, суық тиген өкпесін емдетіп қайтуға Қырымдағы шипажайға жолдама әперіпті. Ахмет Байтұрсыновты да екі рет түрмеден құтқарып қалған. Тұрар онымен бірлесіп, «қазақ халқының отаршылдық саясаттан қысым көріп жатқаны жайлы» Ленинге ашық хат та жазған. Димекенді, Дінмұхамед Қонаевты «байдың баласысын» деп Мәскеудегі түрлі-түсті металдар институтындағы оқуынан шығарғалы тұрған тұста Тұрар көмектесіпті. Қаржылай да қарасқан. Қаныш Сәтбаевқа да көп қамқорлық жасаған. Теміржол құрылысын қажетті шикізаттармен жабдықтайтын 26 өндіріс ошағының сол кезде жаңадан ашылған Тұрардың елге сіңірген еңбегі өлшеусіз екенін білдірмей ме? Орта Азияның өндірісін өрге сүйреген сондағы 26-ның біреуі – Түлкібас әк зауыты күні кешеге дейін даңқы дүркіреп жұмыс істеп тұрды [1].

Т.Рысқұлов жайында, ол тұлғаның қазақ халқына жасаған қызметтері жайында сөз қозғасақ айтып тауыса алмаспыз, бұл тек бізге белгілі ақпараттар ғана. Менің ойымша әлі де қазбалап, тағы да Т.Рысқұловты кеңінен зерттеу керек деп ойлаймын. Жалпы ол тұлға жайында Ш.Мұртазаның «Қызыл Жебе» романыда жазылды, газет беттерінде талай мақала да шықты, ғылыми зерттеулер жазылды, фильмде түсірілді. Алайда өзекті мәселе болып тұрғаны мектептегі оқулықтардағы олқылықтар. Кітап беттеріндегі мәліметтер өте аз.

Зерттеуімді ең бірінші өзім түлеп ұшқан, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Абай ауылы, Абай атындағы орта мектебінен бастадым. Дәлірек айтсам әдебиет пәні мұғалімдерімен сұқбаттастым. Олар Мәмеева Фарида, Құлжабаева Ләззат. Бұл аты аталған мұғалімдер осы мектепте 25 жылдан аса еңбек өтілі бар. Негізгі мақсатым Т.Рысқұлов жайында әдебиет пәнінде қаншалықты деңгейде оқытылатынын білу. Белгілі болғаны Ш.Мұртазаның «Қызыл Жебе» романы, 5-ші сыныпта «Бала Тұрар» деген азғантай тақырыпта оқытылып өтеді. Т.Рысқұлов әдебиет пәніне арнап ешқандай материал жазбағандықтан, ол кісіні оқытпайтын болып шықты. Иә Т.Рысқұлов тарихи тұлға, оның тарих пәнінен оқытылуы заңдылық. Жарайды ендеше Қазақстан тарихы пәнінің мұғалімдерімен сөйлессек. Ол кісілердің айтуынша оқу жоспарында Т.Рысқұловқа арнайы сағат бөлінбегені айтылды. Ал ең сорақысы кітап беттеріндегі ақпараттар. Ендігі кезекте кітап беттеріне үңілсек. Жалпы Қазақстан тарихы пәні 5-9-шы сыныптар арасында, ежелгі тас ғасырынан бастап қазіргі таңға дейінгі оқиғалар мен тарихи кезеңдерді қамтып оқытады. Тек 9-шы сыныпта, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістен бастау алады. Енді кітап бетіне үңілсек. Қазіргі таңда мектеп табалдырығында 2019 жылы теріліп, «Мектеп» және «Атамұра» баспаларынан шыққан кітаптар оқытылуда. «Атамұра» баспасы, 2019 жылы «Жалпы білім беретін мектептің 9(8) сыныбына арналған» ХХ ғасырдың басынан Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғанға дейін. Авторлары: Қабылдинов З.; Шаймерденова М.; Куркеев Е.; «Мектеп» баспасы 8-9 сынып. Авторлары: Өскембаев Қ.С.; Сақтағанова З.Ғ.; Зуева Л.И.

Бұл екі баспадан шығатын кітаптарда Т.Рысқұлов жайлы мәліметтер өте аз. Тек төрт бетте, бір сөйлемнен ғана берілген. Сорақысы сол 236 беттік кітапта ұлы тұлғаға 5 сөйлем қиыппыз. Демек Т.Рысқұлов жайлы жастарымыз арасында насихаттау, дәріптеу ақсап тұр. Мектептерде әдебиет

пәнінде «Алаш» зиялыларын ғана оқытады, заңдылық олай болуыда. Себебі А.Байтұрсынұлы бастаған қайраткерлер әдебиетке өшпес із қалдырды. Және осы зиялылар толығымен Қазақстан тарихында да оқытылады. Осы жерде көңілге күмән келеді! Біздер Т.Рысқұловқа қиянат жасап жатқан жоқпыз ба? Неге Қазақстан тарихы 20-шы ғасырда дегенде, бірден ойымызға Алаш зиялылары оралады. Неге Т.Рысқұловтың ұлтымызға жасаған қызметтерін көп насихаттамаймыз? Меніңше ол кісіге арнайы бағытталған идеологиялық, саяси іс-әрекеттер жасалынып жатқандай. Ол кісіні қолдарынан келсе Тарих пәні кітабына енгізгілері келмейді? Т.Рысқұловтың статусын төмен көріп, алшақтатады. Жоғарыда айтылғандай Т.Рысқұлов туралы роман жазылды, кино түсірілді, талай мақалалар газет беттеріне шықты, әртүрлі кітаптар басылды. Олардан не пайда егер мектептен, негізгі өзегімізден білім сәулесін шашпасақ. Тағы сорақы ақпарат сол оқулықтарда. Мемлекетімізде әр төрт жыл сайын кітап ауыстырылып, жаңа баспадан шығып отырады. Қазір 2019 жылғы баспадан шыққан кітаптар қолданыста. Алдыңғы оқулықтар 2015, 2011 жылғы еді. Оларда да осы жағдай. Енді 10-11 сыныптарға тоқталсақ. Мектеп оқушылары 10-шы сыныптан бастап екі бағытқа бөлінеді: жаратылыстану-математика, қоғамдық-гуманитарлық. Алайда бұл сыныптарға арналған оқулықтарда да жарытып ештеңе айтпаған [а. Файыз А.].

Әдебиеттер:

1. «Аңыз адам» журналы, № 10 саны (22) мамыр 2011 ж.

ӨОЖ 94 (574). 05

ХАҚ-НАЗАР ХАН ТҰСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ САЯСИ ДАМУЫ

Райсов А., тарих мамандығының 2 курс студенті, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., asanali.raisov@mail.ru

Кобесова А.С, аға оқытушы, тарих магистрі М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Гуманитарлық әлеуметтік ғылымдар факультеті, Тарих және география кафедрасы Тараз қ., kobesovaa@bk.ru

Аннотация: Хақ-Назар хан тұсында Қазақ хандығының қуаты өсіп мемлекет ретінде нығайып тарихқа мәлім. Хақ-Назар хан өзінің саясаткерлігі арқылы көршілес мемлекеттермен жақсы қарым-қатынас құрып, халық үшін ауыр бытыраңқылықтан кейінгі кезеңде мемлекеттік шекараны сақтауы, мемлекетінің пайдасы үшін дұрыс шешімдер қабылдап, Қазақ хандығының Орта Азияда үлкен саяси күшке ие болуы, Сыр бойындағы кейбір қалалар Қазақ хандығының қатарында болуы тікелей Хақ-Назар хан арқасында болды. Менің ойымша, Хақ-Назар хан тұсында болған оқиғалардан сабақ алуға міндеттіміз.

Кілт сөздер: Хақ-Назар, геосаяси, Ресей патшалығы, Өзбек мемлекеті, Қазақ хандығы, Ноғай ордасы, мырза, қолдау, хат

Хақ-Назар хан өзінің әкесінің Қасым ханның ең жақсы жақтарын өзіне ала білді. Елдегі болған бытыраңқылық жағдайды Тоғым, Ахмет, Бұйдаш хандардың иеліктерін біріктіріп Қазақ хандығын жандардыды. Қасым ханның ізбасары ретінде оның басқа мемлекеттермен саяси қарым-қатынас ұстануын жалғастырды. Көрші мемлекеттер: Ноғай ордасы, Өзбек және Орыс мемлекеттерімен қарым-қатынасты өзінің міндеті деп қана білмей, оның өмір сүрген уақытына сай жағдайларға байланысты бейімдегіп, Қазақ хандығының геополитикалық тұтастығын сақтап қана қоймай, оны одан әрі нығайтуға бар ерік-жігерін жұмсады.

Қазақ хандығының саяси ықпалының дамуы Өзбек елімен, Ноғай ордасында болған саяси жағдайларда және Ресей патшалығының саясатында көріністер тапты. Еліміздің хандығы кезеңінің біртұтас кезеңі XV ғасырдың ортасынан XVIII ғасырдың басына дейінгі аралықты қамтығаны бәрімізге белгілі. Тәуке ханның билігі мен өлімінен кейін екінші кезеңнің, шашыраңқылық кезеңінің басталғаны тарихтан белгілі және білеміз. 250 жылдан астам арлығын қамтыған уақытқа созылған бастапқы уақытта Қазақ хандығындағы ел билеуде он жеті хан билікте болғаны тарихтан белгілі болып отыр. Алғашқы уақыт XV ғасырда үш хан (Керей

хан, Жәнібек хан және Бұрындық хан) және одан кейінгі уақытта XVII ғасырда – бес хан, және содан кейін XVI ғасырда тоғыз хан биліктің тізгінін ұстағаны жөнінде деректер бар. Осы тұстарда билік басына отырып ел билеген хандардың XVI ғасырдағы тоғыз ханның бірнешеуінің ғана есімдері қазақ тарихында ерекше айтылатынында белгілі. Олар дара басшылық жасаған – Қасым хан, Хақ-Назар хан және Тәуекел хандар болып табылады бұл мәліметтерді мен Берекет Кәрібаев ағамыздың жазған «Қазақ хандығының құрылу тарихы» деген еңбектерінен оқыдым бұл кітапта қазақ елінің алғашқы хандық болып құрылуынан бастап өрбіп дамуы мен бытыраңқы болған және қайта дамыған аралықтар қамтылған және осы қазақ хандығының тарихында өзіме қатты ой қалдырған Хақ-Назар ханға қатысты көптеген мәліметтерді басқа да кітаптардан жинақтадым.

«Хақназар хан (парсы деректерінде – Хак-Назар, Хакназар, орыс деректерінде – Ак-Назар деп жазылады) – Қасым ханның кіші ұлдарының бірі. Қасым ханның үлкен ұлдарының бірі – Мамаш хан, ол туралы дерек мәліметтерінде азды-көпті айтылады. Қадырғали Жалайырдың мәліметі бойынша оның анасының есімі – Ханық сұлтан ханым. Хақназар ханның нақты қай жылы дүниеге келгені белгісіз, бірақ Т.И.Сұлтанов: «Мұхаммед Хайдар Дулати бойынша Қасым хан 1518 жылы қайтыс болған, олай болса Хақназар – хан 1519 жылға дейін дүниеге келген», – деп есептейді. Ал ортағасырлық тарихшы Гаффаридің 1564/65 жылы жазылған шығармасында Қасым ханды 1523-1524 жылы (хижра бойынша 930 жыл) қайтыс болған деп көрсетеді. А. Исин орыс деректерінің мәліметтеріне сүйене келе, Қасым ханның қайтыс болған жылын 1521 жыл деп нақты көрсетеді. Біз Хақназар ханды дәл мына жылы дүниеге келген деп айта алмаймыз, тек болжам ретінде 1510-1520 жылдар аралығында өмірге келген деп санаймыз. 1521 жылы Қасым хан қайтыс болып, оның мұрагері Мамаш бір жылдан кейін тақ үшін таласта қарсыластарының қолынан қаза тапты. Қарсыластар жап-жас Хақназарға да қауіп төндірсе керек. Қасым хан әулетіне адал берілген адамдар Хақназарға төніп келе жатқан ажалдың бетін бұрғызып, жас баланы ноғай мырзасы Шейх-Мамайға ұзатылған әпкесінің қолына барып паналатады. Хақназар ханның жас кезінде ноғайлар арасында болуының себебін біз осындай жағдайлармен түсіндіреміз. Хақназардың ноғайлар арасында болуы шамамен 15-16 жылға созылады [1].»

Осы бір қазақ алқы үшін XVI ғасырдың орта шенінде Қазақ хандығымен көршілес отырған Сібір ханы мен Моғолстан билеушілерінің қазақтарға қарсы шапқыншылықтары жиілеп кетіп ел берекесін кетіргені де бізге мәлім. Бұл тарихи-саяси жағдайды дұрыс түсінген Хақ-Назар хан Қазақ хандығының сыртқы саясатын өзгертті және барынша осы бағытта қызмет жасады. Ертеден жауласып келе жатқан Шайбани хан әулетімен қатынас орнатуға ұмтылуында осы да еді. Тарихта Ташкент қаласын басып алуға бағытталған соғыс қимылдарын тоқтаттырып қойғаны да бар. Сөйтіп Бұхар ханы II Абдаллах пен қазақ ханы Хақ-Назар хан «Дос болып, өзара көмектесу» жөнінде «ант беріскен шарт» жасасқаны туралы деректерде көрсетілген. Хақ-Назар ханның бұл дипломатиялық шарасы халық құптаған, тиімді бағыты болды. Нәтижесінде соғыс қимылдары тоқтап, бейбітшілік орнайды. Қазақтар мен өзбектердің арасында сауда-саттық қарым-қатынасы ұлғайады. Екі ел арасында шаруашылық байланыс одан әрі өрістей түскені де бар. Бұл саясат Қазақ хандығының ішкі-сыртқы жағдайын жақсартуға, шаруашылықтың оңалуына, өркендеп, өсуіне тиімді әсер етті. Қазақ хандығы нығая түсіп ар қарай дамуға бет алады. Алайда Өзбек ханы Абдаллах пен Ташкент маңын билеуші Баба сұлтан арасында билік үшін талас қайта басталады. Хақ-Назар бұл таласты пайдаланып, оларды әлсірету үшін жасырын түрде екеуін де қолдайды. Өзін қолдағаны үшін Абдаллах хан оған Түркістан аймағындағы бірнеше қаланы сыйға бергені де тарихтан мәлім. Ал Баба сұлтан да өзін қолдағаны үшін Түркістан, Сауран қалаларын қазақ ханына сыйға береді [2].

Ноғай мемлекетінде болған Ресей патшалығының елшісі Данила Губиннің 1535 жылы жазылған хатында былай хабарланған: «Ал қазақтар, Патша ағзам, өте күшті деседі, Ташкент ханзадаларымен соғысты деседі, олармен екі рет шайқасты, қазақтар оларды талқандады деседі» және Данила Губиннің 1535 жылы 2 мамырдағы басқа хатында былай деп жазған: «Алмай мен Жүсіп және олармен және олармен бірге көшіп жүрген өзге де Ноғай мырзалары, Жайықтың арғы жағындағы Жем өзенінде күзетте тұр, бүкіл қыс бойы қазақ ордасынан қорғанады» [3]. Мәскеуге қазақтар туралы Ноғай мырзаларынан жетіп тұрған хабарлар туралы Қазақстан тарихы 2 томда жазылған «1537 жылы Ноғай мырзасы Жүсіп IV Иванға жолдаған грамотасында: «Ал

егер Қазақ ордасымен соғысу керек болса, мен қазір де Жайықтың арғы жағындағы Елек өзенінде көшіп жүрмін», деп хабарлаған [4].

Еліміздің хандық тұсындағы уақытша әлсіреу аралығын Ноғай Ордасы тез пайдалануға барынша тырысып бақты. Бұл мәліметтер жайында В.В.Трепавлов өз еібектерінде былай деп жазған екен: «Ноғай соғысының ноғайлар үшін болған нәтижелерінің біріне қазақ тағын иеленуге мүмкіндіктің тууы жатты сол себепті де олар әрекет ете бастады алайда тура осы тұста қазақ хандығын билеу үшін таққа Хақ-Назар хан отырғызылады». Бұдан біз Хақ-Назар ханның Қазақ хандығының билеу тағына келген жылы яғни отырғаны – 1538 жыл деген пікірді жақтаушы ғалымдарды қолдаймыз. Тарихи тұлға Хақ-Назар ханның Қазақ хандығының «қайта өрбу» кезеңіндегі басқарған саяси бағытына азды-көпті тоқталып өтсек дейміз.

Ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда Хақ-Назар хан билік жүргізу кезіндегі Қазақ елінің сыртқы саяси бағытының белсенділігі XVI ғасырдың екінші жартысынан бастап айқын көрініс таба бастаған. Бір туар тұлға қазақ елінің басқаруындағы Қасым ханнан кейін Қазақ хандығында қалыптасқан ішкі саяси күйзелісті көршілері барынша пайдаланса XVI ғасырдың екінші жартысының алғашқы тұстарынан-ақ Хақ-Назар хан көршілес отырған елдерді де дәл солай өз пайдасына барынша қолдануға тырысып бақты және Хақ-Назар ханның қолынан келді. Осы тұста Қазақ хандығының батыстағы орналасқан көршісі – Ноғай Ордасында, оңтүстіктегі басты қарсыласы – Мәуеренәхрдағы Шайбан әулетінде және Шығыс Түркістанда шағатайлық Абд ар-Рашид ханның қайтыс болғанынан кейінгі қалыптастырылған ішкі және сыртқы саяси шиеленістер Қазақ еліне бұрынғы осы тұсқа дейінгі беделдері мен саяси бағыттарын қалпына келтіруге мүмкіндіктерді бере бастады. Мұндай қалыптасқан жағдайларды Хақ-Назар хан көршілес елдерде қалыптасқан саяси бытыраңқылықты барынша шебер пайдалана отырып қазақ халқы үшін этникалық аралық аумағын қайта өрлетуге кірісті. еліміздің этникалық аумағын біріктіру дегеніміз ол көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы мен айналысатын қазақ қоғамының өмір сүру кеңістігін яғни шаруашылық үшін қажетті маусымдық жайылымдар мен көшіп-қону жолдары мен бағыттарын соны мен қоса сауда орталықтарын бір тұтас этно саяси кеңістікке біріктіру болып табылғандығында еді.

Ноғай мырзалары ұлыстардың, Ноғай ордасынан бөлініп, олардың қазақтарға қосылып жатқанын хабарлап отырды. Мысалы, 1557 жылы ноғай мырзасы Ысмайл IV Иванға: Қазір менің немерелерім де Жайықтың арғы жағында қалып, қазақ патшасына қосылды, сөйтіп менімен соғысу сәтін күтіп жүр деп шағым айтқан. Осы хабарлар Хақ-Назар бастаған қазақтардың саяси беделділігінің өсе түскендігін дәлелдей түскені анық [5].

Есімдері аталған хандардың билік басына келіп ел тарихында атқарған рөлдері өте маңызды дегенмен де XVI ғасырдың екінші онжылдығында атағы ел тарихында қалған Жәнібек ұлы Қасым хан қазақ елінің туын биікке көтеріп қазақ халқын бүкіл Орта Азия мен әлемге танытса, оның ізбасар ұлы Хақ-Назар хан сол уақыттың орта тұсы мен екінші ширегінде елдің жығылған жалауын қайта көтеріп еліміздің ары қарай алға жылжуына барынша еңбек еткені тарихтан мәлім. Тарихи тұлға Хақ-Назар хан қазақ халқының басын біріктіруші тұлға ретінде есімін тарихта қалдырды. Ол 42 жыл ел басқара отырып халықтың әл-ауқатында назардан тыс қалдырмаған билеуші тұлға деп білемін. Қазақ хандығының құрылудағы тарихын алғашқы зерттеушілердің бірі – В.В.Велья-минов-Зернов Хақ-Назар ханды қазақ хандығының тарихындағы «қайта өрлеудің» басты тарихи тұлғасы деп бағалап баға берген. Мұндай бағалаудың XIX ғасырдың 60-шы жылдары берілген бұл тарихи баға осы күні бүгінге дейін маңызын жоғалтпай келген бағалаулардың бірі және осымен қатар Хақ-Назар хан Қазақ хандығының біртұтас кезеңіндегі ел тарихындағы ең ұзақ ел билігін ұстаған басқарушы ретінде белгілі екеніде баршамызға мәлім.

Әдебиеттер:

1. Егемен Қазақстан // Берекет Кәрібаев. «Хақназар хан жөнінде» 2018 ж. 14 қыркүйек <https://egemen.kz/article/174389-bereket-karibaev-khaqnazar-khan-dgoninde>
2. С. Жолдасбайұлы «Ежелгі және орта ғасырдағы қазақ елінің тарихы» - Алматы «Кітап» баспасы 2010 ж. 333-б. 279-б.

3. Қазақстан тарихы (Көне заманнан бүгінге дейін) Бес томдық. 2-том. –Алматы: «Атамұра» баспасы 2010 ж. 689-б. 393-б.
4. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық. Қазақстан XIII-XVIII ғасырлардың алғашқы ширегінде. 2 кітап/ Т.Омарбеков, Б.Б. Кәрібаев, Н.Д. Нұртазина, М.С. Ноғайбаев [және т.б.]. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 306 б. 203-206 беттер.
5. Егемен Қазақстан // Жылқыбай Жағыпарұлы «Қазақ хандығы» 2015 ж. 7 қаңтар <https://egemen.kz/article/36291-qazaq-khandyghy>

ӘОЖ 316.346:7

ҚАЗІРГІ ЖАСӨСПІРІМ БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН ӨНЕРГЕ ҚҰШТАРЛЫҒЫ

Дурсунова Э., 2 курс студентті, В21КДР -1 мамандығы,
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университет, dursunova.esmer@mail.ru
Иманбаев А.А., «Философия және саясаттану» кафедрасының аға оқытушысы,
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университет, oskar1962-1990@mail.ru

Аннотация: Мақалада қазіргі, жасөспірімдердің рухани құндылықтарың дамыту негізгі мәселесі талданды. Бұл мәселеге байланысты Қазақстан мемлекетінде «Рухани жаңғыру» стратегиялық бағдарлама құрылып отыр. Ол бағдарламаның мақсаты және нәтижесі жастардың рухани құндылықтарың дамыту болып табылады.

Кілт сөздер: Құндылық, жасөспірім, философия, әлем, болашақ, адам, өмір, тәрбие, қоғам, рухани құндылық, ұлттық құндылық.

Құндылық - бір нәрсенің мәнділігі, маңыздылығы,оның қалаулығы,пайдалылығы және де қымбаттылығы. Қазіргі, жасөспірімдердің рухани құндылықтарың дамыту негізгі мәселе. Сол себептен Қазақстан мемлекетінде «Рухани жаңғыру» стратегиялық бағдарлама құрылып отыр. Ол бағдарламаның нәтижесі жастардың рухани құндылықтарың дамыту болып табылады.

«Құндылықтар адам өмірінің бағытын анықтайтын,ал керек мәнді құрмет тұтатын сала. Құндылықтар әлемінің өмір сүруінің терең себептері адамның өзінде,оның саналы пенделігінде, өмірдің мән-мағынасын іздеуінде жатады. Өйткені адам ерікті пенде,ол өз тағдырын өзі күнделікті өмірге келетін мүмкіндіктерді таңдау арқылы жасайды» [1].

Мүмкіндігінше өмірдің мәні туралы ойлаудың да пайдасы зор. Бұл өзінді түсінуге, алдыңа нақты мақсаттар қоюға,және де оларға жету жолында бар күш-жігерінде аямай жұмыс жасауға көмектеседі. Әр адам баласының өз өмірінің соңына дейін өмірдің мәнін іздейтіні мәлім. Оның мақсаты - өмір мәнін табуда жатқан болар. Өмірдің мәнін табу арқылы адамзат мәңгілік бақытқа қол жеткізуіде мүмкін емес.

«Адам баласы өз мүддесін іске асыру үшін алдына неше түрлі мақсат-мұраттар қояды» [1]. Яғни, мақсат-мұраттарын орындап, болашаққа деген зор үмітін арттырады.

Әр ұлттың рухани құндылықтары болады, ол құндылықтар халықтың ерекшелігінің көрсеткіші, оны сақтап қалуадамның қолында.

Бүгінгі өмір сүріп келе жатқан қоғамымызда жастардың қайсібірі рухани құндылықтарын оятып, күнделікті өмірде адами қасиеттерді пайдаланса ол қоғамның болашағы.

Ал ол құндылық іске асқаннан кейін өмірдің ең маңызды бөлшегіне айналады, содан соң құнды бір заттың бірі болып ұрпақтан-ұрпаққа келіп жетеді.

Өкінішке қарай, материалдық құндылықтарға құмартқан көпшілік бүгінгі таңда, соның шырмауынан шыға алмай жатыр.

«Материалдақ құндылықтар адамға өзін қорғауға, өзін-өзі ұстауға, өзін көрсетуге, өзінің негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыруға және де өмір сүруіне мүмкіндік береді. Олар олардың қызметтерін жеңілдетеді және көптеген жағдайлар дақоғамдағы орнын білдіреді» [2].

Ұлттық сананың өсуімен құндылықтарымызда дамыйды. Ұлттық сана ұлтты құрайтын халықтың әр адамының жеке тұрмыс-тіршілігінің сыртында өз ұлтының мүддесін, халқының

тағдырын, ұрпағының болашағын ойлауқабілетінің ұлттық деңгейге көтеріліп, қоғамның рухани құндылықтарын дамытады.

Мемлекеттің негізгі мақсаты - қазіргі жасөспірім балалардың құндылықтарын, ой саналарының өсуін, алғыға қарай жетілуін, тәрбиелеуде. Бұл дегеніміз еліміздің болашаққа деген ұмтылысында.

Елбасымыз жазғандай: «Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни, одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады» [3]. Бұл қоғамның дамуының ең маңызды мәселесінің бірі«еліміз мықты, әрі жауапкершілігі жоғары бір тұтас ел болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы ой-пікірлері мен көзқарастарын ортаға салуда жөн»[4].

Қазіргі жас өспірімдердің құндылықтарын талдайтын болсақ бірінші орында тұратын-интернет желісі. Қазіргі қоғам-жаңа ақпараттық технологиялардың қоғамы және де 21 ғасырдың бұл ұғымы қоғамның дамуының жаңа дәрежесіне жеткізіп отыр.

Ақпарат пен алмасу қарым-қатынастар желісін орнату, жұмыс іздеу, білім алу мүмкіндігі және тағы басқа іс-әрекеттер шынайы әлемде жүзеге асатыны белгілі болып отыр. Интер жас өспірім балалар мен ересектердің ең сенімді құралына айналып отыр. Қазіргі таңда әлем халқының көрсеткіші бойынша 57% адам бетпе-бет емес интернет желісі арқылы сөйлесіп,хәл алмасып отырады. Ғаламтор желісінің шыққанына 10 жыл болса да ғаламтор желісін қолданбайтын адамды табу қиынның қиыны.

«Қазіргі кезде әлеуметтік желілер "Вконтакте", "Мой Мир", халықаралық "Facebook", "LinkedIn" және тағы басқалар кең таралған. Статистика бойынша, Қазақстандық интернет қолданушылардың 62,4% "Вконтакте" желісінде, 25,9% "Мой Мир" желісінде, ал 22,7% "Одноклассники" желісінде отырады.

Бұл ақпарат жастардың әлеуметтік желіде қаншалықты және қайда отыратынын көрсетеді. Көптеген жастардың ата-аналары бұл үрдістің әсерінен қауіптеніп отыр. Себебі, көбінесе 10-18 жастағы жасөспірімдер мұндай әсерге тап болады. Ал бұл жасөспірімдердің негізгі әлеуметтендіру, оның психика мен дүниетанымын қалыптастыру кезеңі болып табылады.

Статистикаға жүгінсек, жастардың 49,2% әлеуметтік желіні күнделікті, 19,7% аптасына бір рет және 9,1% айына бір рет тексереді. Бұл деректер ата-аналарды мазалап қана қоймай, психолог дәрігерлердің, мұғалімдердің де ойын қауіптендіреді. Себеі, бұл жастардың қоғамдық, психологиялық дамуына әсер етеді. Сонымен қатар, ғаламтор адамның физикалық денсаулығына ықпал береді.

«Мысалы, 15 жасар жасөспірім күніне 4 сағат экран алдында отырса, физикалық күшке тек шамамен 1 сағат қана уақыт бөлінеді. Әлеуметтік желі бос уақыттың көп бөлігін алатынына көз жеткіздік. Әлеуметтік желі көзбе-көз қарым-қатынасты ығыстырып қана қоймай, әуестікті де алмастырды. Әрине, ғаламтордың жақсы жақтары өте көп: үнемді байланыс құралы, аудио және видеоньң қол жетімділігі, ақпарат іздеу және алмасу мүмкіндігі және тағы басқа жақсы артықшылықтары бар. Бірақ, ол жастарды қоғамнан оқшауландырады, яғни жақындармен қарым-қатынас үзіледі, сенімсіздік пайда болады, алтын уақытын текке жұмсайды және сколиоз, арқа және нерв жүйесі сияқты ауруларға шалдығады» [5].

Әлеуметтік зерттеу жұмысын 2 курс студенттерінің арасында жүргізген кезде, құндылық не деген сұраққа жауап қатып, нәтижесі осындай болды:

Біріншісі, материалдық жағдайды 85% алға қойды.

Екінші курсқа әлеуметтік сұрақтармен зерттеу жүргізген кезде барлығы материалдық бөлшекке қызығатындары жайлы мысалдары арқылы айтып берген болатын.

Екінші,қазіргі жастарымыздың негізгі құндылықтары «Интернет желісі» 98% қызығады.

Үшінші, қазіргі жастардың дінге қызығушылығы 85%.

Төртіншіден, өнер. Өнер қазіргі таңда жастар арасында 40%-ды ғана алады.

Жастардың қазіргі бейімділігі шоуға айналдырып, бірден көтеріліп кетуінде, яғни, өнерге деген қызығушылықтары уақыт өткен сайын жоғалуда.

Сонымен, қатар құндылықтарымызды дамытатынның бірі – өнер. Себебі, халық өнері ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатыр, ол өшпейтін мұра-қазына.

Өнер-әр халықтың рухани құндылығы. «Өнер - адамзатты жер бетіндегі ең күрделі катаклизмнен құтқаратын жол» [5].

«Өнер - адамға рухани күш береді, ерекше қуаныш, сүйініш, толқу, өмірге деген құштарлық сезімін аялатады» [6].

Қазірге жастардың негізгі көрінісі депрессияға ұшырап, көңіл-күйі түсіп, болашақ өміріне күмән салады. Ахмет Байтұрсынұлының пайымдауынша: «Адам санасының мүмкіндіктерін зерттеу, оның өмірлік тәжірибесіне қажетті «Жан қоштау керегін» [6] насихаттайды», - деп осындай, мысал айтып кеткен болатын.

Сонымен, жас ұрпақты қоршаған ортаны тануға, қағаз бетінде әлем жаратылысы заңдылықтарын түсінуге, адамды бейнелеу білуге үйрету қажет. Мысалы, Ұлттық құндылықтарымызды дамыту үшін сынып сағаттары, баспа сөз және қабырға газеттері, бұқаралық ақпарат құралдары, тәрбиелік шаралар, шығармашылық жобалар, көп ұйымдастыру қажет, сонда біз құндылықтарымызды ұмытпай дамыта аламыз.

Болашағымыз болып табылатын жас ұрпақты тәрбиелей отырып, оған бүкіл адамзаттың жылдар бойы жинаған тәжірибе мен бай мұраларды беру қажеттілігі заман талабы. «Сонда барлық тәжірибеден берекелі дән өніп шығып, болашақ шығармашылар-ақын, суретші, әнші сазгер жүрегі мен жанын тербеп, жер бетінде бейбіт өмір мен үйлесімділік болуын қамтамасыз ету жауапкершілігін өзіне алады» [7].

Қазіргі жастарымызды ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу міндетін ешқашан ұмытпаған жөн. Себебі, қазіргі жастар уақыт өткен сайын, өз халықының құндылықтарын ұмытып бара жатыр. Ал бұрынғы өткен құндылықтар ол өткеннің тарихы мен қазынасы.

Ал біз ертенгі артымызда келе жатқан ұрпаққа қандай мұра қалдырамыз, оларға қалдыратын құндылықтарымыз болады ма? Деген сұраққа жауап беру қиынның қиыны деп санауға болады, сол себепті, жастар құрдан құр жатпай еліміз, жеріміз үшін қоғамымызды дамытуға ат салысуы керек.

Әдебиеттер:

1. Серік Мырзалы. Философия // «Құндылықтар әлемі» - Алматы «Қазақстан», 2014.-532б.
2. <https://kk.warbletoncouncil.org/valores-materiales-16677> –сайтынан
3. «Әлемнің жеті» <https://kk.m.wikipedia.org> сайтынан
4. Ж.Б. Бәйнешев. Педагогика және өнер кітабы, // «Ұлттық сана мәңгілік ел» // Алматы, «Мамыр-2», 1(93) 2022, 7-б.
5. <https://massaget.kz/> -сайтынан.
6. З. Айдарова, Л. Дирксен. Бейнелеу өнері кітабы, // «Адамның рухани мәнділігінің қалыптасуына суреттің әсері», «Фолиант» баспасы, Астана-2010, 41-42-43б.
7. Айгүл Ісімақова. Асыл сөздің теориясы кітабы, // «Ф.М. Достоевскийдің соңғы романы», «Таңбалы» баспасы, Алматы-2009, 6-б.

ӘОЖ 821.512.122:32

АБАЙДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК- САЯСИ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Құспанова А., «Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімін даярлау» мамандығының 2 курс студенті, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., akbota.kuspanova04@mail.ru
Танатаров Б.К., «Философия және саясаттану» кафедрасының аға оқытушысы, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., beriktanatarov9@gmail.com

Аннотация: Бұл мақалада Абайдың әлеуметтік- саяси ой- толғаныстары, көзқарастары өлең жолдарымен дәйектеледі. Мысал келтіре отырып, Абайдың өзі өмір сүрген дәуірдің қиыншылықтары, халықтың әл- ауқаты, тұрмысы зерттелді. Абай көзқарастары жан- жақты талданды.

Кілт сөздер: Абай, саяси көзқарас, қоғам, халық, әділет, би- болыс, саясат, әлеумет.

Абай лирикасы сан- салалы. Оны бірыңғай қайғының немесе қуаныштың, күлкі яки мұнның ақыны деп айтуға болмас. Себебі, оның өлеңдерінде махаббат, табиғат тіпті саяси-әлеуметтік лириканың лебі есіп жатады. Ол кеңестік дәуірдің жиырмасыншы жылдарынан бастап- ақ қызу талқыға түскен еді. Бүгінгі дейін Хәкім Абайдың пікірлерін жинастырып, Абайтануға үлес қосқандардың қатарында Мекемтас Мырзахметов пен Құлшат Өміралиевтердің деректері өте құнды. Мекемтас Мырзахметұлы Дархан Бейсенбекұлымен құрған сұхбатында Абайдың саяси көзқарастары жайында былай деген болатын: «Абай қазақтың, өз халқының мінез- құлқының өзгергенін, ұсақталғанын көзімен көрді. Міне, осыдан келіп оның жүрегінен зар шықты. Бұл да Абайдың қайғысына қайғы жамады.» [1]. Мекемтас ағамыздың мұндай пікір айтуына түрткі болған негізгі жайттарды бірге талдап көрелік.

Ұлы Абай өзі өмір сүрген жылдары халықтың әлеуметтік өміріндегі әртүрлі қайшылықтарды көріп, сынап айта отырып, сол заманның бейнесін ашты. Себебі, ол болып жатқан өмір құбылыстарын суреттемей, айналып- ақ өте алмады: шығармаларында қарым- қатынасын танытты, талдады. Абай халықтың ауыр тұрмысынан қалай шығу керектігін нақты көрсете алмады. Сол себепті, оның басты саяси көзқарастары бай мен кедейге ақыл айтып, халықты еңбекке, елдің ертеңіне сенуге шақырумен ғана тынады.

Абайдың билік басындағыларға, болыстарға әділеттілігін Мұхтар Әуезов жазған «Абай жолы» романындағы келесі диалогтармен дәйектесек:

-Білем, мені сіз болсаңыз сайламас едіңіз, бірақ ел сайлаған.

-Сені ел емес, малың, параң сайлаған.

-Оны да маған көп көрген екенсіз ғой?

-Татымсызға тиген болыстық та, қор болған болыстық.

-Жарайды, тартысып көрерміз. Татыған- татымағанды ертеңгі сайлау көрсетер! Тек сол жерден кездесіп бағыңыз!..

«Болыс болдым мінекей

Бар малымды шығындап...

Күштілерім сөз айтса,

Бас изеймін шыбындап.

Өлсіндің сөзін салғыртсып,

Шала ұғамын қырындап.

Сияз бар десе жүрегім

Орныкпайды суылдап,

Сыртқыларға сыр бермей,

Құр күлемін жымындап...» [1]. Абайдың бір адамды- өзін мысалдап жаза отыра, бүкіл қоғамды сынағандығы, болыстардың басындағы қайғыны, мінезін, екі жүзді кейпін көрсеткісі келгендігі оның сыншыл ақын екендігін дәлелдей түседі. Қоғамдағы би, болыс арасындағы әділетсіздікті сынға алып, патша әкімшілігін түйреп, өз өлеңдерінде астарлай отыра, осы бір келеңсіздікке әкелуге себеп болатын адам бойындағы қасиет екендігін ескерген Абай оның түп қазығы адамилық екенін де ұмыт қалдырмады.

Ол адам бойындағы жақсы қасиеттерді жоғары бағалаған. «Жігіттер, ойын арзан күлкі қымбат», «Интернетте оқып жүр», «Ғылым таппай мақтанба» сынды ел ертеңіне, жастардың болашағына сенім артқан өлеңдері мен қырық бес қара сөзі адам өмірінің не бір қат- қабаттарын философиялық тұрғыдан терең сипаттаған.

«Тамағы тоқтық,

Жұмысы жоқтық,

Аздырар адам баласын...

Еңбек қылсаң ерінбей,

Тояды қарның тіленбей...» [2] - деп, нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрекке ие- толық адам еріншектікке салынбай, ертеңі үшін аянбай тер төгіп, ғылым іздеп, еңбек ететіндігі, қоғам белсендісі болатындығын көрсетті. Данышпан Абай кедейліктің салдары еңбек етудің аздығынан деп те білді. Өзі өмір сүрген кездегі ел арасындағы еңбекке деген немқұрайлылық, еріншектік пен жалқаулық секілді жағымсыз құбылыстардың әлеуметтік мәнін ашып, оның қоғамның алға басуына кедергі болатындығын айтты. Солайша халықты аянбай жұмыс істеуге,

кедейлікті жеңуге шақырғандығын мына сөзінен аңғарамыз: «Еңбек жоқ, қарекет жоқ- қазақ кедей, тамақ аңдып қайтеді тентіремей?» [3]. Байқағанымыздай, Абай ұтымды еңбек ету-әлеуметтік прогреске жеткізудің жолы деп түсінді.

«Түбінде баянды еңбек егін салған,

Жасынан оқу оқып, білім алған,» - деп білім мен еңбектің маңыздылығын көрсетті. Материалдық игіліктерді өндірудің сонымен қатар, адамның мұқтаждығын қанағаттандырудың жолы баянды еңбек деп біліп, «Қарны аш кісінің көңілінде ақыл, бойында ар, ғылымға құмарлық қайдан тұрсын?! Ашып- ішуге малдың тапшылығы да, ағайынның араздығы да әр түрлі бәлеге, ұрлық, зорлық, қулық- сұмдық секілділерге үйірлендіруге себеп болатұғын нәрсе» [4] - деп жазған еді. Біз табиғат лирикасы деп келген «Қараша, желтоқсан мен сол бір- екі ай» өлеңінің астарына әлеуметтік жағдайды баян еткен жолдарды көрсек:

«Кедейдің өзі жүрер малын бағып,

Отыруға отын жоқ үзбей жағып.

Тонған иін жылытып, тонын илеп,

Шекпен тігер қатыны бүрсең қағып». Бұл- арманы, сыры бар сол кездегі кедей отбасының өмірі... Типтік көрініс. Кедей мен бай арасындағы айырмашылық жер мен көктей екеі рас. Сөзіміздің дәлелі үшін бай мен кедей баласының халін Абайдың сипаттауында көрелік:

«Қар жауса да тоңбайды бай баласы,

Үй жылы, киіз тұтқан айналасы...» Бұл уайым- қайғы жоқ бай баласының көрінісі.

«Бай ұлына жалшы

Ұлы жалынышты,

Ағып жүріп ойнатар көздің жасы...» [5].

Байға кедей жалшы болғандай, ұлы да бай баласына жалшы күйде. Мұндай теңсіздікті тура көрсеткен Абай- көреген емес, кемеңгер!

Абай үшін бір елдің заңы екінші елге жетекші бола алмайды, сондықтан да ол қазақ дәстүріне жат патшалық заң- законды жақтырмай, оның артындағы отаршылдық ниетке сенімсіздікпен қарады. Яғни, Абай мемлекеттің күнделікті саясатына қарай бейімделіп отыратынын, отаршыл биліктің мүддесіне ғана қызмет ететінін түсінген еді. Оның рухани тәуелсіздікке ұмтылғандығын сол кездегі билікке, негізі жоқ салттарға, заңға қарсы шығуынан-ақ байқаймыз.

Абайдың барлық саяси- әлеуметтік көзқарастағы өлеңдерінің астарындағы патша үкіметінің «жабайылардың қолымен тұншықтыру» деген саясаты жатыр- яғни халықты өзіне- өзі айдап салу. Бұл 1867 жылы қабылданған Жаңа Низам ережесіне қатысты. Бір рулы елге бір болыс сайлап отырған қазақтарға территориялық- аумақтық басқару жүйесін енгізді. «Бет бергенде шырайың сондай жақсы, қайдан ғана бұзылды сартша сыртың?» [5] - деп, Абай саясатқа көзқарасын айқын көрсеткен. Абай өзі өмір сүрген жылдарында он үш жасынан әкесінің нұсқауымен билікке араласып, он сегіз жыл бойы би болды, болыс болды- халық арасындағы дау- дамайға араласты, әйел теңдігі мен жесір дауының, хаққа сүйеніп, небір дүйім мәселенің шешімін тапты. Оның болыс болғандағы сипаты жайында абайтанушы Тұрсын Жұртбай былай жазған болатын: «Сонымен, Абайдың өмірлік шұғылданған кәсібі- билік, соның ішінде болыстықтан тысқары міндеті- кәдімгі бала биі еді. Әрине, әділ би болды. Даланың дәстүрі мен заңын Абайдан артық білетін және оны талдап кеткен адам аз.» [3]. Абай би- болыстықтың баянсыз екендігін түсініп, басқару жүйесінен өз еркімен кеткен еді. Қазақтардың өз- өзіне билік қыла алмай, терең ұйқыда жатқандығын «Өз қолыңнан кетпесе енді өз ырқың» деп жырлаған өлеңі баршаңызға таныс. Қалың елі- қазағының жақсы мен жаманды айыра алмай, қолдағы барынан қапыда қалып отырғанын аянышты халде жеткізе алды.

«Ақша беріп жанғасқан,

Ақысын әрең сол алды.

Орыс сияз қалдырса

Болыс елін қармайды.

Қу старшын аш билер,

Аз жүрегін жалғайды» [5] - деп Абай сынға алған да сол уақыт.

«Бас- басына би болған өңкей қиқым,

Мінекей, бұзған жоқ па елдің сиқын?» [2] - деп, сайлауға талас қылып, ағайындықты, туыстықты ұмытқан небір атқамінер пысықтарды сынға алды. Қазақтар арасына келген «партиялықтың» жағымсыз салдарын көріп, көңіл таразысына салған Абай мұның соңы қара халықты бұзып, имансыз адамдар тобырына жетейлейтінін жақсы түсінді. Қазақтың патша билігі қол астында отырып, жеке автономия құру идеясы хәкім Абайдан бастау алған еді. Халықты бірлікке, білімге шақырып, ұлттың азаттығына жол салып берген Абай атамыз десек - артық айтпағанымыз. Ол өмір сүрген жылдар нағыз қазақты өз қолымен тұншықтырудың басталған тұсы еді. Мұхтар Әуезовтің сөзінше: «Абайды танудың бір қиыншылығы - ол өмір сүрген заманды білу». [5] Десек те, сол дәуірдің ауыртпалығы Абайдай тұлғаны үлкен еңбектерімен тарихта қалдырды. Оның мұрасы - бізге жеткен алтынға айырбастамас асыл қазына.

Өз ойымды қорыта келе, Ұлы Абайдың әлеуметтік және саясатқа көзқарастарының мәнінің тереңдігін астарлы өлеңдері мен ашына жазған жазбалары дәлелдейді. Оның өткір ойларының қайнары қайда жатыр деген тұнық - тұңғық сауалдарға өз әлімше жауап бердім деп ойлаймын. Абай - дара, Абай - дана! Абайдай ақыл - ой алыбының мұзарт - шынды ой әлемі - күллі әлемге ортақ, әм ғасырлар алтын парағында жазылары бек кәміл.

Әдебиеттер:

- 1 М.Мырзахметұлы сұхбатынан <https://ult.kz/post/mekemtas-myrzakhmetuly-abay-shygysynyn-esigin-ashtyk-birak-ali-ishine-kire-almadyk>
- 2 М.Әуезов «Абай жолы»
- 3 Өмірәлиев К. „Абай афоризмі”. – Алматы. 1994 ж.
- 4 Әуезов М.О. Әр жылдар ойлары. – Алматы. 1986 ж.
- 5 М. Мырзахметов. «Абайдың адамгершілік мұраттары». – Алматы 1995 ж.
- 6 «Ақиқат» журналы. Ж. Ысмағұлов «Парасатты адамгершілік мұраттары». – Алматы
- 7 М. Мырзахметов «Абай адамгершілігі» //«Абай» журналы. – Алматы, 1997.

УДК 331.1:30

ЧЕЛОВЕЧЕСКИЙ КАПИТАЛ - ОСНОВА РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНСКОГО ОБЩЕСТВА

Вавулиди И., студентка 2 курса специальности «Подготовка учителей русского языка и литературы», Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати, г. Тараз,
ilariavavulidi@gmail.com

Исмаилова С. К., старший преподаватель кафедры «Философия и политология»,
Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати, г. Тараз,
saodatism6@gmail.com

Аннотация: в данной статье рассмотрены понятия «человеческий капитал», «инновационный человеческий капитал» и их значимость для общества и государства. Также в статье рассмотрены реформы, предложенные Президентом Республики Казахстан, Касым-Жомартом Кемелевичем Токаевым, 1 сентября 2022 года.

Ключевые слова: человек, человеческий капитал, государство, президент, послание народу, инновационный человеческий капитал, здравоохранение, система образования, учителя, реформы.

1 сентября 2022 года глава нашей страны выступил с посланием народу, где поднял очень важную тему - «СТРАТЕГИЧЕСКИЕ ИНВЕСТИЦИИ В БУДУЩЕЕ СТРАНЫ» [1].

Главной инвестицией, по мнению президента, является человек. Что же такое человеческий капитал?

Человеческий капитал представляет собой совокупность знаний и навыков, которые применяются для удовлетворения потребностей человека и общества. Этот термин используется

с 1961 года благодаря американскому экономисту Теодору Шульцу. Его последователи развили данную тему, описав факторы, методы и прочие особенности развития человеческого капитала. «Выделяют несколько видов человеческого капитала.

А именно:

1. Общий - все знания и навыки, полученные из любых источников.
2. Специфический - специальные знания и навыки, имеющие практическую ценность.
3. Положительный - накопленный человеческий капитал, который обеспечивает положительную отдачу от вложений. Отрицательный (или пассивный) - человеческий капитал, который не дает никакой отдачи» [2].

Самые эффективные виды человеческого капитала - положительный и специфический капитал. Положительный капитал гарантировано дает отдачу от вложений, что хорошо влияет на развитие общества, а специфический капитал очень полезен в том плане, что имеет практическую ценность. Человеческий капитал стал основой мирового экономического развития в начале 20 века и до сих пор находится в приоритете, так как обеспечивает экономический рост страны. Однако на первый план выходит уже не просто человеческий капитал, а его инвестиционная составляющая. Больше инвестиций, больше будут развиваться человеческие способности, а эти способности строят капитал. «Инвестиции делают простое благо капиталным благом» [3] - так считает В.Т. Смирнов в своей работе под названием «Человеческий капитал: содержание и виды, оценка и стимулирование».

Стоит упомянуть о том, что в Основном законе нашей страны заключили принцип, по которому земля и природные ресурсы принадлежат народу. Также Токаев считает исключительно важным дать старт принципиально новой программе «Нацфонд-детям», который обретет статус национального и будет служить интересам народа.

На сегодняшний день человеческий капитал играет очень большую роль в экономике страны. Именно человеческий капитал помогает развивать конкурентоспособность нации и страны в целом, повышает эффективность работы предприятий, а соответственно, способствует экономическому росту. В современном мире, активно входит в нашу жизнь понятие «Инновационный человеческий капитал». Инновационный человеческий капитал - это совокупность накопленных знаний и опыта в сфере технического и естественно-научного направления, менеджмента и маркетинга» [4].

Такие люди, зачастую, обладают креативным мышлением и предпринимательскими способностями. Связанно это с появлением социальных сетей и интернета в целом. С развитием интернет-ресурсов, блогинга, с переносом СМИ в интернет пространство, высокой популярностью стали пользоваться люди, знающие IT- технологиями, владеющие набором знаний в сфере таргета, интернет-маркетинга и менеджмента. А такие люди могут в полной мере приносить пользу и государству. Например: развивать государственные каналы в социальных сетях (FaceBook, Instagram, VK), создавать государственные и правительственные сайты и заниматься их продвижением и оформлением. На данный момент в социальных сетях быстро набирают популярность «странички» правительства, которое поддерживает положительные отношения с народом через Всемирную паутину, а занимаются этим специально обученные люди, тем самым делая огромный вклад в развитие будущего нашей страны.

Для того чтобы молодых специалистов в необходимых сферах было все больше и больше, Касым-Жомарт Токаев предлагает особое внимание уделять состоянию системы образования, «которая играет решающую роль в повышении потенциала нации». Ведь у нашего народа есть пословица: «Ел боламын десең, бесігінді түзе» («Будущее страны формируется в колыбели младенца»). Именно поэтому президент нашей республики предлагает сделать уклон на развитие дошкольного образования, а далее и развитие качества среднего образования. Ныне растущее поколение- наше будущее. Они будут основой и развитием нашего государства. «Глубоко убежден, что решающую роль в построении Справедливого Казахстана сыграют школьные учителя» [1] - так считает Президент.

От учителей зависит очень много, они являются воспитателями детей и проводниками в мир знаний. От них зависит будет ли ребенок усердно учиться и станет ли он хорошим профессионалом и будет ли обладать нужными навыками для человека, живущего в 21 веке.

Этому надо уделить особое внимание, что и собирается сделать Касым-Жомарт Токаев в ближайшие годы.

Выражением человеческого капитала являются умственные способности, получаемые как результат образовательного процесса или практической деятельности. Именно поэтому Касым-Жомарт Токаев, в своем послании народу, упомянул о важности, в первую очередь, сфере образования, а также сфере здравоохранения. Без здоровой нации не будет здорового будущего. «В течение двух лет будут построены и полностью оснащены медицинские и фельдшерско-акушерские пункты в 650 селах, в которых сегодня нет медучреждений. Тем самым государство обеспечит доступ к первичной медико-санитарной помощи более миллиону граждан» [1] - вот такие планы Касым-Жомарт Кемелевич поведал обществу 1 сентября 2022 года. Также будут созданы «многопрофильные университетские больницы и клиники при медицинских ВУЗах, что позволит воспитать совершенно новое поколение казахстанских врачей, которые будут поддерживать здоровье граждан и сами будут являться огромным и необходимым человеческим капиталом нашей страны» [1]. Расходы на образование не дают 100% гарантии прироста человеческого капитала, а дают лишь возможность на получение выгоды в будущем. Но не стоит отказываться от вложения в образование, так как это может сработать 50% на 50%. В. Буланов и Е. Катайцева в своем труде утверждают: «Оценка величины человеческого капитала должна проводиться путем соизмерения вложений (издержек) и выгод» [4].

Именно поэтому, только мудрый президент может в полной мере оценить выгоду от вложений в образование, здравоохранения и любых инвестиций.

В 1948 году ООН принял «Всеобщую декларацию прав человека», 26 глава которой гласит: «Каждый человек имеет право на образование. Образование должно быть бесплатным... Начальное образование должно быть обязательно...» [5].

Сейчас в нашей стране 100% детей получают среднее образование и более 70% получают высшее образование. С помощью разных типов оценивания (тесты, контрольные работы, экзамены) проверяют интеллектуальные способности учеников и студентов, а значит, благодаря этому, государство в полной мере может оценивать кто какой ресурс из себя представляет. Благодаря таким методам определяется «цена» каждого гражданина страны. Обучая равноправно всех детей, государство имеет право отфильтровывать самородки и исключительных личностей, которые в большей степени смогут повысить человеческий капитал всего государства. Проводя различные республиканские олимпиады и конкурсы, Касым-Жомарт Токаев может найти те самые исключения и дать им хорошую основу для развития своего потенциала в будущем, повышая уровень конкурентоспособности страны и увеличивая ценность понятия «человеческий капитал».

Человеческий капитал является наиважнейшим вкладом в будущее любой страны. Об этом знает глава нашего государства и делает все для развития общества, проводя различные реформы в системе здравоохранения и в системе образования, как дошкольного и среднего, так и высшего образования, в особенности педагогического. «Сила нации заключена в людях, в их здоровье и глубоких знаниях» - Токаев Касым-Жомарт Кемелевич [1].

Литература:

1. Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана от 1 сентября 2022 года. <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-181130>
2. https://spravochnick.ru/ekonomika/teoriya_chelovecheskogo_kapitala/innovacionnyy_chelovecheskiy_kapital/
3. Смирнов В. Т. и др. Человеческий капитал //М.: Машиностроение. – 2005.
4. Буланов В., Катайцева Е. Человеческий капитал как форма проявления человеческого потенциала //Общество и экономика. – 2011. – №. 1. – С. 13-22
5. <https://fb.ru/article/440133/chelovecheskiy-kapital-razvitiye-osnovnyie-printsipyi-teoriya-i-problemyi>

ӘОЖ338.462

**PROBILIM БІЛІМ БЕРУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ – БІЛІМ ЖҮЙЕСІНЕ ЖАҢА
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

Бертебаев М., «Экономика және құқық» факультетті, 6B04128 – Менеджмент ББ студентті,
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік мемлекеттік университет
Сұлтанмұратова А., «Экономика және құқық» факультетті, 6B04118 -Экономика бизнесі ББ
студентті, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік мемлекеттік университет
Джакишева Л.К., «Экономика және құқық» факультетті, «Экономика» кафедрасы, М.Х.Дулати
атындағы Тараз өңірлік мемлекеттік университет

Аннотация: Бұл статья да ProBilim білім орталығының ерекше сапалы білім жүйесін және артаңапанған оқу форматымен қоса әлеуметтік-экономикалық тиімділігін арттыру мақсатында жасалған жоба екенін байқауға болады. ProBilim білім мектебі ерекшелігі өзге шет тілдері жетік меңгеруге көмектесіп қана қоймай ҰБТ, НИШ, БИЛ(КТЛ) тест тілеулеріне кепілдік бере отырып дайындайды. Маркетингтік талдаулармен экономикалық көрсеткіштерді есептей отырып білім беру орталығының пайдасымен шығынын есептедік. Әрі білім орталығының максималды түрдегі қанша білім алушыны дайындайтынын анықтай отырып және оларға қолайлы бағдарлама жасайды.

Кілт сөздер: ProBilim, әлеуметтік-экономикалық тиімділік, Білім беру бағыттар, білім жүйесі, маркетинг, пайда, шығындар, SWOT

Қазақтың кең-байтақ өлкесінде білім ісінің пайда болып, даму тарихы да өзінің ілкі бастауларын сонау ерте замандардан алады. Қазақстан жерінде, әсіресе, оның отырықшы аудандарында орта ғасырдық ерте дәуірінде-ақ көптеген мектептер (мұсылманша бастауыш оқу орны) мен медреселер, діни білім беретін ортадан жоғары оқу орындары жұмыс істей бастағаны тарихтан белгілі.

Қазақстан Республикасында жастарға білім беру процесі халқымыздық ұлттық салт-дәстүріне, мәдениетіне, экономикасына және саяси өміріне негізделіп жүргізіледі. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11 – бабының 9 тармағында оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану міндеті қойылған [1]. Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі – тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру. Білім беру саласында инновациялық үрдісті жүзеге асыру мүмкіндік түрлері талап етеді. ХХІ ғасырдың басты міндеті – өмір сүру сапасын, оның ішінде білім сапасын арттыру, сондықтан білім беру жүйесін реформалау мен жетілдіру жаһандану жағдайында мәселелерді шешудің айқындаушы факторы болып табылады. «Білім сапасы – бұл маманның экономиканың қазіргі кезеңінің талаптарына сәйкес, тиімділік пен кәсіби табыстың шексіз деңгейінде, кәсіби қызметте кәсіби қызметін жүзеге асыру қабілетін көрсететін кәсіби сананың сипаттамаларының жиынтығы, кәсіби қызмет нәтижелері үшін әлеуметтік жауапкершілікті түсіну» Білім сапасы – жүйелі зерттеуді қажет ететін іргелі, көп қырлы категория, ал білім саласында – сапа, бұл білім саласының «өнімдері» сәйкес болуы тиіс нормативтік деңгей. Білім сапасын қамтамасыз етуде білім беру технологиялары маңызды рөл атқарады. Жаңа сапаға тек дәстүрлі оқыту әдістерін қолдану арқылы қол жеткізу мүмкін емес. Жаңа педагогикалық және ақпараттық технологияларды қолдану қажет. Бұл, ең алдымен, тұлғаға бағытталған оқыту технологиялары – ынтымақтастықта оқыту, көп деңгейлі оқыту, жобалық әдіс т.б.[2].

Өздеріңіз білетіндей 17 жылдан бері Қазақстанның жоғары оқу орындарына Ұлттық бірыңғай тестілеу арқылы түсуге болады, оның нәтижесі қабылдау емтиханы болып есептеледі. Жалпы, 2022 жылы еліміздегі 3,5 миллионнан астам мектеп оқушысы үшін соңғы қоңырау соғылған. Биылғы жылы «Алтын белгі» төсбелгісіне 8139 түлек үміткер. Ал Жамбыл облысында 11,5 мыңнан астам түлек мектеп бітірді. Оның ішінде төрт жүзден астамы «Алтын белгі»

төсбелгісі иегері атанса, 700-ге жуығы үздік аттестат алды. Қазақстанда 2022 жылы Ұлттық бірыңғай тестілеуден 154 мың талапкер өтті. Оның ішінде түлектердің 76%-ға жуығы қазақ тілінен, 24%-ы орыс тілінен, 0,1%-ы ағылшын тілінде тестілеуден өткен. Айта кету керек, тестілеу екінші жыл қатарынан электронды форматта өткізілуде. Тестілеу нәтижесі бойынша 130 мыңнан астам талапкер шекті балл жинады, бұл қатысушылардың жалпы санының шамамен 67%-ын құрайды. Бұл көрсеткіш өткен жылғы нәтижемен салыстырғанда 7 пайызға артқан. Шекті баллды 51 мыңға жуық тест тапсырушы немесе олардың санының 33 пайызы еңсере алмады. ҰБТ-ның орташа балы 66 баллды құрады. Ең жоғары балл – 139 ұпай. 3179 талапкер 120 баллдан жоғары жинаған. Биыл талапкерлерге екі рет тест тапсырып, білім грантын тағайындау конкурсында ең жақсы нәтижені пайдалану мүмкіндігі берілген. Қабылданған шаралар талапкерлердің ҰБТ-ға дайындық кезіндегі күйзеліс деңгейін төмендетті [3].

Еліміздің мемлекеттік жоғары оқу орындарында жоғары білім алғысы келетін түлектерге ҰБТ тапсырады жоғарыда айтып кеткендей. Тест 5 пәнді қамтитын 120 тапсырмадан тұрады: 3 міндетті (математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы, Қазақстан тарихы) және 2 мамандандырылған. Тест сұрақтарын орындау үшін талапкерге 3 сағат 50 минут уақыт беріледі. 2019 жылдан бастап емтихан жылына 4 рет – қаңтар, наурыз, маусым-шілде және тамыз айларында өткізіледі [4]. Соған орай білім алушыларды дайындайтын білім орталықтары да көптеп ашылып жатыр. Бауыржан Момышұлы атамыз айтқандай «Өмірдің қуанышы көп алуында емес, басқаларға көп беруінде, білім мен тәжірибенді халыққа таратуында» -, дегендей дәл осындай бағытты ұстана отырып біз ProBilim білім беру жобасын дайындадық бұл жоба сіздерге сапалы білімді және саналы тәрбиені берумен ерекшеленеді. ProBilim жобасының басқа мектептерге қарағанда жеке жұмыс жасауымен және толыққанды білім беруге кепілдік береді. Алға қойған мақсаттарымыз ол білім беру жүйесін нығайту және барынша сапалы білімді, саналы тәрбиені қалыптастыру, сонымен бірге жаңа платформа құру (онлайн сабаққа). Жаңа филиал ашып гранттармен скидкалар, акциялар мен білімге деген үлесімізді қосу. Болашақ ұрпақты дұрыс көзқараста тәрбиелеу, тек оқу саласында ғана емес, үйрету саласында да сынап көру. Жобаның білім беру бағыттарын айта кетсек болмақ олар мыналар:

1. Ағылшын тілі
2. Түрік тілі
3. Неміс тілі
4. Математика
5. ҰБТ(ЕНТ)
6. НИШ
7. БИЛ(КТЛ), сонымен қатар ҰБТ-ға техникалық, әдістемелік дайындық және психологиялық дайындықтарда қатар жүргізілуде.

ҰБТ-ға дайындық жұмыстарының негізгі әдістерінің бірі ол оқулықтар мен анықтамалық әдебиеттерді пайдалана отырып, теориялық материалдарды қайталау және үй тапсырмасын дайындау кезінде оқулықтар мен анықтамалықтарды пайдаланып тест жинақтарымен жұмыс жасау, тестілеу, әрі сынақ тестілеу нәтижелері бойынша қателер бойынша жұмыс, түзету сабақтарында бақылау жұмыстарын орындау кезінде жіберілген қателерді талдау болып табылады. [5]

ProBilim білім беру орталығының - жаңа білім жүйесінің ерекшелігі әр білім алушымен жеке жұмыс жасаумен оффлайн және онлайн форматта оқыту, әр баланың дамуын қадағалап, алған білімдері бойынша апта сайын сынақ тестер тапсырады. Білімалушылардың Нақты мақсаттарын анықтап және белсенділікті арттырады, әрі бізде тегін профориентолгоия, activity ұйымдастыру, Feedback (кері байланыс), топтық жұмыс (тек 5 адам) бар.

Жобаның басты үш критерийлері олар:

I. Ыңғайлы график

- Әр сабақты өзіңізге қолайлы уақытқа қоя алу.
- Мұғалімнен жеке тегін бір сабақ.
- Ыңғайлы платформада өту(whatsapp, zoom, skype, discord)
- Аптасына қанша сабақ қалайсыз сонша сабақ осы параметрлармен жасалады.

II. Қолайлы баға

- 3 ай оқысаңыз 15%
- 6 ай оқысаңыз 30%
- 1 жыл оқысаңыз 40%
- 1 отбасыдан екі оқушы болса 10%
- Жалғыз басты ана болса 20% жеңілдік
- Туылған күндегі сабағы тегін
- III. Жоғары сапа
- Сабақ онлайн (ҚР) форматта және оффлайн (тек Тараз қ.) форматта болады.
- Онлайн 65 мин.
- Оффлайн 60 мин.

Табысты маркетинг әсерлі деректер жиынтығына, статистикаға, есептеулерге және болжамдарға негізделген. Таргетинг – жарнаманың ең тиімді түрлерінің бірі. Барлық танымал әлеуметтік желілер мен іздеу жүйелері өз ресурстарында жарнамаларды орналастыруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге ProBilim білім беру орталығының жеке сайт (<http://probilim.edu.tilda.ws/official>) және инстаграм (https://www.instagram.com/probilim_edu/) қосымшасы бар, ол жерде біздің білім алушыларды бақылай аласыздар әрі білім орталығының жетістіктерімен жұмыстарына баға бере аласыздар. Білімгерлерге қолайлы болсын деп сауалнамалар мен өтініштерді қабылдайтын сілтемеде (<http://probilim.edu.tilda.ws/applicationform>) ойластырылды. ProBilim білім беру орталығының шығындары мен пайдасын есептей отырып, жадпы тиім оқу ақысын есептедік.

Кесте 1

Қуыстардың бағалары

ҰБТ	39 990 тг +Activity+English club
БИЛ, НИШ	29 990 тг +Activity+English club
Пәндер(математика, физика, қ тарих, т.б.)	14 490 тг +Motivation Club
Тілдер	13 490 тг +Motivation Club

Кесте 2

Пайда мен шығындар туралы есеп

Еңбек ақы	Аренда	Таргет	Активити (программы)
сағатына 1365тг	3 бөлме-65 000тг	42 000тг	50 000тг
Жөндеу жұмыстары	Пожар	Реклама (баннер, офиш	Негізгі құралдар жабдықтар
40 000тг	50 000тг	25 000тг	65 000тг
		Әр ай сайынғы кететін шығын	Жалпы шығыны
		150 680тг	380 680тг

Кесте 3

Жалпы пайда туралы есеп

ҰБТ(2) топ - 10 болашақ ұрпақ	399 900тг
БИЛ, НИШ(1),(1) топ 10 болашақ ұрпақ	299 900тг
Пәндер(11)	159 390тг
Тілдер(9)	121 410тг
Пайда	980 600тг
Таза пайда	449 240тг (829 920тг)

Қазақстан Республикасы мемлекеттік саясатының негізгі стратегиялық басымдықтарының бірі – білім мен ғылымды дамыту, оның негізінде экономикалық, әлеуметтік және мәдени

прогрестің қарқыны, әрі еліміздің кез келген азаматы тиісті білім мен біліктілікке ие болып, әлемнің кез келген елінде сұранысқа ие маман бола алатындай деңгейге жету. Біз бүкіл ел бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз керек. Жалпы адам баласының өмірі - оқумен, ізденумен, үйренумен, даму мен өсумен, мақсатқа жетумен өту керек. ProBilim білім беру орталығының басты мақсаты тек жоғары оқу орнына түсіру ғана емес өмір бойына керек білім беру. Бізден шыққан әр түлекке алға қойған мақсатына жету жолында біліммен ұшқыр интелектіқатар қолдануды үйренеді. Бізге адам баласына берген ең маңыздылардың бірі ол-сана. Сананы пайдалана отырып өз кезегімізде білімді әрі өнегелі ұрпақ болып қалыптасайық.Керегесі кең ,ынтымағы берік, шаңырағы биік ел болу үшін саналы, тәрбиелі , білімді азаматтар көп болу керек. Білім ол бізге дейін,біздің кезде және бізден кейін де болатыны анық,сол себепті білім үшін қосқан үлес-мәңгі қалатыны сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы11 – бап 9 тармақ. Интернет-ресурсы/https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_
2. Ашық білім – XXI ғасырдың объективті парадигмасы / Ред. В.П.Тихомирова басылым-во МЭСИ, 2000. – 288 б.
3. Последний звонок прозвенел для более 3,5 млн казахстанских школьников.25.05.2022. Интернет-ресурсы/https://www.kt.kz/rus/education/3_5_1377934064.html
4. Подготовка к ЕНТ: правила успеха.Интернет-ресурсы/<https://buki.kz/news/podhotovka-k-ent-pravila-uspekha/>
5. Доклад "Подготовка к ЕНТ с личностно-ориентированным подходом".Кунусбаева Г.Б.Интернет-ресурсы/<https://infourok.ru/doklad-podgotovka-k-ent-s-lichnostnoorientirovannim-podhodom-1013060.html>

ӘОЖ 312.014.4:628.032

**ҚАРЖЫЛЫҚ ДАҒДАРЫСТЫҢ СЕБЕПТЕРІН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАЛДАУ ЖӘНЕ
ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ ӘДІСТЕРІН АНЫҚТАУ**

Өмірәлі Н.Ж., М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті «Бизнес экономикасы» білім беру бағдарламасы, 2 курс студенті. omiralinuria@gmail.com

Блялова А.К., М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, "Іскерлік әкімшілендіру" мамандығының бейіні бойынша доктор, blyalova@bk.ru

Аннотация: Экономикалық дағдарысы қаржы жүйесі пайда болғаннан бері пайда болған қауіпті және болжау қиын экономикалық құбылыс. Бұл жұмыстың мақсаты: экономикалық дағдарыстардың Қазақстанға әсерін, себептерін талдап, алдын алу шараларын анықтау болып табылады. Зерттеу нәтижелеріне келетін болсақ, экономикалық дағдарысты құрылымдық талдау мүддесі үшін біз белгілі бір қаржылық мәселені шешуге мүмкіндік беретін элементтер мен олардың арасындағы байланыстар жиынтығын зерттейміз.

Кілт сөздер: Дағдарыс, диверсификация, стагфляция,пандемия,интервенция, жұмыссыздық, Ұлттық Банк, бюджетті қаржыландыру.

Дағдарыс-ұлттық валюта бағамының құлдырауында, өндірістің қысқаруында, жұмыссыздық пен инфляцияның өсуінде, қаржылық активтер құнының күрт төмендеуінде, халықтың өмір сүру деңгейінің төмендеуінде және кәсіпорындардың банкроттығында көрінеді. Ел тарихындағы бес жаһандық дағдарысты басынан кешірді:

1. 2020 жыл. Коронавирус дағдарысы
2. 2014-2015 жылдар. Санкциялық дағдарыс
3. 2007-2009 жылдар. Жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыс
4. 1997-1998 жылдар. Азия нарығының құлдырауы

5. 1991-1996 жылдар. Посткеңестік дағдарыс

Бұл дағдарыстардың экономикада алар орны ерекше қауіп-қатер төндірді.

Соның ішінде осы арада бастан кешкен дағдарыс коронавирус дағдарысын алып қарастыратын болсақ. COVID-19 эпидемиясының нәтижесінде әлемдік қауымдастық шекараны жабуға мәжбүр болды. Қазақстанда 2020 жылғы 16 наурыздан 11 мамырға дейін ТЖ режимі қолданылды. Нәтижесінде инфляция 7,3% құрады. Азық – түлік тауарлары бір жыл ішінде 10,8% – ға, азық-түлік емес тауарлар-5,7% - ға, ақылы қызметтер-4,1% - ға өсті. ІІІ тоқсанның қорытындысы бойынша жұмыссыздық деңгейі 5% - ға жетті, бұл соңғы рет 2014 жылы байқалды. Қазақстанда ЖІӨ-нің төмендеуі 2020 жылы 3% - құрады. Пандемияның салдарын жою үшін Қазақстанда дағдарысқа қарсы шараларға барлығы 6 трлн теңге бөлінді, бұл ЖІӨ-нің 9% - құрайды. Елімізде бизнесті жеңілдетілген несиелеу бойынша "Жұмыспен қамту жол картасы – 2025" мемлекеттік бағдарламалары іске қосылды. Сонымен қатар, елімізде дағдарыстан зардап шеккен экономика секторларында ШОБ кредиттерін субсидиялау туралы шешім қабылданды [1].

Бүкіл әлемнің коронавирустық шектеулерден шығуы экономикалық проблемалармен бірге жүреді. Бұл туралы орталық банктердің басшылары, жетекші қаржы институттары, бүкіл әлемнің экономистері айтып отыр. Осыған байланысты әртүрлі болжанады: бұл энергетикалық дағдарыс та, стагфляцияда және қарыз дағдарыстары болуы (2020 жылы жаһандық қарыз көлемі айтарлықтай өсті). Әлемдік дағдарыстардың әсерінен қорғану мүмкін емес-тек елді сыртқы әлемнен толығымен жабу арқылы қорғауға болады. Қазақстан ашық экономика саясаты ретінде, сондай-ақ, шикізат бағытында мұндай қадам жасай алмайды. Бүгінгі таңда, стагфляция белгілері бар дамыған экономикалар тарапынан үлкен қауіп бар. Батыстағы стагфляция жағдайы Қазақстан үшін өте қауіпті, өйткені біздің мұнайдың негізгі тұтынушысы – Батыс. Егер мұндай процестер жиі орын алса және олар өте ұзақ уақытқа созылса, біз оларды қайта өткеру алмауымыз мүмкіндігі төмен. Алайда, стагфляция екі жылға емес, 10-15 жылға созылуы мүмкін. Сондықтан "басын қосып, экономиканы нақты реформалауды бастау" керек, тек Ұлттық қор түріндегі резервтерге ғана сенбеу керек, өйткені бұл резерв тез аяқталуы мүмкін [2].

Сыртқы дағдарыстардың Қазақстан экономикасына әсері бұрыннан қалыптасқан ішкі проблемаларды ушықтыратынын атап өтті. Егер біз пандемияның басталуын есептесек, онда дағдарыстың өзі әлсіреген синусоида да дамиды. 2020 жылдың басында алғашқы жаһандық дағдарыс болды, содан кейін сәл кішірек болды, егер бәрі қазіргідей болса, оның құлдырауы болады деп күтуге болады. Нүктелік жарылыстар болады, бірақ қандай да бір үлкен дағдарыстың болуы екіталай. Тағы бір дағдарыс, оның бағалауы бойынша, субконтинентальды және капитал ағынында жатыр. Қазақстанда көрші елдерден тауарлар импорты өсуде, тиісінше, елден ақша басқа елдерге кетеді. Сондай-ақ "өндіріс факторларының дағдарысы" және онымен тікелей байланысты Адами капитал дағдарысы бар. Қазақстан экономикасы шикізат болып қала береді, бірақ бұл ретте мұнай кен орындарының көпшілігі өз шыңынан өтті. Алайда мұнай қондырғыларын алмастыратын ештеңе болған жоқ.



«Қазір ең көп сұранысқа ие нәрсе-қылмыскерлер мен мөрлер. Ресей Федерациясының медициналық мекемелерінің шақырулары, ДКК қорытындылары, неке туралы куәліктер, туу туралы куәліктер және тіпті ПТР-тесттер адал емес азаматтарға шетелге жол ашты. Ұсталғандардың заңсыз көші-қонды ұйымдастыру бойынша қылмыстық әрекеттер жасауының 60 фактісі. Жалған құжаттар бойынша қанша адам іс жүзінде кетіп қалды – тек болжау ғана қалады», - деп бөлісті ҰҚК баспасөз қызметі» [4].

Жалпы, 2020 жылы ҰҚК органдары заңсыз көші-қонның 12 арнасын анықтап, жолын кесті, олардың ұйымдастырушылары мемлекеттік шекарадан өту үшін жалған құжаттар дайындады.

Халықтың көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттары мен міндеттері

1. Халықтың көші қоны саласындағы мемлекеттік саясат мынадай негізгі қағидаттарға негізделеді:

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарға және халықаралық шарттарға сәйкес көшіп-қонушылардың құқықтары мен бостандықтарын тану және оларға кепілдік беру;
- 2) ұлттық мүдделерді қорғау және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- 3) жеке тұлға, қоғам және мемлекет мүдделерінің үйлесуі;
- 4) пайдаланылатын ақпараттың жаңаруы және қайталануы негізінде көші-қон процестерін реттеудің ашықтығы;
- 5) иммиграцияның әртүрлі түрлерін реттеуге мемлекеттің сараланған тәсілі.

2. Халықтың көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі міндеттері:

- 1) мигранттардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау;

- 2) өңірлердің демографиялық және әлеуметтік-экономикалық даму мүдделерін ескере отырып, қандастарды ұтымды қоныстандыруды ұйымдастыру;
- 3) Қазақстан Республикасында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін жоғары білікті шетелдік жұмыс күшін тарту;
- 4) шетелдік жұмыс күшін тартуды квоталау арқылы ішкі еңбек нарығын қорғау;
- 5) Қазақстанның халықаралық еңбек нарығына кірігуін қамтамасыз ету;
- 6) халықтың жаппай көші-қонына әкеп соғуы мүмкін жанжалдардың алдын алу және оларды болғызбау мақсатында Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттермен ынтымақтастығын дамыту;
- 7) ішкі көші-қон ағындарын оңтайландыру, көшіп-қонушыларды ел аумағы бойынша ұтымды қоныстандыруды қамтамасыз ету;
- 8) шетелде тұратын бұрынғы отандастармен және этникалық қазақтармен, оның ішінде мәдени ынтымақтастық және ақпараттық қамтамасыз ету саласында өзара қарым-қатынастарды қолдау және дамыту;
- 9) этникалық қазақтардың тарихи Отанына қоныс аударуына жәрдемдесу;
- 10) көші-қон процестерін реттеу, заңсыз көшіп келудің алдын алу және жолын кесу саласындағы халықаралық ынтымақтастық.

Заңсыз миграция үшін қолданылатын жазалар

Қылмыстық негізгі проблемасы-олар үшін қамауға алу үйлері салынбаған. Тұтқындаудың толық енгізілуі 2027 жылға дейін кешіктірілді.

«Бүгінгі таңда Қазақстанда қылмыстық қамауға алу тек гауптвахтадағы әскери қызметшілерге ғана қолданылады, ал бейбіт тұрғындарға аз жұмсақтан қатаң жазаға ауыстыру ретінде ғана қолданылады. Ол тергеу изоляторларының жергілікті учаскелерінде өтеледі» [5].

Осыған байланысты қылмыстық кодексті оңтайландырудың екі негізгі нұсқасы қарастырылды.

Біріншісі - қылмыстық теріс қылықтардан толық бас тарту. Яғни, бұрынғы әкімшілік құқық бұзушылықтар ӘҚБтК-ге қайта көшіріліп, қалған теріс қылықтар ауырлығы аз қылмыстар санатына қайтарылады.

Екінші нұсқа - қылмыстық теріс қылықтар туралы Жеке Кодексті әзірлеу.

Екі нұсқа да Президент Әкімшілігі жанындағы реформа жөніндегі комиссияның қолдауын таппады.

«Қылмыстық теріс қылықтарды прогрессивті институт ретінде сақтау туралы шешім қабылданды. Бірақ заң жобасында қамауға алу түріндегі жазаны әкімшілік тұтқындауларға ұқсас, арнайы қабылдағыштардағы әкімшілік құқық бұзушылар сияқты жағдайларда орындау ұсынылады» [6].

«Ол үшін біз «қатаң оқшаулау» туралы талапты алып тастауды ұсынамыз» [7].

Жалпы, бұл шара көптеген типтік түрмелерді салудан бас тартуға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл, біздің ойымызша, прагматикалық ғана емес, сонымен қатар гуманистік.

Әдебиеттер:

1. Голунов С. В. Ресей-Қазақстан шекарасы. Қауіпсіздік және халықаралық мәселелер ынтымақтастық (қолжазба). М. 2005. С 117.
2. Голунов С. В. сол жерде. Б. 120.
3. Терещенко Т. А. шекара маңындағы облыстардағы иммиграциялық процестердің ерекшеліктері Қазақстан. Алдыңғы көші-қон. 189 жылдан бастап.
4. Қазақстан Республикасы халқының ұлттық құрамы. 2 т. /ред. А. Смайылова. Алматы: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі, 2000.
5. Қазақстан Өңірлері, 2005. Статистикалық жинақ. / Ред. Абдиева К. С. – Алматы,
6. Сол жерде.Б. 207.
7. Қазақстандағы өмір деңгейі. Статистикалық жинақ / ред.Ю. к. Шоқаманова. - Алматы

ӨОЖ 612.014.4:628.032

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ ТӘРТІБІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ ТАЛДАУ

Сейілбек Ж., М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің «Құқықтану» мамандығының 2
курс студенті, Тараз қ., istyzhauatar@gmail.com
Сатылғанов Е.Т., PhD доктор, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.,
Satylganov_erzhan@mail.ru

Аннотация: Қазақстан Республикасы мен Ресей заңдарындағы және шетел заңдарындағы заңды тұлғаның қызметін тоқтату тәртібі мен ерекшеліктеріне басты назар аударып, ашық түрде талдау.

Кілт сөздер: заңды тұлға, коммерциялық заңды тұлға, коммерциялық емес заңды тұлға, тарату, қайта құру, қызметке тыйым салу.

Кез келген заңды тұлға қайта құру кезінде және тарату кезінде өз қызметін тоқтататындығы бізге мәлім. Заңды тұлғаның өз қызметін тоқтатуы оның азаматтық құқықтың субъектісі ретіндегі міндеттері мен құқықтарын тоқтатқанын білдіреді. Заңды тұлға өз қызметін қатысушылардың **ерікті тілегінің** немесе **соттың мәжбүрлі шешімі** арқылы тоқтатады.

Қазақстандағы және шетелдегі діни бірлестіктердің қызметін тоқтатудағы ерекшеліктер.

Ресей Федерациясының «Ар-ождан бостандығы және діни бірлестіктер туралы» заңының 14-бабында былай деп жазылған:

Заңды тұлға мына жағдайларда таратылуы мүмкін:

- олардың құрылтайшыларының немесе діни ұйымның жарғысына уәкілеттік берілген органның шешімі бойынша;
- сот шешімі бойынша. Ресей Федерациясының Конституциясының, осы Федералдық заңның және басқа да федералдық заңдардың нормаларын бірнеше рет немесе өрескел бұзған жағдайда немесе діни ұйым оны құру мақсаттарына (жарғылық мақсаттарға) қайшы келетін қызметті жүйелі түрде жүзеге асырған жағдайда;

Діни ұйымды таратуға және діни ұйымның немесе діни топтың қызметіне сот тәртібімен тыйым салуға негіз болып табылатын әрекеттер:

- қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті бұзу;
- экстремистік қызметті жүзеге асыруға бағытталған іс-әрекеттер;
- отбасын бұзуға мәжбүрлеу;
- азаматтардың жеке басына, құқықтары мен бостандықтарына қол сұғу;
- азаматтардың имандылығына, денсаулығына заңға сәйкес белгіленген залал келтіру, оның ішінде олардың діни қызметіне байланысты есірткі және психотроптық құралдарды пайдалану, гипноз, азғындық және өзге де құқыққа қайшы әрекеттер жасау;
- өз-өзіне қол жұмсауға немесе діни себептер бойынша өміріне және денсаулығына қауіпті жағдайдағы адамдарға медициналық көмек көрсетуден бас тартуға көндіру;
- міндетті білім алуға кедергі жасау;
- діни бірлестіктің қатысушылары мен ізбасарларын және өзге де адамдарды діни бірлестіктің пайдасына өздеріне тиесілі мүлікті иеліктен шығаруға мәжбүрлеу;
- өміріне, денсаулығына, мүлкіне зиян келтіру қаупіне, егер оны нақты орындау немесе күштеп ықпал ету қаупі бар болса, азаматтың діни бірлестіктен шығуына басқа да құқыққа қайшы әрекеттермен кедергі жасау;
- азаматтарды заңда белгіленген азаматтық міндеттерді орындаудан бас тартуға және өзге де құқыққа қайшы әрекеттер жасауға ынталандыру;
- діни ұйымның федералдық мемлекеттік тіркеу органына немесе оның аумақтық органына осы Федералдық заңның 25.1-бабының 2-тармағында көзделген есепті діни ұйымның қызметінде Ресей Федерациясының заңнамасын басқа да бұзушылықтар болған кезде белгіленген мерзімде бірнеше рет ұсынбауы [1].

Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңының 18-бабында былай:

«Діни бірлестіктің қызметін тоқтата тұру және оны тарату Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі»деп,- жазылған,бірақ нақты тәртіптер мен негіздер көрсетілмеген. Бұл тәртіптер Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 15 қаңтарындағы қабылданған «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» заңының 11-бабында көрсетілген, Бірақ, бұл заң әлдеқашан қолданыстан шыққан. Ал,қазіргі қолданыстағы заңда («Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы»)діни бірлестіктердің нақты қай іс-әрекеттері тарату үшін негіз болатындығы ашық көрсетілмеген. Мысалы, Ресей заңнамасында: «отбасын бұзуға мәжбүрлеу, міндетті білім алуға кедергі жасау»,-деген секілді нақты бағытталған әрекеттер түрлері көрсетілген. Бұл тұрғыда заңымыздың кенжелеп қалғаны байқалады.

Қазақстандағы және шетелдегі қоғамдық бірлестіктердің қызметін тоқтатудағы ерекшеліктер.

Ресей Федерациясының «Қоғамдық бірлестіктер туралы» заңының 26-бабы бойынша Қоғамдық бірлестікті таратуға немесе оның қызметіне тыйым салуға мыналар негіз болып табылады:

- қоғамдық бірлестіктің адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзуы;
- қоғамдық бірлестіктің Ресей Федерациясының Конституциясын, федералдық конституциялық заңдарды, федералдық заңдарды немесе басқа да нормативтік құқықтық актілерді бірнеше рет немесе өрескел бұзуы немесе қоғамдық бірлестіктің өзінің жарғылық мақсаттарына қайшы келетін қызметті жүйелі түрде жүзеге асыруы;
- мемлекеттік тіркеудің федералды органы немесе оның аумақтық органы белгілеген мерзімде қоғамдық бірлестіктің қызметін тоқтата тұруға негіз болған бұзушылықтарды жоймау.

Өзбекстан Республикасының «Қоғамдық бірлестіктер туралы»заңының 22-бабында былай айтылған: Халықаралық қоғамдық бірлестікті, оның бөлімшесін, филиалын, республикалық және облысаралық қоғамдық бірлестікті тарату Өзбекстан Республикасы Жоғарғы сотының шешімі бойынша Өзбекстан Республикасы Бас Прокурорының, Өзбекстан Республикасы Әділет министрлігінің, Өзбекстан Республикасы Қаржы министрлігінің, Бас мемлекеттік салық басқармасының ұсынуы бойынша, сондай-ақ оған Өзбекстан Республикасының заңнамасымен уәкілеттік берілген басқа да органдар мен лауазымды адамдардың ұсыныстары бойынша жүргізіледі. Өзбекстан Республикасы Жоғарғы Сотының қоғамдық бірлестікті тарату туралы шешіміне шағымдануға жатпайды [2].

Жергілікті қоғамдық бірлестіктерді таратуды тиісінше облыстық, Ташкент қалалық соттары жүзеге асырады. Бұл ретте сот шешіміне Өзбекстан Республикасының Жоғарғы сотына шағым жасалуы мүмкін.

Ал, Қазақстан Республикасының Қоғамдық бірлестіктер туралы заңында қоғамдық бірлестіктердің таратылу тәртібін құқықтық мәртебесіне байланысты бөлмеген. Өзбекстан заңында халықаралық қоғамдық бірлестіктерді,облыстық көлемдегі қоғамдық бірлестіктерді бөлген. Өзбекстан заңының осы нормасы бізге де керек секілді. Заңды ашық және түсінікті қарастыру осы тақырыпқа байланысты пайда болатын дауларды шешуге ықпал етеді деп ойлаймын. Бұл норма Ресей заңында да қарастырылған.

Қазақстан және Ресейдегі ЖШС қызметін тоқтатудағы ерекшеліктер.

Екі елдің заңында да ең алдымен, заңнамаға немесе құрылтай құжаттарына сәйкес уәкілеттік берілген белгіленген рәсімге сәйкес тарату туралы шешім қабылдайды. Бұл шешімде тарату комиссиясының тағайындалуы мен құрамы, тарату тәртібі мен мерзімдерін анықтау туралы мәселелер де қаралады.

Ресейде шаруашылық серіктестікті таратуды бастамас бұрын, шаруашылық серіктестік бұл факт туралы және алдағы жұмыстан босату туралы өз қызметкерлеріне және жұмыспен қамту органдарына процесс басталғанға дейін кемінде екі ай бұрын хабарлауы керек. (Ресей Федерациясының Еңбек кодексінің 178-бабы). Ал, Қазақстанда қызметкерлерді алдағы жұмыстан босату туралы кемінде бір ай бұрын хабардар ету керек (ҚР ЕК 52-бабы). Адамдық құқықтардың сақталуы мен адамгершілік тұрғысынан Ресейдің заңы тиімді секілді. Жұмыскерлерге жұмыстан босату туралы ерте хабарлау – олардың басқа жұмыс іздеуіне тиімді болары сөзсіз.

Қазақстанда тарату комиссиясы заңды тұлғаны тарату туралы, сондай-ақ оның кредиторларының шағымдарды мәлімдеу тәртібі мен мерзімі туралы ақпаратты орталық әділет органының ресми баспа басылымдарында жариялайды. Шағымдарды мәлімдеу мерзімі тарату туралы жарияланған сәттен бастап 2 айдан кем болмауы тиіс (Азаматтық кодекстің 50-бабының 3-тармағы). Ресей Федерациясының Азаматтық кодексінің 63-бабының 1-тармағына сәйкес тарату

комиссиясы БАҚ-та заңды тұлғаны тарату туралы хабарлама жариялауы керек. Хабарламада кредиторлардың талаптарды жариялау тәртібі мен мерзімі көрсетіледі, ол жарияланған сәттен бастап екі айдан кем болмауы тиіс. *Бұл тұрғыда да екі елдің заңы Қосөзеннің ағысындай.*

Қорытынды

Жалпы, Қазақстан мен Ресейдің заңдарында ауыз толтырып айтар айырмашылықтар жоқ, көбіне ұқсастықтар байқалады. Бұның басты себебі – қос елдің екі жүз жылдан астам уақытқа созылған, біте қайнасқан тағдыры болса керек-ті. Айырмашылықтар болған күннің өзінде Ресейдің пайдасына шешіліп жатқан-ды. Ресейдің заңынан кәдемізге жарататын, үйренетін жерлеріміз көп. Қазақстанға қарағанда Ресей заңнамаларында азаматтық құқықтық қатынастардың өрісі кең, арыны алшақ. Бұның негізгі себебі – Ресейде азаматтық құқықтағы теориялық ұғымдардың тәжірибеде көп қолданылуы. Соған байланысты ғалымдардың еңбектерінің де көп болуы. Мысалы, «қаржы құралдары» деген тақырыптың өзіне орыс ғалымдарының жазған еңбектерінің саны өлшеусіз. Ал, қазақ ғалымдары бұл тақырыпты көтерген де емес. Әлі күнге дейін шетел ғалымдарының еңбектеріне тәуелділігіміз осыдан. Айта кеткенім жөн, Ресейдің заңының өзінің қайнар көздері бар, ол – батыстық демократтық, дамыған елдердің нормалары. Сондықтан, батыс ғалымдарының еңбектерін көптеп аудару – болашаққа салынған үлкен инвестиция. Қазіргі біздің қоғамдағы азаматтық құқықта болып жатқан өзекті мәселелердің шешімі батыс ғалымдарының еңбектерінде жазылған. Оны оқу және тәжірибеде қолдану – азаматтық-құқықтық қатынастарды реттеудегі негізгі құрал.

Әдебиеттер:

1. Тихонова, М. М. Генезис понятия «юридическое лицо» в науке и законодательстве [Текст] // Юридические науки: проблемы и перспективы: материалы III Междунар. науч. конф. (г. Казань, май 2015 г.). — Казань: Бук, 2019. — С. 120-126.
2. Сидорова, Б.В. Волевая природа юридического лица / Наука, техника и образование. 2019. № 7 (25). С. 108-110.

ӨОЖ 342.951

АЗАМАТТАРДЫҢ ШАҒЫМДАРЫН, ӨТІНІШТЕРІН МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕЛЕРДЕ ҚАРАУ ТӘРТІБІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Назарбек Н., 2 курс, «Мемлекеттік қызмет және әкімшілік құқық» ББ студенті

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.

Кадыркулов А.Ж., заң ғылымдары магистрі, «Мемлекеттік және әкімшілік құқық» кафедрасының аға оқытушысы, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
Тараз қ., aseke2006@list.ru

Аннотация: бұл мақалада Қазақстан Республикасыныдағы жеке және заңды тұлғалардың шағымдары мен өтініштерін қарау тәртібінің қыр-сыры ашып талданған, жақын болашақтағы бұл саладағы қызметті жетілдіру әдістеріне көңіл аударылған.

Кілт сөздер: әкімшілік рәсім, жеке тұлға, заңды тұлға, шағым, өтініш, мемлекеттік орган, цифрлық технология, клиент.

Жеке және заңды тұлғалардың шағымдары мен өтініштерін қарау тәртібі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге және Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді.

Мемлекеттік қызметтерді көрсетудің барлық мәселелері бойынша шағымдарды қарау мерзімдері ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген [1].

Шағым – әкімшілік іс жүргізуге қатысушының оның құқықтарын, бостандықтарын немесе әкімшілік актімен, әкімшілік әрекетімен (әрекетсіздігімен) бұзылған құқықтарын, бостандықтарын немесе заңды мүдделерін қалпына келтіру не қорғау туралы өтінішін қамтитын шағым беру нысандарының бірі.

Шағымдарға мыналар жатады:

- 1) азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын, қоғамдық немесе мемлекеттік мүдделерді қорғау қажеттілігіне;
- 2) тиісті шешім қабылданғанға дейін қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органдардың әкімшілік актілеріне;
- 3) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайларды қоспағанда, әкімшілік актінің, әкімшілік іс-әрекеттің орындалуын тоқтата тұру құқығына негізделген арыз-шағымдар.

Президент Әкімшілігінің Өтініштерді қарауды бақылау бөлімінің құрылғанына екі жыл болды. Осы кезеңдегі басқарма жұмысының негізгі нәтижелеріне келсек, бірінші кезекте, сайлауалды тұғырнама аясында жүзеге асырылып жатқан бастамалар аясында мемлекет басшысының өтініштердің қаралуын бақылау бөлімін құру мәселесін қарастыру қажет.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын әзірлеу идеясының өзі мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыртудың стратегиялық бағытының заңды жалғасы болып табылады. Сондықтан басқармаға жүктелген міндеттер ауқымы мемлекеттік органдардың жұмыс алгоритмін біртұтас жүйе ретінде өзгерту ғана емес, сонымен қатар жекелеген азаматтардың қабылдауымен де бағаланатын жүйелі нәтижелерге бағытталған.

Осыған байланысты барлық мемлекеттік органдардың, мүдделі азаматтық қоғам институттарының өтініштермен жұмыс жасаудағы үйлестіруді қамтитын жаңа институционалдық ортаны дамыту үшін жағдай жасау бірінші кезектегі міндеттердің бірі болуы тиіс.

Өтініш берушінің көзқарасы бойынша оның пікірін тыңдау үкіметтен оның сұрақтарына қанағаттанарлық жауап алу немесе туындаған мәселені шешу жолдары туралы қолжетімді және түсінікті ақпарат алу дегенді білдіреді.

Мемлекеттік органдарға қойылатын талап – өтініш берушіні тыңдап, оның өтінішін сапалы түрде қанағаттандыру.

Жалпы құзырлы бөлімге жүктелген бақылау функцияларын ескере отырып, мемлекеттік органдар жұмысының сапасын жақсарту және жетілдіру бойынша шаралар қабылданады. Ведомство министрліктер мен әкімдіктерді өтініш берушілермен жұмысты жақсартуға шақырады. Олар өтініш берушінің жоғары тұрған органға жүгінуін күтпей, өз деңгейінде тиісті жұмыстың сапасын қамтамасыз ету әлдеқайда тиімді екенін түсінуі тиіс. Менің ойымша, бұл бөлім жұмысының негізгі нәтижелерінің бірі болуы керек.

Президент Әкімшілігінде осы бөлім құрылғаннан бері тұрғындардан барлығы 70 мыңнан астам өтініш түсті, бұл айына орта есеппен 3500 өтінішті білдіреді. Бұл тұрғыда Астана мен Алматы қалалары көш бастап тұр деп айта аламыз.

Өтініш берушілер әртүрлі мәселелер бойынша әкімшілікке хабарласады. Кейбір азаматтарымыз белгілі бір мәселелерге қатысты арыз-шағымдар мен өтініштерден бөлек, заңнаманы жетілдіруге, әлеуметтік-экономикалық жобаларға қатысты бастамалар көтеріп, бірегей жобаларын ұсынуда. Әдетте, мұндай ұсыныстар тиісті мемлекеттік органның қарауына жіберіледі. Соның нәтижесінде олардың пікірі бойынша нақты шешімдер қабылданады. Мәселен, агроөнеркәсіп кешенін дамытудың жаңа мемлекеттік бағдарламасының тұжырымдамасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобына мемлекет басшысына ауыл шаруашылығын дамыту стратегиясына қатысты пікірін жолдаған ғалым шақырылды. Ал өнертапқыштың ауа тазартатын сүзгілерді орнату жобасы Алматы көшелерінде сынақтан өтіп, нәтижесі Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігіне жіберілді.

Бөлімге тұрғындардан бизнес жобалар да түседі. Мысалы, оптикалық сапфир монокристалдарының инновациялық өндірісін іске қосу немесе нитрит тұзының өндірісін қолдау туралы өтініштер бар. Мұндай өтініш берушілерді әдетте әкімдер немесе министрлер өздері қабылдайды. Олар кездесу барысында жобаны жүзеге асыру барысы жан-жақты талқыланады.

Заңнамаларды жетілдіру бойынша сұраныстар да мұқият талданады. Олар жиналып, қажет болған жағдайда Үкімет пен жауапты мемлекеттік органдардың бақылауына беріледі.

Содай-ақ, мүгедектердің мемлекеттік органдарға келіп түскен өтініштері мен ұжымдық шағымдары бөлімнің тікелей қатысуымен мұқият қаралады және мәселенің себебі де сараланады. Нәтижесінде ескірген нормаларға өзгерістер енгізіліп, кейбір құқықтық мәселелердегі олқылықтар жойылады.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілердің әдеп қағидаттарын бұзуы, өтініштерді уақтылы қарамауы және олар бойынша қажетті шешімдердің қабылданбауы бөлігінде жергілікті атқарушы органдардың жұмысына қатысты шағымдар болады. Осы жақында ғана ауылдастарымызға күш қолданып, қысым көрсетеміз деп қорқытқан ауылдық округ әкімінің үстінен арыз түсті. Бөлім қызметкерлері дереу әкімге тиісті шара қолданып, жағдайды реттеді. Бұндай өтініштерді жіті бақылауда ұстау керек.

Жалпы, келіп түскен өтініштердің басым бөлігі Президент Әкімшілігінде бақылауға алынған. Өтініш білдірушілер арасында кейбір жергілікті шенеуніктердің біліксіздігін айтып, формализмге, бюрократизмге бой алдырады дегендер де бар. Соның нәтижесінде ел ішіндегі мәселелерді жоғары мемлекеттік құрылымдар деңгейінде шешуге күш салынууда. Алайда, азаматтардың көпшілігі тиісті жауапты құрылымға хабарласпай, бірден бірнеше мекемеге шағымданады.

Президент Әкімшілігі мен орталық органдардың атқаратын жұмысы көп екені таңқаларлық емес. Өйткені жергілікті атқарушы органдардың құзырына жататын аймақтық мәселелерге қатысты өтініштер бар (ауланы абаттандыру, жаңа автобус бағытын ашу және т.б.). 2021 жылдың соңында мұндай сұраныстардың үлесі 70 пайыздан астам болды.

Өтініштердің тағы бір тобы жақсы жұмысқа тұруға көмек сұрағандардың хаттары. Осы орайда бірнеше дипломы бар маманның тек мемлекеттің көмегіне сүйенуі қисынды ма? Сонымен қатар, көптеген азаматтар өздерінің жеке мәселелерін тек мемлекет басшысына хабарласу арқылы шешуге болады деп қателеседі.

Басқарма ағымдағы жағдайда туындаған мәселелерді тиімді және уақтылы шешу және азаматтардың жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сенімін нығайту мақсатында шағымдармен жұмыс істеудің бірыңғай стандартын құру және енгізу бойынша жұмыс жүргізілуі керек. Ол үшін өтініштердің қаралуын бақылайтын жеке құрылымдық басқармаларды, сондай-ақ барлық облыс әкімдіктерінде азаматтарды қабылдау фронт-офистерін құру жұмыстары жүріп жатыр, нәтижесін уақыт көрсетеді.

Дегенмен, «Халықтың үніне құлақ асатын мемлекеттің» басты ұстанымы – халықтың мемлекетке деген сенімін нығайтудың шарты ретінде халықпен тиімді кері байланыс арналарын құру. Қазіргі уақытта енгізіліп жатқан «Электрондық өтінім» жүйесі «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейтін барлық мемлекеттік органдар арасында бірыңғай ақпараттық алаң құруға бағытталған. Сондай-ақ азаматтардың өтініштерін қараудың тиімді жүйесі бар. Көбінесе кеңес беру, түсіндіру, кезекке тұруға көмектесу қызметтерін фронт-офис қызметкерлері атқарады, ал бөлім ерекшеленген немесе жауапты мемлекеттік мекеме деңгейінде өтініштерді қарауды ұйымдастырды. Мемлекеттік органның жауабына қанағаттанбаған жағдайда, заң жүйесі арызданушының құқықтары мен мүдделерін қорғауға кіріседі.

Бұл әртүрлі мекемелердің бюрократиялық әрекеттеріне тосқауыл болып, бір-біріне сілтеме жасай алмайды, яғни қағазбастылыққа жол берілмейді, екіжақты жауапкершілік артады деген сөз. Ұсынылып отырған жүйе мемлекеттік органдардың кез келген деңгейіне азаматтардың өтініштерін шектемейді.

Цифрлық технологиялардың міндеті – әрбір деңгейдің құзыретіне сәйкес бизнес-процестердің тиімді алгоритмін қалыптастыру, проблемаларды талдау және оларды тиісті деңгейде шешім қабылдауға бағыттау. Яғни, өтініш берушінің мәселесі жөнінде орындаушы да, хат иесі де хабардар болуы тиіс.

Сонымен қатар, ұсынылып отырған «тұтынушыға бағдарлану» тәсілінің идеологиясы мемлекеттік органдардың өтініштерін бағалау кезінде жауапкершілікті арттыруға арналған жақында қабылданған Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне толығымен сәйкес келеді.

Іс жүзінде «Азаматтарға арналған үкімет» болып саналатын халыққа қызмет көрсету орталықтарының базасында Бірыңғай азаматтарды қабылдау орталықтары құрылуы мүмкін.

Азаматтарды қабылдау орталықтары өтініш берушінің мәселесін шешуге көмектесу, оның ішінде тиісті мекен-жайға өтініш жіберу, қаралуының жай-күйі туралы хабарлау және т.б. бойынша жан-жақты консультативтік қызметтерді көрсетуі қажет.

Сонымен қатар, жоба аясында Бас прокуратура жанындағы Құқық қорғау қызметіне қызмет көрсету орталығы, Ахуалдық орталық және Жоғарғы Соттың сот аппараты, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бөлімшелері сияқты қолданыстағы арналардың жұмысы жүргізілуде. «Адалдық алаңы» деп аталатын Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне заңнамалық әрекет ету пакетті үйлестіру міндеттерін негізделген.

Осылайша, аз қамтылған отбасылар бүгінде өздеріне арналған қолдау пакетін алу үшін мемлекеттік органдарға бірнеше рет жүгінуге мәжбүр. Жеке куәлікті алу үшін ауданның халыққа қызмет көрсету оралығына, жұмысқа тұру үшін – жұмыспен қамту орталығына, санаториялық-курорттық жолдама алу үшін – денсаулық сақтау жүйесіне және т.б. Яғни, әр ұйымға қажетті құжаттар пакетін жинап, тиісті өтінішті бөлек толтыру керек. Дегенмен, қолданыстағы ақпараттық жүйелердегі ақпаратты ескере отырып, қосымша қажеттіліктерді анықтауға және бастапқы қолдану кезінде тиісті қолдау көрсетуге болады.

Бұл ретте мемлекет азаматтардың сұранысына қарай әрекет етіп қана қоймай, мұқтаж жандарға көрсетілетін әлеуметтік қолдаудың мүмкіндіктері мен тетіктерін пайдалануды бастамашылық етіп, ұсынуы маңызды болмақ. Бұл бағыттағы басты міндет мемлекеттік органдардың қолданыстағы деректер қорын барынша тиімді пайдалану болуы мүмкін. Яғни, мемлекеттік органдар нақты уақыт режимінде жастармен, жұмыссыз және еңбекке жарамсыз азаматтармен жұмыс жасап, олардың нақты қажеттіліктерін, әлеуметтік жағдайындағы өзгерістерді байқап, бірыңғай қызмет пакеті аясында жан-жақты көмек көрсете алады.

Мысалы, мегаполиске көшкен жас отбасы автоматты түрде әлеуметтік қолдау агенттіктерінің клиенті болды және бұл агенттіктер жас отбасыларға жұмысқа орналасу, біліктілігін арттыру, баспана кезегінде тұру және т.б. мәселелердің жеке шешімін ұсына алады. балаларды балабақшаға орналастыру.

Бұл тәсіл «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қызметтерін дамытудың қисынды жалғасы болады. Жобаның тұтас принципі Мемлекет басшысы тарапынан қолдау тауып, қолдау тауып отыр. Ал мемлекеттік органдардың міндеті – бұл жобаны жүзеге асыру үшін оңтайлы жағдай жасау. Басты міндет – азаматтардың өтініштеріне сапалы әрі уақтылы жауап беру.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі, 29.06.2020 ж.

ӘОЖ 347.93

АЗАМАТТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДЕ ПРОЦЕСТІК МЕРЗІМДЕРІН ЕСЕПТЕУ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ САЛАСЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Амангелдиева А., М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік Университетінің «Мемлекеттік қызмет және әкімшілік құқық» мамандығының 3 курс білімгері, Тараз қ., amangeldieva_a003@mail.ru
Махан Т.У., «Азаматтық құқық және процесс» кафедрасының аға оқытушысы құқық магистрі,
М.Х. Дулати атындағы Тараз Өңірлік Университеті, Тараз қ., mahan.tanzilya@mail.ru

Аннотация: Іс жүргізу әрекеттерін жасау мерзімдеріне сүйенер болсақ, процестік әрекеттер АПК-те белгіленген процестік мерзімдерде жасалады. Егер іс жүргізу әрекетін жасау мерзімі АПК-те белгіленбеген жағдайда, оны сот тағайындайды. Сот тағайындайтын іс жүргізу мерзімі ақылға қонымды және іс жүргізу әрекетін жасау үшін жеткілікті болуы керек.

Кілт сөздер: Азаматтық процесс, іс жүргізу, бап, норма, сот, мерзім, хаттама, тараптар, шағым.

Іс жүргізу мерзімдері – «бұл талап (талап арыз, арыз, шағым) бойынша азаматтық істерді қозғау, қарау мен шешу (шешім шығару), оларды (апелляциялық, қадағалау және жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша) қайта қарау тәртібін ҚР азаматтық іс жүргізу кодексімен белгіленген мерзімдер. Іс жүргізу әрекеттері заңда белгіленген мерзімдер ішінде жасалуға тиіс. Бұл әрекеттер соттың азаматтық істерді қарауынан, соттың және азаматтық іс жүргізуге қатысушылардың әртүрлі әрекеттерінен тұрады. Іс жүргізу мерзімдерін екі түрге бөліп қарастыруға болады:

1. заңмен белгіленген мерзімдер;
2. сотпен белгіленген мерзімдер.

Заңмен белгіленген мерзімі сотқа және басқа да азаматтық іске қатысушыларға міндетті. Сонымен қатар сот және тараптар, іске қатысушылар өзара келісімдері бойынша өзгерте, ұзарта алмайды, тек қана дәлелді себептер болған жағдайда ғана қалпына келтірілуі мүмкін.

Сотпен белгіленген мерзімі азаматтық іске қатысушыларға байланысты тек сотпен бекітіледі және соттың өзімен керек болған жағдайда өзгертілуі (ұзартылуы) мүмкін және іс жүргізу әрекеттерін жасауға арналған мерзім заңда белгіленбесе, оны сот тағайындайды. Процестік әрекеттер жасау мерзімдері.

Процестік әрекеттер АПК-те белгіленген процестік мерзімдерде жасалады. Егер процестік әрекеттер жасауға арналған мерзім АПК-те белгіленбеген жағдайда, оны сот тағайындайды. Сот тағайындайтын процестік мерзім процестік әрекеттер жасау үшін ақылға қонымды және жеткілікті болуға тиіс.

Процестік мерзімдерді есептеу. Процестік әрекеттер жасауға арналған мерзімдер сөзсіз болуға тиісті оқиға көрсетіле отырып, дәл күнтізбелік күнмен айқындалады немесе жылдармен, айлармен немесе күндермен есептелетін уақыт кезеңімен айқындалады. Соңғы жағдайда әрекет бүкіл кезең ішінде жасалуы мүмкін» [1].

Кезеңмен айқындалатын процестік мерзімнің ағымы оның басталуы айқындалған күнтізбелік күннен немесе оқиға болған күннен кейінгі күні басталады.

Процестік мерзімдердің аяқталуы. Жылдармен есептелетін мерзім сол мерзімнің соңғы жылының тиісті айында және күнінде бітеді.

Айлармен есептелетін мерзім сол мерзімнің соңғы тиісті айында бітеді. Егер айлармен есептелетін мерзімнің соңы тиісті күні жоқ айға сәйкес келсе, онда мерзім осы айдың соңғы күнінде бітеді. Күндермен есептелетін мерзім белгіленген кезеңнің соңғы күні бітеді.

Мерзімнің соңғы күні жұмыс істемейтін күнге сәйкес келген жағдайда жылдармен, айлармен және күндермен есептелетін мерзімнің аяқталатын күні одан кейінгі жұмыс күні болып есептеледі.

Жасалуына мерзім белгіленген процестік әрекет мерзімнің соңғы күніне жиырма төрт сағат қалғанға дейін орындалуы мүмкін. Егер шағым, құжаттар не ақша сомалары мерзімнің соңғы күніне жиырма төрт сағат қалғанға дейін поштаға, телеграфқа тапсырылса немесе өзге де байланыс құралдары арқылы берілсе, онда мерзім өткізіп алған болып есептелмейді.

Егер процестік әрекет тікелей сотта жасалуға тиіс болса, онда мерзім сотта белгіленген ішкі тәртіптеме қағидалары бойынша жұмыс аяқталатын сағатта бітеді. Мысалы, сот шешімі 15 қазанда қабылданған болса, апелляциялық шағымдану 15 күндік мерзімі 16 қазанда басталып 1 қарашада бітеді.

Процестік мерзімді өткізіп алудың салдарлары. Процестік әрекеттерді жасау құқығы АПК-те белгіленген немесе сот тағайындаған процестік мерзімнің аяқталуымен жойылады.

«Процестік мерзімдер аяқталғаннан кейін берілген шағымдар мен құжаттарды, егер өткізіп алған процестік мерзімді қалпына келтіру туралы мәлімделмесе, сот оларды берген адамға қараусыз кері қайтарады. Процестік мерзімнің өтуі іске қатысатын адамды процестік міндеттерін орындаудан босатпайды.

Процестік мерзімдерді тоқтата тұру. Іс бойынша іс жүргізу тоқтатыла тұрумен бірге барлық өтпеген процестік мерзімдердің жүруі тоқтатыла тұрады. Мерзімдерді тоқтата тұру сот іс бойынша іс жүргізуді АПК-те көзделген негіздер бойынша тоқтата тұру туралы ұйғарым шығарған күннен басталады. Мысалы, тарап қайтыс болса, әрекет қабілеттілігінен айырылған жағдайда, әскер қатарына шақырылса, қызметтік іссапарда болса, емдеу мекемесінде болса т.б.

Сот іс бойынша іс жүргізуді қайта бастау туралы ұйғарым шығарған күннен бастап процестік мерзімдердің жүруі жалғасады.

Процестік мерзімдерді ұзарту және қалпына келтіру. Сот тағайындаған мерзімдерді сот ұзарта алады. АПК-те белгіленген мерзімдерді өткізіп алу себептерін сот дәлелді деп таныса, сот оларды қалпына келтіруі мүмкін.

Сот заңды бұзған жағдайда сот актілеріне шағым жасау, прокурордың өтінішхат немесе наразылық келтіруі не процеске қатысушының өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға мүмкіндігін шектейтін (іске қатысатын адамға сот актісінің көшірмелерін уақтылы жібермеу; егер сот актісі осы тұлға білетін тілге аударылмаса, сот ісін жүргізу тілін білмеу; құқық мирасқорлығын дұрыс ресімдемеу) сот актілеріне шағым жасау үшін, сондай-ақ уақтылы шағым беруге, прокурордың өтінішхат немесе наразылық келтіруіне кедергі болған өзге де мән-жайлар болған кезде сот осы баптың екінші бөлігінде көрсетілген өткізіп алған мерзімді қалпына келтіруге міндетті» [2].

Өткізіп алынған процестік мерзімді қалпына келтіру туралы арыз өзінің құқықтарының немесе заңды мүдделерінің бұзылғандығы туралы арыз иесіне белгілі болған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей, процестік әрекеттер жасалуға тиіс сотқа беріледі.

Іске қатысатын адамдар арыздың келіп түскені туралы дереу хабарландырылады және олардың сотқа пікір ұсынуға құқығы бар.

Сот өткізіп алынған процестік мерзімді қалпына келтіру туралы арызды сотқа келіп түскен күнінен бастап он жұмыс күні ішінде қарайды және шешеді.

Сот өткізіп алынған процестік мерзімді қалпына келтіру туралы арызды өз қалауы бойынша, іске қатысатын адамдарды шақырмастан қарауға не сот отырысын тағайындауға құқылы. Бұл ретте сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылған, іске қатысатын адамдардың келмеуі арызды қарауға кедергі болып табылмайды.

Мерзімді қалпына келтіру туралы арыз берумен бір мезгілде құқықтарды қорғау туралы талап берілуге, мерзімді өткізіп алу себептерінің дәлелділігін растайтын құжат ұсынылуға тиіс.

Өткізіп алған процестік мерзімді ұзартудан немесе қалпына келтіруден бас тарту туралы соттың ұйғарымына жеке шағым берілуі, прокурордың өтінішхаты, наразылығы келтірілуі мүмкін.

Процестік мерзімді ұзарту немесе қалпына келтіру туралы соттың ұйғарымы шағым жасауға, прокурордың өтінішхаты бойынша қайта қарауға жатпайды.

Императивтік мерзімдер дегеніміз екі жақтың келісімімен ғана өзгертуге келмейтін мерзім. Оған жататындар – талап арызының мерзімі, сатып алу мерзімінің ескіруі.

Диспозитивтік мерзімдер дегеніміз заңмен қарастырылған болса да, өзгертуге мүмкін болатын мерзім. Қарыз алушы адамға несие берушімен талап етілген күннен бастап 7-ші күні талап етілген кезеңмен анықталған міндеттемелерді орындау тапсырылады, бірақ өзінің келісімімен тараптар бірден орындалуын жүзеге асыруға немесе неғұрлым ұзақ жеңілдік мерзімін беруді қарастыруға құқылы.

Абсолюттік анықталған мерзімдер нақты дәл кезеңді қарастырады, онымен заңды салдарлар байланыстырылады. Мысалы, күнтізбелік күнмен немесе нақты бір уақыт кезеңімен белгіленген мерзімдер.

Қатыстық анықталған мерзімдердің нақтылығы, дәлдігі азырақ болады, бірақ олар да нақты бір уақыт кезеңімен байланысты болады (мұндай мерзімге жататындар – жеткізілім кезеңі, т.б.).

Анықталмаған мерзімдер заңмен немесе келісіммен қандай да бір мезгілдік бағдар қарастырылмаған жағдайда болады. Мысалы, мүлік уақытша ақысыз қолдануға немесе жалға осы пайдаланудың нақты мерзімін көрсетпей берілуі мүмкін.

Жалпы мерзімдер – «бұл жалпы маңызы бар мерзімдер, олар азаматтық құқықтың барлық субъектілеріне таратылады. Мысалы, сенімхаттың қызмет етуінің шектеулі мерзімі 3 жыл. 1 айда қаралуы тиіс. Арнайы мерзімдер: алименттер өндіру денсаулыққа зиян келтіру бойынша 1 ай ішінде қаралуы тиіс. Мерзімдерді ұзарту: іске қатысушылар өтініші бойынша, прокурордың өтініші бойынша, сот бастамасы бойынша.

Азаматтық істерді дайындау мерзімдері: 1 сатыда азаматтық істерді сотта қарауға әзірлеу 20 күн ішінде, ал кейбір күрделі істер бойынша мысалы, бала асырап алу, хабар ошарссыз кетті деп тану бойынша 1 ай ға ұзартылуы мүмкін. Ұзартылуға жатпайды: алимент өндіруге байланысты істер, мертігуінен немесе денсаулығынан басқаша зақымдаудан келтірілген, асыраушысынан айырылуына байланысты зиянды өтеу, еңбектегі құқықтық қатынастардан туындайтын барлық талаптар бойынша 1 ай мерзім көрсетілген. Апелляциялық сатыда істі қарау 2 ай, кассациялық сотта 1 ай, ал шағым түсіру 1 ай. Сот бұйрығын 3 күн мерзімде шығарады, ал сот шешімі 7 күнде шығарылады. Жаңадан ашылған мән жайлар бойынша қайта қарау үшін негіз болатын мән жайлар бойынша іске қатысушылар 3 ай ішінде арыз бере алады» [3].

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі, 31 қазан 2015ж.
2. stud.baribar.kz.
3. ҚР Азаматтық іс жүргізу құқығы, Нұрмашев Ү., Нұрмашева Ф.

ӘОЖ 685.34.013. 2:685.341.85

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТАБАНДАРЫН АНТРОПОМЕТРИЯЛЫҚ
ЗЕРТТЕУ**

Әбзелбек Ж., 6B07222-ББИТ-20-1 білім бағдарламасының 3 курс студенті,
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., zasminbzelbek@gmail.com
Сарсеханова Б., 6B07222-ББИТ-20-1 білім бағдарламасының 3 курс студенті,
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., bagdatsarsehanova@mail.ru
Джумабекова Г.Б., PhD, доцент м.а., М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
Тараз қ., gulzira.dzhumabekova@mail.ru

Аннотация: балаларды антропометриялық өлшемдері дұрыс болатын аяқ киіммен қамтамасыз ету мәселесіне арналған. Мектепке дейінгі жастағы балалардың табандарының ауытқуларына антропометриялық зерттеулер жасалған. Зерттеу нәтижелерін статистикалық өңдеу барысында табанның өлшемдік типологиясын нақтылауға және мектеп жасына дейінгі балаларға арналған тиімді аяқ киімдік қалыптарды бұйым жобалауда қолдануға қажетті тың деректер алынды.

Кілт сөздер: табан, аяқ киім, антропометриялық зерттеу, өлшемдік көрсеткіштер, балалар өлшемі, өлшемдік типология, табан орта, аяқ киімді жобалау, мектеп жасына дейінгі балалар, табан ауытқулары.

Балаларға арналған ортопедиялық аяқ киімдер, баланың тірек-қимыл аппаратының дұрыс қалыптасуы үшін табанның айқын ақаулары жоқ балаларға арналған.

Балаларға арналған аяқ киімнің негізгі міндеті – табанның қимыл-қозғалыс барысында дұрыс деформациялануына жол бермеу және табан орта доғасының дұрыс қалыптасуына жағдай жасау.

Табанмен жанасатын анатомиялық пішінделген бөлігі бар ортопедиялық аяқ киім келесі жағдайлардың алдын алуға және емдеуге арналған дәлелденген медициналық құрал болып табылады:

- бастапқы дәрежедегі бойлық жалпақ табандар;
- бастапқы дәрежедегі аяқтың вальгусты орнатылуы.

«Үйге киетін шәркей – бала-бақшада немесе үй жағдайында киетін аяқ киімнің ең нашар нұсқасы болып табылады. Көптеген аяқ киім өндірушілер супинаторы бар шәркейді мектеп жасына дейінгі балалардың ортопедиялық аяқ киімі деп атайды. Шәркейлер супинаторы болса да, көп жағдайда жеңіл жұмсақ текстиль, синтетикалық материалдардан жасалғандықтан, бүйір бөлшектері оңай деформациялануға ыңғайлы болады және баланың аяғы мен табанын қисаюына себепкер болады. Көп жағдайда шәркейдің өкше сіріс болмағандықтан, баланың өкше бөлігі ешқандай бөлшекпен нығайып күшейтілмегендіктен, бала жақын арада өкшесімен жүре бастамаса, онда бәрібір, баланың өкшесі ішке немесе сыртқа қарай қисайып кету ықтималдығы зор болады. Сонымен қатар, артқы және алдыңғы жағында жұқа таспалары бар сандал аяқ киімдер де баланың табанының дамуына қолайсыз нұсқа болып табылады. Мұндай таспа жолақтары аяқты дұрыс қалыпта ұстай алмай, табанның деформациялануына алып келеді» [1].

Бұл жұмыстың мақсаты - мектепке дейінгі жастағы жынысы мен жасына арналған жастықшалар бар талдау негізінде табанның антропометриялық сипаттамаларын параметрлерге түрлендіру әдістері аяқ киімнің ішкі пішіні, аяқ киімнің рационалды параметрлерін анықтау болды.

«Болашақта мектепке дейінгі жастағы баланың ағзасының денсаулығы, табанның дұрыс дамуына тікелей тәуелді екені дәлелденген. Себебі табанның дұрыс қалыптасуы баланың омыртқа-қаңқа сүйектерінің, тірек-қимыл аппаратының ауытқуы, омыртқаның қисаюы өз кезегінде барлық ағзаның қызметінің бұзылуына алып келеді. Сонымен қатар, адамның

табанының дененің барлық бөліктерінің қызметіне жауап беретін нүктелер бар болғандықтан, оларды үнемі белсендіруді қажет етеді. Мектепке дейінгі балалардың далада жалаң аяқ жүруіне мүмкіндік беру қажет, қиыршық тастарға еліктейтін массаж төсеніштерін, сондай-ақ үйде ваннаға арналған массаж төсеніштерін пайдалану, баланың аяғы мен табанын үнемі уқалау үлкен пайдасын тигізеді» [2].

Өкінішке орай, мектепке дейінгі балалардың табандарының антропометриялық пішін-өлшемдері туралы мәліметтер аз зерттелген. Мұндай мәліметтердің жоқтығы шығарылып жатқан өнімнің сапасына кері әсерін тигізуде. Себебі шығарылған өніммен сол өнімді тұтынушының табан өлшемдерінің сәйкес келмеуі өнімнің артылып қалуы сияқты көптеген шығындар әкелуде. Сонымен қатар, тұтынушы табанының арнайы антропометриялық пішін-өлшемдердің болмауы табанның патологиялық ауытқуларының пайда болуына әсерін тигізуде.

«Шығарылған аяқ киімдердің ассортименті мен сапасын көтеру және кәсіпорындардағы тұтынушылар табанының пішін-өлшемдері жайлы мәліметтер базасының болуы отандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың ең маңызды аспектілерінің бірі болып табылады. Осыған орай, жергілікті бала-бақшалардағы балалардың табандарын ауқымды антропометриялық зерттеулер жүргізу қажеттігі туындап отыр. Бұл зерттеулер мектеп жасына дейінгі топтағы балалардың табандарының орташа өлшемдерінің сипаттамасын алуға, аяқ киімнің өлшемдік ассортиментін құру үшін қажет болатын бастапқы мәліметтерді анықтауға септігін тигізеді» [2].

Антропометриялық зерттеулер табандағы қан айналымының жағдайын, аяқ киімнің табанға түсіретін қысымның таралуы мен сипаттамасын, ұзындығы мен еніне байланысты кеңдік өлшемдері туралы, табанның аяқ киім киген кездегі қысылу шегін анықтауға қажетті мәліметтерді береді. Сонымен қатар, бұл зерттеулер профилактикалық аяқ киімдер дайындау үшін патологиялық ауытқулардың сипаттамасы және оның қаншалықты таралғанын зерделеуге, стандарттар мен нормативтерді анықтауға мүмкіндік береді.

Соңғы уақытта аяқ киім өнеркәсібінде табанның антропометриялық мәліметтері бойынша аяқ киімді жобалау процестерін автоматизациялау қарқынды дамып келеді. Бұл үшін халықтың табандарының пішін-өлшемдері туралы тиісті антропометриялық мәліметтер қажет, ал ол мәліметтерді жинақтауға антропометриялық зерттеулер жүргізу бүгінгі таңда біздің алдымыздағы өзекті тапсырмаға айналып отыр.

Осыған орай, арнайы рұқсатпен мектеп жасына дейінгі балалардың табандарының антропометриялық өлшемдері алынды. Ғылыми зерттеу жұмысының мақсаты: мектеп оқушыларына арналған ортопедиялық аяқ киімді жасау технологиясын жетілдіру және жеткішек қыздардың табандарын антропометриялық зерттеу табылады.

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

- халықтың табанын зерттеудің әдістері мен өлшеу бағдарламаларын таңдау;
- табанның өлшемдеріне антропометриялық зерттеулер жүргізу;
- алынған мәліметтерден статистикалық өңдеу нәтижелерін шығару.

Тапсырмаға сәйкес табанның өлшемдеріне антропометриялық зерттеулер жүргізілді. Жамбыл облысының мектеп жасына дейінгі бала-бақшалардағы балалардың, яғни жас ерекшелігі 5-7 аралығын қамтитын 500 баланың табан өлшемдері алынды. Бұл мекемелерге қалалық білім беру бөлімінің арнайы рұқсат хатымен зерттеулер жүргізілді.

Антропометриялық зерттеулер нәтижелеріне ықтимал теориясына негізделген математикалық статистика әдістері мен өңдейді. Зерттелініп жатқан белгілері құбылмалы болып өңдейді. Зерттелініп жатқан белгілері құбылмалы болып тұрады.

Қолданбалы есептердің шығуын жеңілдету үшін ауытқуларды есепке алмайды. Себебі олар сынық қатесі шектерінде болып көлемі төмен болады [2].

Егер σ , M –ден пайызбен өрнектесек осы белгінің құбылмалы коэффициентін табамыз, яғни вариациялы коэффициентті.

$$V = \frac{\sigma \cdot 100}{M} \quad (1)$$

Жеке нәтиже барлық генералдық жинақтың сипаттауын дәпдеу үшін қосымша сипаттамаларды есептейді. Оларға, M , σ және V

Негізгі статистикалық көрсеткіштерінің орта қателерін m келесі формулалармен есептейді:

$$m(M) = \pm \frac{\sigma}{\sqrt{n}}; m(\sigma) = \pm \frac{\sigma}{\sqrt{2N}}; m(V) = \pm \frac{V}{\sqrt{2N}} \quad (2)$$

Неғұрлым M / m нәтижесі үлкен болған сайын, солғұрлым нәтиже сенімділеу. Егер, бөлінген сан 3 м кем болса, зерттеу нәтижелерін жеткіліксіз деуге болады.

Кесте 1

Табан өлшемдерін статистикалық өңдеу нәтижелері

Көрсеткіш	Статистикалық көрсеткіштер		
	$M \pm m$	$G \pm m$	$V \pm m$
Табан ұзындығы, мм	232±1,65	12,2±0,76	4,59±0,324
Шоғыр ені, мм	74,48±0,46	4,68±0,33	5,26±0,37
Өкше ені, мм	55,32±0,41	4,17±0,27	6,73±0,47
Шоғыр құлашы, мм	214,01±1,17	11,9±0,81	5,25±0,37

Статистикалық өңдеу нәтижелеріне қарай мынандай тұжырым шығаруға болады.

- 18-23 жастағы қыздардың табан ұзындығы 232±1,65 мм тең болды, бұл қыздардың орта өлшемінен төмен. Осындай ауытқу орта өлшемі аса байқалмайды.
- ортаквадраттық ауытқу $\sigma \pm m = 12.2 \pm 0.76$ мм
- вариация коэффициенті $V \pm m = 4.59 \pm 0.324$

Бұл көрсеткіштердің көлемі жалпы қабылдыдарға сәйкес келеді.

Табанның қалыптасу кезеңі - баланың барлық ағза мүшелерінің, жалпы денесінің қалыптасуындағы керемет маңызды кезең, сондықтан оны барлық жауапкершілікпен қабылдап балаларға аяқ киімді таңдау өте маңызды.

Зерттеуге 4-7 жас аралығындағы 500 бала (мектепке дейінгі топ) табанының ұзындығы 185 ұ 2,5 мм және сыртқы шоғырының өлшем айналымы 180 ұ 3 мм (табанның ортаңғы параметрлері) анықталды. Әрбір баланың табан өлшемінің өзгеруі алдымен ұзындығы бойынша, содан кейін аяқтың толықтығын айналма өлшемі бойынша алынды. Әрбір өлшем үшін үш рет өлшеу қайталанып, зерттелген параметрлердің орташа мәндері есептелді. Содан кейін балалардың барлық тобы үшін жаяу жүру кезінде аяқтың ұзындығы мен айналма толықтық өлшемдерінің өзгеруінің зерттелген параметрлеріне статистикалық өңдеу жүргізілді. Сонымен келесі негізгі статистикалық сипаттамалар анықталды: орташа арифметикалық мән (M), орташа арифметикалық кателік ($m(M)$), минимум (min), максимум (max), орташа квадраттық ауытқу (σ), орташа квадраттық ауытқудың кателігі ($m(\sigma)$), вариация коэффициенті (V) [3].

Кесте 2

Мектеп жасына дейінгі (4-7 жас) балалардың жүруі кезінде аяқтың ұзындығы мен толықтығы бойынша айналма өлшемдерінің өзгеруін зерттеген параметрлерінің статистикалық сипаттамасы

Өлшемдік көрсеткітер	Белгіленуі	Статистикалық көрсеткіштер					
		<i>M</i> , мм	<i>m (M)</i> , мм	<i>min</i> , мм	<i>max</i> , мм	$\square$, мм	<i>V</i> , %
Табанның ұзындығы	<i>Дст.</i>	5,0	0,1	4,4	5,5	0,3	6,5
Сыртқы шоғыр бойынша табанның айналма толықтығы	<i>Он.п.</i>	4,5	0,1	4,0	5,0	0,3	7,5

1-кестеден көріп отырғанымыздай, зерттелетін параметрлер бойынша орташа арифметикалық шаманың қателігі белгінің мәнінен 0,5% аспайды, бұл алынған мәліметтердің сенімділігін көрсетеді.

Осылайша, жүргізілген зерттеулер мектеп жасына дейінгі жыныстағы және жас тобындағы балалар үшін тұрған кездегі бірдей өлшеммен салыстырғанда жүру кезінде аяқтың ұзындығы мен шеңберінің ұлғаюы сәйкесінше 5,0 мм және 4,5 мм болатынын көрсетті.

1-кестеден көріп отырғанымыздай, зерттелетін параметрлер бойынша орташа арифметикалық шаманың қателігі белгінің мәнінен 0,5% аспайды, бұл алынған мәліметтердің сенімділігін көрсетеді. Осылайша, жүргізілген зерттеулер мектеп жасына дейінгі жыныстағы және жас тобындағы балалар үшін тұрған кездегі бірдей өлшеммен салыстырғанда жүру кезінде аяқтың ұзындығы мен шеңберінің ұлғаюы сәйкесінше 5,0 мм және 4,5 мм болатынын көрсетті.

МЕСТ 3927-88 сәйкес мектепке дейінгі балалардың аяқ киімдері мен табандарының бастапқы орташа өлшемі (185-ші) 185 мм тең, яғни табанның ұзындығына сәйкес келеді. Қалыптың өкше бөлігінің көтеріңкі биіктігін ұсыныстарға сәйкес 10 мм деп қабылданды [3].

Дегенмен, соңғы уақытта Қазақстан Республикасының кәсіпорындарында балалар аяқ киімін өндіру үшін негізінен штихмасс нөмірлеу жүйесінің импорттық қалыптары қолданылады. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының аумағында МЕСТ 3927-88 штихмассалық нөмірлеу жүйесінің аяқ киімдері мен аяқ киімдері үшін толықтырулар енгізілуі ұсынылады.

Әдебиеттер:

1. Милушкова, Ю. В. Устройство для регистрации изменения длины стопы в динамике / Ю. В. Милушкова, В. Е. Горбачик, А. Л. Ковалев // С наукой в будущее: материалы международной научно-практической конференции высших и средних специальных учебных заведений, Барановичи, 18 мая 2012г. / УО «Барановичский государственный колледж легкой промышленности им. В. Е. Чернышева». – Барановичи, 2012. – С. 101-103.
2. Конструирование изделий из кожи : учебник для студентов вузов, обуч. по спец. «Конструирование изделий из кожи», «Технология изделий из кожи» / Ю. П. Зыбин [и др.]. – Москва : Легкая и пищевая промышленность, 1982. – 264 с.
3. МЕСТ «Колодки обувные. Общие технические условия.» – Взамен ГОСТ3927-75 ; введ. 1988-09-28. – Москва : Изд-во стандартов, 1989. – 60 с.

УДК 685.34.016.22

АЯҚ КИІМДІ ЖОБАЛАУДЫҢ ЗАМАНАУИ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ҚАРАСТЫРУ

Тұрым Ж., 6B07222-ББИТ білім бағдарламасының 2 курс студенті, М.Х. Дулати атындағы
Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., turymzanel@gmail.com
Әлиқызы А., 6B07222-ББИТ білім бағдарламасының 1 курс студенті, М.Х. Дулати атындағы
Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.
Байдильдаева А.К., техника ғылымдарының магистрі, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік
университеті, Тараз қ., asel.baydildaeva.95@mail.ru

Аннотация: әлемдік бәсекеге байланысты және уақыт үнемділігі мақсатында пайда болған, қалыптар және аяқ киімді жобалауға арналған заманауи бағдарламаларға талдау жасалған. Сәнді аяқ киімді дизайнын аяқ киімді жобалауға арналған бағдарламалық құралдар арқылы жасаудың қаншалықты ыңғайлылығы қарастырылған.

Кілт сөздер: аяқ киім, жобалау, сандық бағдарлама, 3D модулі, компьютер

Аяқ киім өнеркәсібі сатып алушы үшін қарқынды бәсекелестік бар саланың тамаша мысалы болып табылады. Аяқ киімнің дизайнына, оның сапасына үнемі өсіп келе жатқан талаптар, бір мезгілде жаңа үлгілерді әзірлеу уақытын қысқарту және оларды жаппай өндіріске шығару, сондай-ақ бағаны бәсекеге қабілетті деңгейде ұстау өндірушілерді сөзбе-сөз аяқ киімді жобалау мен өндірудің барлық кезеңдеріндегі соңғы технологияларды енгізуге мәжбүр етеді. Бұл технологиялардың көпшілігі компьютерлік модельдеу жүйелерін қолдануға және аяқ киімнің өзін де, оны сериялық өндіруге арналған технологиялық жабдықты да өндіруге негізделген.

Сәнді аяқ киім дизайнын аяқ киімді жобалауға арналған арнайы бағдарламалық құралдар арқылы жасау әлдеқайда ыңғайлы. Сапалы бағдарламалық жасақтаманың көмегімен керемет үлгілерді жасай алуға болады және әлемге шығармашылық қабілеттерді көрсетуге мүмкіндік береді.

Заманауи CAD компьютерлік технологиялар модельдерді құру процесіне және оларды өндіру технологиясына жаңа көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Сөмкелер мен аяқ киім өндірісінде бұйымды макеттеу компьютердегі виртуалды модельдің жоғары дәлдіктегі дизайнымен сәтті ауыстырады. Аксессуарлар мен аяқ киімдердің бірыңғай түсті шешімін жылдам табуға мүмкіндік беретін компьютерлік дизайн жүйелері өндіріске сәтті енгізілуде [1].

Сөрелер мен сөрелерге ағаш немесе тас мүсіншелерді қоюға болады. Өз қолыңызбен табиғи материалдардан жасалған декор жақсы көрінеді. Экостиль ағаш кесінділерінен жасалған қабырға композицияларымен, ағаш жақтаулардағы айналармен сипатталады. Бөлмелерді безендіру үшін түрлі-түсті плакаттар мен суреттер сирек қолданылады.

Әр түрлі бөлмелердің интерьеріндегі экостиль. Қонақ бөлмесі - эко қонақ бөлмесінің керемет атрибуты — коминді пеш. Оның шынайы немесе био екендігі маңызды емес. Оттың көрінісі табиғи бұрыштың атмосферасын мүмкіндігінше толықтырады. Шынайылық үшін каминнің алдына бөренелер қоюға болады.

Егер бөлмеде пластикалық терезелер болса, жақтауларды «ағаш астында» пленкамен жабыстырған жөн. Бірақ қарапайым ағаш әлдеқайда әсерлі көрінеді, сондықтан таңдау мүмкіндігі болса, осы нұсқада тоқтаған жөн.


Эко-стильдегі қонақ бөлме үшін тамаша шешім - тоқылған тербелетін орындықтар. Қарасора орындықтары керемет көрінеді. Өңдеу неғұрлым аз болса, табиғат атмосферасын соғұрлым толық қалпына келтіруге болады. Тағы бір танымал нұсқа — жұмсақ жастықшасы бар ілулі орындық [2].

Дивандарға арнайы талаптар жоқ. Ең бастысы, олар қысқа пішінді. Дизайнерлер артқы жағы жоқ жартылай дөңгелек дивандарға немесе ағаш тіректері бар қарапайым тікбұрышты дивандарға кеңес береді.

Бөлменің ортасына кішкене өрілген төсеніш алаша немесе төсеніш қоюға болады. Бірақ бүкіл бөлмеге арналған кілемнен бас тарту керек. Еденді ламинатпен немесе паркет тақтасымен аяқтаған дұрыс. Тығын жабыны да қонақ бөлмесі үшін лайықты нұсқа болып табылады.

Жатын бөлме ағаш қабырғалар, тірі жасыл өсімдіктер және темір элементтері жоқ ыңғайлы төсек — бұл жайлы эко-стильдегі жатын бөлменің негізгі атрибуттары. Еденге жүн төсеніш қоюға болады.

Ең жақсы декор-ағаш немесе шыны мүсіншелер. Мұндай өнімдерді тауашаларға немесе сөрелерге орналастырған дұрыс. Қабырғаларға өсімдік суреттері бар фото панельді іліп қоюға болады. Терезелердің дизайнына ерекше назар аудару керек. Бірнеше нұсқа: жеңіл перделер, тік ағаш перделер, мөлдір жасыл немесе көк түсті тюль.



Сурет 2. Эко стильдегі интерьер

Адам табиғаттың бір бөлігі және ол оған жақын болуға тырысады, сондықтан адамның өзін табиғат элементтерімен қоршауға деген ұмтылысы күтіледі. Оның міндеті-ол тұратын жер туралы ойлау, оған баспана, тамақ, ауа беру. Жыл сайын ластану көбейіп келеді, ал адам мәдениеті төмендеуде. Интерьердегі экологиялық табиғи материалдарды қолдана отырып, сіз кем дегенде табиғатқа таза болуға көмектесе аламыз, осылайша осы планетаның, демек, адамдардың өмірін ұзарту мәселесіне өз үлесімізді қосамыз.

Өз үйіндегі табиғи материалдардың элементтерімен қоршалған адам қоршаған ортаға сезімтал болады, ол қолымен табиғи материалдарды, текстураларды сезінеді және айналасындағылардың бәрі тірі екенін түсінеді. Бұл стиль адамды бейсаналық түрде тәрбиелейді.

Эко-стильдегі интерьерді орындау соншалықты қиын емес. Қазіргі уақытта табиғи материалдарды өндіруге және олардан жиһаз бен декор жасауға барлық қолайлы жағдайлар бар. Технология бір орында тұрмайды және жақын арада табиғи материалдарды неғұрлым қолайлы бағамен өндіруге көбірек мүмкіндіктер пайда болады [3].

Ежелгі уақытта адам өз үйлерін жасауда табиғи материалдарды қолданған. Уақыт өте келе адам жасанды материалдар жасауды үйренді және бұл жетістікпен мақтанады. Бұл фактордың артықшылығы-технологиялық прогресс дамып келеді және бір орында тұрмайды. Жаңа материалдар мен оларды қолдану технологиялары игерілуде. Қазіргі уақытта заманауи технологияларды қолдана отырып, экологиялық тұрғыдан, сондай-ақ эстетикалық жағынан тұтынушылардың сұраныстарын толығымен қанағаттандыратын табиғи материалдардан таңғажайып табиғи өнімдер жасауға болады.

Осылайша, жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, эко - дизайн интерьердегі жаңа бағыт ретінде оптимистік болашаққа ие деген қорытынды жасауға болады. Адамзаттың көп бөлігі қоршаған ортаның тазалығына, үйдегі экологияға және табиғатты қорғауға назар аудара бастайды. Сондықтан интерьер дизайнының көптеген клиенттері экологиялық дизайнды таңдайтыны таңқаларлық емес.

Әдебиеттер:

1. Минервин Г.Б., Шимко В.Т., Ефимов А.В. и др. Дизайн. Иллюстрированный словарь-справочник. / Под общей ред. Г.Б. Минервина, В.Т. Шимко. М.: Архитектура. С., 2004. 61 б.
2. Власов В.Г. Стили в искусстве. Словарь. Т.1/В.Г. Власов. СПб.: Кольна, 1995. 672б.
3. Демидова Н.Н., Камерилова Г.С. Основы экологического дизайна урбанизированной среды, 2014. 38 б.

ӘОЖ 391:7.048.38

КӨРУ ИЛЛЮЗИЯЛАРЫН ЗАМАНАУИ КОСТЮМДЕ ҚОЛДАНУ ТӘСІЛДЕРІН ТАЛДАУ

Аскарова Ж. «Дизайн» мамандығының 3 курс студенті, М.Х. Дулати атындағы
Тараз өңірлік университеті, Тараз қ. jansayaajansaya53@gmail.com
Уалиев Б.М. т.ғ.к., «Дизайн және сән индустриясы» кафедрасының доценті,
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ. U-bols@mail.ru

*Аннотация: Мақалада заманауи костюмді жобалау кезіндегі көру иллюзияларын
мағынасының негізгі қағидалары және қолдану тәсілдерін талдау әдістері қарастырылады.*

*Кілт сөздер: көрнекті иллюзия, көркемдік құрастыру, көркем бейне, композициялық елес,
сәндік пішін, бөлшектер, көрнекті алдау.*

Біз әрқашан өзімізге мойындамасақ та, әрқайсымыз тартымды көрінгіміз келеді. Дизайнерлер, сәнгерлер, стиль бойынша кеңесшілер өз жұмысында көрнекті иллюзияларды қолданады, олардың көмегімен олар адамға қалағандай көрінуге көмектеседі.

Көрнекі иллюзиялар адам тұлғасын көрнекті түрде түзетуге ғана емес, сонымен қатар жалпы үйлесімді және эстетикалық бейнені жасауға көмектеседі.

Көптеген әйелдер өздерінің фигураларына риза емес: біреудің жамбастары тым көлемді болып көрінеді, біреудің бойы ұнамайды. Мұның бәрін киіммен жасыруға тырысамыз. Және бұл үшін әртүрлі тәсілдер бар. аксессуарлардың, киім үлгісінің, өкшелі аяқ киімнің, киімнің кейбір құрылымдық бөлшектерінің көмегімен көрнекті түрде түзете алуға болады. Матада немесе пішімде көрнекі иллюзияларды қолдану арқылы және қажет жерде көлем қосып, қажет емес жерде алып тастай алуға болады.

Иллюзия немесе көрнекі алдау әлде қашан киімде қолданылған. Тарихи сәнге назар аударатырып, кең белдемшелер мен тығыз корсет көмегімен белді қалай "тарылтқанын" оңай байқалады, аяқтар ұзағырақ көрінуі үшін оны қалай көтереді. Мойын жіңішке, ал басы кішірек және әсем болуы үшін костюмнің мойынын алып жағамен қалай безендіру керекін [1].

Толтырылған кеңістіктің елесі деп аталатын нәрсе-сәнді элемент немесе өрнегі бар киім бізге әрқашан олармен толтырылмаған киімнен үлкенірек болып көрінеді. Бұл қағида фигураның үстіңгі және астыңғы жағын үйлестіру үшін ыңғайлы. Мысалы, фигураның түрі үйлесімді көріну үшін, фигураның жоғарғы бөлігінің бөлшектерін, декорын, үлгіде қолданған кезде, сәл үлкенірек болып көрінсе — осылайша біз көрнекті дисгармонияны алып тастаймыз (үстіңгі жағы өте нәзік және көлемді түбі), ал жалпы пішіні пропорционалды болады.

Бөлшектермен, сәндік элементтермен, төменгі белдемшіні толтыра алуға болады, сонда ол сәл үлкенірек және жоғарғы жағымен үйлесімді болады. Егер фигураның белгілі бір аймақтарын үлкейтуді қаламасаңыз, сәндік элементтерді, сурет, бөлшектерді қолданудың қажеті жоқ.

Қазіргі заманғы киімдерде астарлы иықтар, кеудеге арналған пиджактар мен кешкі арнайы іш киімдер бар, бұл керемет фигураға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бірақ бұл әдістер айтарлықтай жеңілдетілді, өйткені сұлулық стандарттары өзгеріп тұрады.

Киімдегі иллюзияларды жасаудың бірінші жолы- көрнекті иллюзияларды жасау әдістерін қолдана отырып, көрнекті бейнені өзгерту: фигураны әсімділік ету үшін кез-келген үлгілеу құралдарымен тігінен баса назар орындалады, жалпақ және жолақты маталар қолданылады, мойын мен мойын сызығын үлгілеуге ерекше назар аударылады және т. б.

Көрнекі иллюзияларды қолданудың екінші жолы-сызықтардың, жолақтардың, жасушалардың геометриялық дәл жұптасуын, сондай-ақ мата жазықтығын иллюзиялық көлемді кеңістікке айналдыруды қажет ететін оп-арт үлгісіндегі киімдерді жасау.

Осылайша, киімдегі көрнекі иллюзияларды фигураны азды-көпті мінсіз ету үшін ғана емес, сонымен қатар үлгінің көркемдік бейнесін эстетикалық тұрғыдан маңызды және сонымен бірге парадоксалды қабылдауға қол жеткізу үшін де қолдануға болады [2].

Біздің көру өрісінің жоғарғы жағындағы қашықтық оның төменгі бөлігіндегі қашықтықтан үлкен болып көрінеді. Бұл иллюзия киімнің үстіңгі және астыңғы бөліктерінің пропорцияларын анықтауға тән. Бірдей қатынастар, мысалы, блузка мен юбка ұзындығы, үстіңгі жағына қарай аздап жылжиды және бұл жасырын айырмашылық алаңдаушылық туғызады, өйткені көз салыстыра бастайды: ұзындығы неден үлкен және неден аз. Айырмашылық айқын болуы керек, яғни "көзбен оқуға" болатын.

Толтырылған бос орынның елесі, кейде сәндікпен немесе костюм бөлшектерімен толтырылған кеңістік оған тең толтырылмаған кеңістіктен үлкен болып көрінеді. Сонымен қатар, иллюзия бос орынды жиі толтырған кезде пайда болады. Бос орынды немесе фигураны сирек толтырған кезде, мысалы, бір жолақ, керісінше иллюзия пайда болады. Фигураның көрінетін өлшемдерін үлкейту қауіпті бөліп келеді да бөлшектерді ол жерге жинамау керек.

Пішіндердің, өлшемдердің және пластикалық өрнектің қарама қайшылығын қарастыратын болсақ, үлкеннің жанындағы кішкентай пішін одан да кішірек болып көрінеді, кішкентайлармен қоршалған үлкен пішін одан да үлкен болып көрінеді. Үлгілеуде қарама қайшылық өте кең қолданылады және оның әсері айқын. Мысалы, үлкен бас киімде бас кішкентайға қарағанда кішірек болып көрінеді; егер мойынның жағасы кең болса, онда жіңішке мойын одан да жіңішке болып көрінеді; кең жеңдегі арық қол одан да арық, белі қатты тартылған кең жамбас одан да кеңірек болып көрінеді.

Мысалы, кең иықтарда қамыт сызықтарындағы әсері ерекше байқалады. Манжеті жоғары қаратылған жең қолды ұзартатын манжеті төмен қаратылған жеңге қарағанда қысқа болып көрінеді.

Жабық және жабық емес пішіндердің елесі-жабық пішіні бар фигура ашық пішіні бар фигураға қарағанда кішірек болып көрінеді. Ашық контурдың иллюзиясы бір нәрсенің өлшемін өзгерту қажет болғанда қолданылады.

Егер мойын қысқа болса, онда "тамақтың астына" жағаны жасауға болмайды, егер иықтар кең болса — оларды мойынның немесе жағаның бірдей пішінімен баса айтудың қажеті жоқ

Фигураны тігінен қарама-қарсы түсті маталармен бөлу кезінде көлемді азайту елесі. Бұл иллюзия оң жақ жартысы ақ матадан, сол жағы қара матадан; оң жең қара матадан, сол жағы ақ матадан, яғни асимметрия әдісі қолданылады.

Пішінді бөлшектеу елесінде, егер белсенді, жеткілікті үлкен өрнек немесе декормен толтырылған болса, киім пішіні анық емес оқылады.

Сонымен қатар, заманауи коллекциялар симметрияны жою арқылы киімнің тұтастығын бөлшектеу әдісін қолданады (бір жең, куртканың немесе юбканың жартысы, шалбардың жартысы және т.б.), осылайша таза пішін көрнекті түрде ұсақталып, жеке бөліктерге бөлінеді. Пішінді бөлшектеу әдісі көбінесе толық фигураға үлгілеу кезінде қолданылады. Бұл жағдайда өте үлкен сәнді раппорты бар маталар немесе фигураның контурын жасыратын монораппортты композициялар қолданылады.

Кейде екі өлшемді шешім жазықтығын әдейі бұзатын үлгінің кеңістіктік шешімі иллюзиясы бар үлгілер монокомпозиция немесе үлкен раппорты матасы түрінде ұсынылады.

Фигураның белгілі бір кемшілігін жасыру үшін назар киімдегі басқа жерге бағытталады немесе адамның сыртқы келбетінің артықшылықтарын мақсатты түрде баса көрсетеді. Мысалы, фигураның "іргелі" түбінде композициялық алаңдатын,яғни көңілді басқа жақа аудару, екпін мойын, иық белдеуі, зергерлік бұйымдар, декор, толықтырулар көмегімен бетті безендіру болуы мүмкін [3].

Толық фигураны модельдеу кезінде екі түрлі әдістің бірін қолдануға болады:

"Прет-а-порте" киім коллекцияларында алғаш рет жолақты маталарда иллюзияларды қолданатын үлгілер пайда болды, олардың көмегімен фигураның үйлесімділігі баса айтылады.

Мысалы, Дж. Версаче үлгілерінде жіңішке белге және сәл кеңейтілген жамбасқа баса назар аудару үшін, үлгілерде қозғалыс иллюзиясы, көлем мен кеңістіктік иллюзиясы бар жолақтардың әртүрлі ырғағы бар жолақты маталарды қолдануы, бүкіл топтамаға өткір динамизм мен сәнді әсемділік берді.

Осының бәріне сүйене отырып, киімді үлгілеуде көрнекі иллюзияларды білу және қолдану заманауи костюмді жобалау мәселелерін сауатты шешуге мүмкіндік береді деген қорытынды жасауға болады.

Әдебиеттер:

1. Козлова, Т.В. Законы зрительного восприятия / Т. В. Козлова, Г.В. Иванова. – М.: МГТУ им. А. Н. Косыгина, 2005. – 180с.
2. Уалиев Б.М., Мукаева А.М. Костюм дизайны. – Тараз: Тараз университеті, 2013ж.
3. Объемно-пространственная композиция. Под ред. проф. А.В. Степнова. – М.: Архитектура, 2004.

ӨОЖ 78:37.01

МУЗЫКАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАДАҒЫ ТҰРМЫСТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕР МҰРАСЫНЫҢ МЕКТЕП ОҚУЛЫҚТАРЫНДА ҚАМТЫЛУЫ

Қыстаубай А., 6B01402-«Музыка мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасының 1курс студенті, Тараз қ., М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,

kystaubaiakbota@gmail.com

Абдикеримова П.Ж., «Музыка және қолданбалы өнер» кафедрасының аға оқытушысы, педагогика магистрі, Тараз қ., М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,

Abdi-feia77@mail.ru

Аннотация: мақалада музыкалық педагогикадағы тұрмыстық салт-дәстүрлер мұрасының қазіргі таңдағы музыкалық білім беруге арналған мектеп оқулықтарының мазмұнында қамтылуы қарастырылған.

Кілт сөздер: музыкалық педагогика, қазақ қалқының тұрмыстық салт- дәстүрлер мұрасы.

Қазіргі таңда кез келген адам өзінің туған тарихын, төл мәдениетін білуі, рухани құндылықтарды сақтауы, жоғары саналы болуы, өз ұлтының мәдениеті мен салт- дәстүрлерін игеруі қажет.

Тұңғыш Елбасымыз Н. Назарбаев: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында: «... Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс», - деп атап көрсетеді [1].

Сондықтан өскелең ұрпақтың алдында ұлттық сана-сезімі, ізгілігі, жан-жақты және сапалы білім алып, адамзат қоғамындағы қалыптасқан мәдени мұра, рухани құндылықтарды қолдау, бағалай білу міндеті тұр. Олай болса, музыкалық педагогикадағы тұрмыстық салт-дәстүрлері негізінде қазіргі өсіп келе жатқан ұрпаққа саналы тәрбие берудің маңыздылығы арта түседі.

Қоғамдық-саяси, мәдени өзгерістер орын алған тәуелсіз Қазақстанда қазіргі таңда орта мектептерде музыкалық, эстетикалық тәрбие саласында нақты талаптар қойылып отыр.

Республикамызда жас ұрпақтың музыкалық білімі мен тәрбиесін ғылыми тұрғыда Р. Джердемалиева, Р. Дүйсенбінова Т. Менкешова, М. Балтабаев, С. Ұзақбаева, Е.Б. Абдуллин және т.б. көптеген зерттеулерінде қолға алынды.

К.Ісләмжанұлы: «Қазақтың отбасылық дәстүрі, халық әндері ұлттық өнердің қайнар бұлағы. Музыкалық фольклор жүйесінің бұл көне түрлерінде ғасырлар бойы қалыптасқан ырымдар сақталған. Қазақ халқының өмірінде маңызды орын алатын салт-дәстүрлік әндер жанрлық тақырыптары жағынан мынадай салаларға ажыратылады: арбау-байлау әндері; үйлену тойларында айтысатын әндер, нәрестенің дүниеге келуімен байланыстырылып айтылатын әндер, қайғы-қасірет, мұң-шер әндері» [2].

Алғашқы дәстүрлі қазақ фольклоры уақыт өте келе бізге үлкен өзгерістермен, өз қалпында сақталмай, бірақ жойылмай жеткені белгілі. Антологиядағы барлық салттық заңдылықтар оның әуен, интонация, ырғақ (кеңейтілген көлем) тұрғысынан дамығанын көрсетеді. Ән мәтіндерінде барлық уақыттағы әндерді шырқаған осы кезеңнің өмірін сипаттайтын сөздер бар. Біздің ойымызша, дәстүрлі әндердің ежелгі дәуірі олардың жанрынан туындайды. Сондықтан емдеу, некеге тұру, туылу, жерлеу және т.б. рәсімдерінің ырымдары нақты белгіленуі керек. салт-жоралармен бірлік ретінде тұжырымдалған. Алайда дәстүрлі халық әндерін халық әндерінен ажырату қиын. Себебі олар бір-бірін толықтырады, кейде тіпті біріктіріледі. Тұрмыс- салт әндері белгілі бір салт-дәстүрге байланысты орындалатын болса, әдет-ғұрып әндері күнделікті өмірде жиі кездеседі.

Қазақтың тұрмыстық- музыкалық салт-дәстүрлер мол мұрасын бүгінгі ұрпақтың бойына сіңіру үшін онымен етене жақын араластыру қажет. Оған мүмкіндік беретін қайнар көздің бірі мектеп оқулықтары. Қазіргі күнге дейін қолданылып келген мектеп оқулықтарында музыкалық педагогикадағы тұрмыстық салт- дәстүрлер мұрасының қамтылуына зер салайық.

Республикамыздағы жалпы орта білім беретін мектептердегі музыка сабағының шығу тарихына үнілсек, 1-7 сыныптарда хормен ән айту, музыкалық сауаттылық және музыка тыңдау сияқты музыкалық әрекеттер музыка сабақтарының бағдарламаларында қолданылады. Үйренуге және тыңдауға қазақтың белгілі музыкалық шығармалары ұсынылады.

«Музыка» (Б.Ғизатов), «Мұрагер» (А.Райымбергенов), «Елім-ай» (М.Балтабаев) атты бағдарламаларының мазмұнында өзінің туған жеріне, еліне, Қазақстанның сұлу табиғатына деген сүйіспеншілікті оятуға, эмоционалды қабылдау арқылы іске асыру көзделген. Орта мектептегі «Музыка» пәніне арналған бағдарламаларды Б.Ғ.Ғизатов, Г.Ж.Қарамолдаева, Р.Р.Жәрдемалиевалар құрастырды. Бұл бағдарламасының тақырыптық құрылымындағы мазмұнына әр түрлі ұлттық музыкалық материалдар – халық және халық шығармалары енгізілген.

Авторлар аталған бағдарламаға педагогикалық тәжірибеде қолданылатын халық әндерін жиі енгізген. Халық әндері балалардың дауыс қабілеттерін дамытып, дыбыстарды дұрыс ести білуге, әуенді жылдам есте сақтауға, музыканы нота арқылы айтуға үйретуге әсерін тигізді.

Бұл бағдарламада тұрмыс салт-жырының бірі «Әлди-әлди», «Бала жұбату», халық әндері– «Қамажай», «Елім-ай», «Қараторғай», «Жайдарман» және «Терме» қамтылған [3].

М.Балтабаев, Т.Қышқашбаев, Б.Өтемұратова әзірлеген «Елім-ай» ән-күй сабағының бағдарламасында да «Әлди-әлди», «Бала уату», «Қой мен ешкім өсе бер», «Тұсау кесу жыры», «Жарапазан», «Әй-әй бөпем», «Жар-жар» кездеседі.

Ал, қазіргі таңдағы жарық көрген, қолданыстағы музыка оқулықтарында қазақтың тұрмыстық салт-дәстүрлер мұрасының орта мектептерде 1-6 сыныпқа арналып, қамтылу жағдайы қалай екенін баяндайық.

М.А. Оразалиева, С.Қ. Омарованың «Музыка» атты жалпы білім беретін мектептің 1-сынып оқушыларына арналған оқулығының «Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті» атты 6-бөлімінде халқымыздың салт-дәстүрлері «Шілдехана», «Ашамайға мінгізу» «Көрімдік», «Сүйінші» туралы ақпарат айтылып, «Бесік жыры», «Тұсаукесер» жыры, Жұмбақ саусақ (халық әні) тыңдау мен орындауға беріледі.

Ш. Құлманова, Б. Сүлейменова, Т.Тоғжановтың «Музыка» атты 2-сынып оқушыларына арналған оқулығының «Салт-дәстүр және фольклор» атты 6-бөлімінде фольклор, салт-дәстүр туралы түсініктер беріліп, халықтың тұрмыс-тіршілігіндегі ғұрыптар, ырымдар айтылады. Бұл

бөлімде халық әуені мен ырғақтары, «Тартыс», «Қош келдің, Наурыз!», «Ортеке» күйі, «Сыбызғымен жеткен көне аңыз» және т.б. тақырыптар қамтылған [4].

Ш. Құлманова, Б. Сүлейменова, Т. Тоқжанов, Ж. Махамбетованың «Музыка» атты жалпы білім беретін мектептің 3-сынып оқушыларына арналған оқулығы «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» атты 2-бөлімде «Айтыс – сөз сайысы», «Музыкадағы көңіл- күй», «Терме – нақыл, өсиет», «Жақсылық жасай білейік» тақырыптары қамтылған. «Музыкадағы көңіл- күй» тақырыбында «Елім-ай» (халық әні) тыңдау мен талдауға берілген. «Айтыс – сөз сайысы» тақырыбында «Бәдік» ойыны, Ұл мен қыздың айтысын орындауға берілген.

Ш. Құлманова, Б. Сүлейменова, Т. Тоқжановтың жалпы білім беретін мектептің 4-сынып оқушыларына арналған оқулығының «Мәдени мұра» атты 3-бөлімінде «Көне қобыз сарыны», «Домбыра-асыл мұра» халық күйлері, Ықылас, Бұқар жырау, Естай ақын шығармашылығы беріледі. «Атадан қалған жауһар жыр» тақырыбында батырлар жыры, Алпамыс батыр жырынан үзінді танысуға, «Құсни -Қорлан» әні тыңдауға, Халық әні «Қоғалы-ай» орындауға ұсынылады. Шешендік өнер сайысы шығармашылық тапсырма ретінде беріледі [5].

Ш. Құлманова, Б. Сүлейменова, Т. Тоқжановтың жалпы білім беретін мектептің 5-сынып оқушыларына арналған оқулығында музыкалық педагогикадағы салт- дәстүрлер мұрасы кеңірек қамтылған. Аталған оқулықта 1-тоқсан. Қазақ халқының музыкалық мұрасы.

2-тоқсан. Қазақ халқының дәстүрлі тұрмыс-салт әндері және заманауи музыкасы берілген.

1-тоқсан. Қазақ халқының музыкалық мұрасы келесі тақырыптарды қамтиды:

1,2,3-сабақтар. Қазақ халқы әнінің әуенділігі.

4,5-сабақтар. Айтыс өнері.

6,7-сабақтар. Күй құдіреті.

2-тоқсан. Қазақ халқының дәстүрлі тұрмыс-салт әндері және заманауи музыкасы келесі тақырыптарды қамтиды:

10,11-сабақтар. Қазақ халқының тұрмыс-салт әндері.

12-сабақ. Жаңғырған салт-дәстүр әндері.

13-сабақ. Халық музыкасының интерпретациясы.

14-сабақ. Халық музыкасын өңдеу.

Бұл тақырыптардың мазмұнында шығармашылық жұмыстар, жобалар орындалады.

Бұрыннан қалыптасқан салт-дәстүрлер қайта жаңғырып, жаңа заманға сай өзгереді. Сондықтан орындалатын салт әндердің сөздері жаңарып, әуені мен ырғағы заманауи (эстрадалық және компьютерлік) музыкамен өңделеді. Мысалы, «Тұсаукесер салты» балалар тойларымен байланысты болумен қатар, бүгінгі күні кез келген жаңа туындының (кітап, кино, музыкалық шығармалар, музыкалық диск) халық алдына алғашқы салтанатты таныстырылымы ретінде де қолданылады.

16-сабақта Жобаны жоспарлау және құрастыруға арналған шығармашылық жұмыс беріліп, онда өзіне таныс тұрмыс-салт жырларынан- «Бесік жыры», «Тұсау кесер жыры», «Жар-жар» жобаға тақырып таңдау, жоспарлау ұсынылады.

А.Мұсақожаева, Ә.Сабырова, М.Әбуғазы, Г.Ғизатованың жалпы білім беретін мектептің 5-сынып оқушыларына арналған оқулығының «Классикалық музыканың үздік туындылары» тақырыбында қазақ халқының кәсіби музыкасы: дәстүрлі әншілік өнер, дәстүрлі күйшілік өнер, жазбаша кәсіби музыкасы қамтылады. Халық композиторлары мен кәсіби музыка өнері сипатталады [6]. Мысалы, Біржан сал, Жаяу Мұса, Естай, Ақан сері, Майра т.б.

Сонымен, музыкалық педагогикадағы тұрмыстық дәстүрлердің мұрасы өзінің қарапайымдылығымен, сюжеттерінің байлығымен, әуезділігімен, керемет поэтикалық өзіндік ерекшелігімен және терең мазмұнымен жас ұрпақтың тәрбиесіне пайдалы әсер етеді және елдің игілігіне айналып отыр. Зерттеу жұмысын қорыта келе, музыкалық педагогикадағы тұрмыстық салт-дәстүрлер мұрасын өскелең ұрпақтың бойына сіңіруді кеңінен насихатталуы қажет; мектеп оқулықтары мен болашақ музыка мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламаларындағы пәндер

мазмұнына жас ерекшеліктерін ескере отырып, жүйелі түрде енгізуді қамтамасыз етілуі тиіс деген тұжырым жасадық.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру бағдарламалық мақаласы https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences.
2. Исламжанұлы К.Қазақ отбасы фольклоры. – Алматы, 2006.
3. Ғизатов Б. Мектептегі ән-музыка сабағының мұғалімдері үшін. /әдістемелік құралы/. – Алматы, 2003.
4. Ш. Құлманова, Б. Сүлейменова, Т. Тоғжанов. «Музыка» жалпы білім беретін мектептің 2-сынып оқушыларына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2017.
5. Ш. Құлманова, Б. Сүлейменова, Т. Тоқжанов «Музыка» жалпы білім беретін мектептің 4-сынып оқушыларына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2019.
6. А.Мұсақожаева, Ә.Сабырова, М.Әбуғазы, Г.Ғизатова «Музыка» жалпы білім беретін мектептің 6-сынып оқушыларына арналған оқулық. – Алматы, 2019.

УДК: 696.2(031)

**ГАЗ ТАРАТУ БЕКЕТТЕРІНДЕ, ЖОҒАРҒЫ ҚЫСЫМДЫ ГАЗ ЭНЕРГИЯСЫН,
ПАЙДАЛЫ ЭНЕРГИЯҒА ТҮРЛЕНДІРУ**

Карабеков А., «Мұнай және газды тасымалдау» мамандығының 2 курс студенті, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., karabekov_aidar@mail.ru

Сексенбай М.Ж., т.ғ.к., Мұнай-газ және тау-кен ісі кафедрасының доценті, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., sekzenbay.1961@mail.ru

Аннотация: бұл жұмыста автоматтандырылған газ тарату бекеттерінде жоғарғы қысымды газдың қысымын төмендеткенде, босқа кеткен газ энергиясын пайдалы энергия түрлендіру жолдары мен оның маңыздылығы көрсетіледі. Жоғарғы қысымды табиғи газ энергиясын пайдалы энергияға түрлендіру үшін турбодетандер қондырғысын қолдануға болатындығы анықталды.

Кілт сөздер: турбодетандер, АГТС, қысым, энергия, газ, магистральды құбыр.

Қазақстан Республикасы дүниежүзінде мұнай қоры бойынша 9-шы орынды иеленіп, табиғи газ бойынша 3,9 трлн м³ газ қорына ие [1].

Қазба байлықтардың ішінде мұнай мен газ болғанына байланысты мұнай және газ өнімдерін сату, және мемлекет тұрғындарын газбенен қамтамасыз ету сұрағы туындайды. Газ негізінен Қазақстанның батыс өңірінде шоғырлануына байланысты, Қазақстанның басқа өңірлерін табиғи газ бен қамтамасыз үшін, ірі газ құбырлары магистральдар салынуда. Сонымен қатар, Қазақстан географиялық орнымен ерекшеліктеріне байланысты Республиканың аумағы арқылы ірі магистральдар өтеді. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасындағы магистральдардың газ құбырларының ұзындығы 19000 км – ден асады.

Магистральді құбырлардың физикалық ерекшеліктеріне байланысты газды тұтынушыларға жеткізу үшін, аса үлкен қысымның қажеттілігі туындайды (қысымы 7-10 МПа аралығында). Түсінуге оңай болу үшін, 10 МПа дегеніміз 100 атмосфералық қысымды білдіреді. Бұндай үлкен қысымды тудыратын әрі қажетті деңгейде ұстап тұратын автоматтандырылған газ тарату станциясы магистраль бойында, белгіленген интервалдар бойынша орнатылады, яғни магистральдар бойында бірнеше АГТС орналасады. Қазақстанда АГТС саны 130-ға жуық.


Магистральді құбырлармен өнім импортқа ғана кетпей, жергілікті тұтынушыларға да жеткізілуі мүмкін. Алайда тұтынушыларға газ 1,2 немесе 0,3 МПа аралығында жеткізілуі қажет [2].

Жай ғана арифметикалық есептеулер арқылы орташа есеппен 6,4 МПа болатын қысым еш пайдасыз босқа жоғалуда. Осы қысымды бізге пайдалы энергияға түрлендіру қажет.

Жоғарғы қысымды газ энергиясын пайдалы энергияға түрлендіру үшін, бізге газдың ішкі энергиясын электр энергиясына түрлендіретін генератор қажет болады.


Детандер генератор - газдың ішкі энергиясын механикалық энергияға түрлендіретін қондырғы. Детандер генератордың негізгі екі түрі бар: турбодетандер, поршенді детандер [3].

Поршенді детандердің жұмыс принципі – жоғарғы қысымды газдың клапан 1 арқылы цилиндрге өтіп, цилиндрде орналасқан поршенді қозғалысқа келтіреді, яғни газдың ішкі энергиясы поршенді қозғалысқа келтіріп механикалық энергияға түрленеді де, клапан 2 арқылы қысымы төмендетілген газ тұтынушыға кетеді, ал поршеннің механикалық энергиясын қайтымды процесске ие қозғалтқыш арқылы электр энергиясына түрлендіреді. Алайда поршенді детандер, детандердің кең тараған түріне жатпайды, себебі оның келесі түрдегі кемшіліктері бар: поршень қозғалғанда пайда болатын үйкеліс, гидрат түзілген жағдайда үйкеліс көрсеткіші жоғарлайды, яғни шығын көрсеткіші артады [4].



Сурет 1. Поршенді детандер

Детандердің кең тараған түрі – турбодетандер. Турбодетандердің жұмыс істеу принципі – жоғарғы қысымды газдың арнайы кенею камерасында орналасқан қайтымды процеске ие козғалтқыштың рооторын айналдыратын турбинаны козғалысқа келтіреді. Жоғарғы қысымды газ құбыр «А» арқылы кенею камерасында орналасқан турбинаны козғалысқа келтіріп, құбыр «В» арқылы төмендетілген газ шығады. Газ тек турбинаны айналдырғанымен оның қысымы айтарлықтай өзгермейді, газ сонымен бірге кенею камерасында кенейіп қысымы түседі. Қысыммен қатар газдың температурасы да түседі. Турбодетандердің құрылысына келгенде оның негізгі бөліктері: кенею камерасы, турбина, генератор. Турбодетандердің кең таралуына себеп болған оның келесідей артықшылықтары: электр энергиясымен қатар төмен температураны тудыртады, турбиналы қондырғы болуына байланысты гидравликалық соққыларды жоққа шығарып, конденсат үлесі жоғары газдар да жұмыс істей алады. Газ кеңейгенде температураның төмендеуі гидрат түзілуіне әкелетіндіктен, түзілген гидраттар ротормен арасындағы өтпелі бөліктерді бітеу арқылы қондырғының ПЭК өсуде. Алайда турбодетандердің басты кемшілігі оның құнында, яғни турбодетандерді құрастыру үшін үлкен қаражат қажет. Осы себепті турбодетандерді көп елде қолданыс тапқан жоқ. Қазіргі таңда турбодетандерлер Ресей, Германия және т.б. мемлекеттерде қолданылады [5].



Сурет 2. Турбодетандер сұлбасы

Турбодетандер артықшылықтарына орала келе, бұл қондырғы өзінің алатын көлемімен және құрылысының күрделі еместігімен мақтана алады. Ал оның энергиясы бір АГТС-ті толығыменде электр энергиясымен қамтамасыз ете алады. Ал турбодетандер өзінің көлемінің аса үлкен болмауы байланысты оны әуе немесе көлік транспорты арқылы қажетті АГТС-ке жеткізген тым үлкен қаражат қажет етпейді [5]. Мысалы, турбодетандер қондырғысын жасау құны 8-10 млн доллар дейік. Егер электр желілерінен АГТС 50 км қашықтықта орналасып, табиғи кедергілер бұл желінің ұзындығын тағы «L» 50 шақырымға арттырды дейік. Желінің диаметрі «D» 1 см болатын алюминийден жасалды деп белгілейміз. Алюминийдің 1 кг қазіргі таңдағы құны 623 тенге [6].

Сонда алюминий желісінің көлемі 1000м^3 . Алюминий тығыздығы $2698,72\text{ кг/м}^3$. Сонда желіге жұмсалатын алюминий массасы жуықтап алғанда 2700 т. Желіміз тек алюминийдің үлесі 50% деп алсақ сонда таза алюминий массасы 1350т. Сонда алюминийға кетеін қаражат 850 млрд тенге. Ал турбодетандерге кететін қаражат 432 млрд тенге (25.11.2022 бойынша 1 доллар – 462,72 тенге). Әрине бұл тиімділігі табиғат кедергілерімен желі ұзындығын факторларына тәуелді және бұл факторлардың артуымен кемуіне байланысты тиімділігі не артып не жоққа шығарады. Яғни, табиғи кедергілері көп, АГТС электр желісінен алыс орналасса, турбодетандерді пайдаланудың тиімділігі ұлғаяды, ал керсінше табиғи кедергілері аз, АГТС электр желісіне жақын орналасса, турбодетандерді пайдаланудың тиімділігі кемийді. Турбодетандер АГТС-ті толығымен қамтамасыз ететін болса онда жылына электр энергиясына кететін қаражат 0-ге тен болады. Электр желісінің энергиясына келетін болсақ 1 кВт/сағ. шамамен 16 тг тең. АГТС тәулігіне 5 МВт энергия қажет етеді дейік. Сонда жылына АГТС-ті қамтамасыз ететін электр энергиясына кететін қаражат 8760 000 тенге кетеді. Әрине бағалар өзгерісте және ескерілмеген факторлар бар, бірақ жоғарыдағы есептеу арқылы пайда мен шығынның жалпы көрінісін көруге болады.

Әдебиеттер:

1. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400001275>
2. <https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%94%D0%B5%D1%82%D0%B0%D0%BD%D0%B4%D0%B5%D1%80>
3. <https://helpiks.org/3-48931.html>
4. <https://neftegaz.ru/tech-library/neftegazopromysel/552815-turbodetandernyy-agregat/>
5. <https://scraptraffice.com/nur-sultan/alyuminij/>
6. <https://www.google.com/search?q=%D0%BA%D1%83%D1%80%D1%81+%D0%B4%D0%BE%D0%BB%D0%BB%D0%B0%D1%80%D0%B0&oq=%D0%BA%D1%83%D1%80%D1%81&aqs=chrome.2.69i57j69i59j0i131i433i512j0i433i512l4j0i131i433i457i512j0i433i512j0i20i263i512.2705j0j15&sourceid=chrome&ie=UTF-8>

ӘОЖ 589.385

**МЕТАЛДАРДЫҢ ҚАЗУ ТӨЗІМДІЛІГІНЕ АЛДЫН-АЛА БЕРІКТІК
ШЕГІНЕН ТӨМЕН КЕРНЕУЛЕРМЕН ЖҮКТЕМЕЛЕУДІҢ ӘСЕРІН ЗЕРТТЕУ**

Әбденбай Қ., «Машина жасау бұйымдарын құрамдау және өндіру» блім беру бағдарламасының 3 курс білімгері, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.
kolkatabdenbai517@gmail.com

Жашен С. Ж., техника ғылымдарының кандидаты, «Механика және машина жасау» кафедрасының доценті, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.,
sultangali54@mail.ru

Аннотация: Болат үлгілерінің күрделі жүктеме режимдерінде алдын-ала төзімділік шегінен төмен циклдік жүктемеу арқылы циклдік қажу беріктігінің жоғарылауы эксперименталды түрде анықталды және тиісті функционалды параметр тұрғызылып, осындай «алдын-ала жаттықтыруды» зақымданудың энергетикалық теңдеуінде есепке алу әдісі ұсынылды

Кілт сөздер: циклды жүктеме, төзімділік, күрделі циклды кернеулі күй, көп циклды қажу қирауының энергетикалық моделі.


Конструкциялық материалдың үлгісін жоғары кернеуі қажу шегінен сәл төмендеу циклді жүктемеу, онан әрі айнымалы кернеулер мөлшерін біртіндеп көтерсе, металдың қажу

беріктігін біршама арттыруға болатындығы көптен бері белгілі. Металдарды «жаттықтыру» деп аталатын мұндай технология техникада кеңінен қолданылады.

Конструкциялық материалдарды «жаттықтырулардың» әсерін зерттеуге бағытталған жұмыстардың [1-4 және т.б.] басым көпшілігінің нәтижелері, алдын-ала қажу шегінен төмен циклдік жүктемелеу, металдардың жоғары кернеу деңгейлеріндегі қажу төзімділігін көтеретіндігін көрсетеді.

[3] жұмыста қажу төзімділігіне еш әсер етпейтін кернеулер аймағын, жүктеме шегі өсетін кернеулерден бөліп тұратын, аралық жүктеме кернеуі бар екендігі көрсетілген. Қажу диаграммасындағы беріктендіру аймағы (1-сурет) екіге бөлінген, олардың біріншісі қажу төзімділігіне еш әсер етпейді, ал екіншісі материалдың беріктігінің өсе түсетіндігін байқатады.

Г.Г. Попов [6] металдарды жаттықтырудың жоғары әсері кернеулер қажу шегі маңайында болғанда ғана орын алатынын, ал кернеулер $(0,8 \div 0,9) \sigma_{-1}$ –ден азырақ болса, онда жаттықтырудың нәтижесі болмайтынын байқады. Маринец Т.К. [5] конструкциялық материалдарды жаттықтырудың әсерін өте ұзақ мерзімде сынақтар жасау арқылы зерттеді. Оның зерттеулері жаттықтырудың әсері алдын-ала жүктеме циклдер санының көптігіне байланысты өзгеріп, және ол сан 25-30 миллионға жеткенде максималды шамаға жететінін көрсетті.



Сурет 1. Қажу диаграммасындағы беріктендіру аймақтары


Конструкциялық 20 және 25 болаттар үшін 25-30 миллион циклдер қажуға төзімділіктің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді және бұл санның онан әрі 1500 миллионға дейін артуының нәтижесі байқалмаған.

[1] жұмыста да (1 кесте, құрамы 0,015% С, беріктік шегі $\sigma_{пч} = 310$ МПа және төзімділік $\sigma_{-1} = 183$ МПа) конструкциялық материалдардың үлгілері үшін алдын ала жүктеу циклдерінің санына байланысты қажу шегінің өсуін көрсететін мәліметтер бар.

Кесте 1

140 МПа кернеу әсер еткендегі жүктеменің қайталану циклдарының саны	$0,5 \cdot 10^7$	$1 \cdot 10^7$	$2 \cdot 10^7$	$3 \cdot 10^7$	$4 \cdot 10^7$	$6 \cdot 10^7$
Төзімділік шегінің артуы, %	6,1	6,1	6,9	8,0	19,0	23

Жоғарыда келтірілген зерттеулердің барлығы дерлік бір өсті кернеулі күйі жағдайында жасалғанын атап айту керек. Ал күрделі кернеулі күй жағдайында және $(0,8 \div 0,9) \sigma_{-1}$ кернеулер әсері кезінде конструкциялық болаттардағы алдын-ала жаттықтырудың әсерін зерттеу мақсатында біз [7] жұмыста сипатталған қондырғыда ұзақ мерзімді сынақтар жүргіздік. Ал сызықтық кернеулі күйдегі сынақтар Лозенгаузен фирмасының қондырғысында жасалды. Эксперименттер жасауға түтік және цилиндрлік қималы үлгілер қолданылды. Алдын-ала жаттықтырудан өткен үлгілер үшін, асимметрия коэффициенттері $R = -1$ және $R = -0,1$ кездеріндегі, тәжірибелік қажу қисықтары 2-суретте көрсетілген ([8] жұмыста келтірілген).



Сурет 2. $(0,8 \div 0,9) \sigma_{-1}$ кернеулер әсер еткенде $10 \cdot 10^6$ цикл ішінде жаттықтырудан өткен болат 45 үлгілерінің қажу қисықтары (1a, 2a жаттықтырудан өтпеген металдар үшін қажу қисықтары)

Салыстыру үшін көрсетілген суретте жаттықтырудан өтпеген конструкциялық материал үшін 1a, 2a қажу қисықтары да көрсетілген. Сынақ нәтижелері көрсеткендей $10 \cdot 10^6$ цикл ішінде жаттықтырудан өткен үлгілердің, мұндай жаттықтырудан өтпеген үлгілермен салыстырғанда, қажу төзімділігі шамамен $20 \div 30\%$ - ға артты.

Конструкциялық болат үлгілерінің күрделі жүктеме режимдерінде алдын-ала қажу шегінен төмен циклдік жүктемелеу арқылы циклдік қажу беріктігінің жоғарылауы эксперименталды түрде анықталды.

Әдебиеттер:

1. Расчеты на прочность в машиностроении / С.Д. Пономарев, В.Л. Бидерман, К.К. Лихарев и др. ; Под ред. С.Д. Пономарева. – М.: Машгиз, т. 3. – 1118 с .
2. Ужик Г.В. Методы испытаний металлов и деталей машин на выносливость. –М., Изд-во АН СССР, 1948, - 264 с., ил.
3. Шашин М.Я. Влияние циклических перегрузок и недогрузок на усталость металлов. – Журнал технической физики, 1951, т. XXI, вып. 10, с. 1184.
4. Гольцев Д.И. О приближенной оценке предела выносливости циклически тренированных материалов. – В кн. : Вопросы динамики и динамической прочности. Рига. : Изд-во АН Латвийской ССР, вып.3, 1955.

5. Маринец Т.К. Тренировка в условиях сверхдлительных испытаний. – Тр. Ленингр. Политехн. Ин-та, 1955, № 182, с.141-145.
6. Попов Г.Г. Испытание стали на выносливость с предварительными циклическими перегрузками. В кн. : Вопросы прочности материалов и конструкции. – М., изв. АН СССР, 1959, с. 14-35.
7. Павлов П.А., Шерстнев В.А., Касымов У.Т., Жашенов С.Д., Гидропульсационная машина двухстороннего действия. - Информ. листок, ЛенЦНТИ. – Л., 1982, № 708-82
8. Жашен С. Ж., Джакияев Д.К., Жунисбеков С., Исследование многоциклового усталости элементов оборудования и машин при сложном напряженном состоянии и нестационарном нагружении. МНТЖ. Вестник НИА РК №3(77), – Алматы, 2020. – с. 11-17

УДК 65.3977

УСОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ПЕШЕХОДНЫХ ПЕРЕХОДОВ

Манюшкин Ю., студент 3 курса специальности «Автомобили и автомобильное хозяйство», Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати, г.Тараз, malovadas@yandex.ru
Баймамыров А.Д., старший преподаватель кафедры «Транспортная техника и технологий», Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати, г.Тараз, aman0875@mail.ru

Аннотация: в этой статье показывает суть LED экрана, чтобы защитить пешехода от наезда автомобилей и обезопасить не только пешехода, но и водителя от различных дорожно-транспортных происшествий.

Ключевые слова: LED экран, пешеход, ДТП, транспорт, безопасность.

Безопасность дорожного движения - это комплекс мер, направленных на обеспечение безопасности всех участников дорожного движения. Дорожно – транспортное происшествие - происшествие, произошедшее при движении транспортного средства по дороге и с его участием, в котором погибли или получили травмы люди, повреждены транспортные средства, сооружения, грузы или причинен другой материальный ущерб [1].

Дорожно-транспортные происшествия являются наиболее серьезной угрозой для здоровья человека во всем мире. С каждым годом поток транспортных средств в больших городах увеличивается, тем самым и увеличиваются дорожно-транспортные происшествия, а особенно я хотел бы остановиться на наезде на пешехода автомобилем именно на пешеходных переходах. На четырех полосных дорогах на пешеходном переходе автомобили бывают загромождают видимость другим сзади идущим автомобилям и при этом тот автомобиль который идет позади водитель может сделать ошибку не заметив пешехода и тем самым наехать на пешехода, что может привести к несчастному случаю. Именно таких моментов очень много встречаются на практике. А как вы знаете, что если пешеход по причине наезда автомобилем на него привел к тяжелым последствиям, то это очень большой ущерб его семье и т.д.

Доля дорожно-транспортных происшествий, вызванных техническими неисправностями (поломками), относительно невелика и составляет 3-5 % от общего количества аварий, но степень тяжести этих аварий высока: 4-5% от общего числа погибших и 8—10% раненых [2].

Навыки водителя - это не только избегать сложных ситуаций, но и выходить из них с минимальными потерями в случае их возникновения [3]. Вождение в критических условиях намного сложнее, чем обычно. Здесь время засчитывается в десятую долю секунды, нет времени думать, нужно действовать очень быстро, но при этом действовать правильно, поэтому умение действовать быстро и точно в экстремальных ситуациях является залогом успеха. Чтобы достичь желаемой скорости и точности действий, вы должны знать наиболее распространенные критические ситуации и лучшие варианты выхода из них. Для этого, чтобы облегчить видимость

и реакцию водителей, я предлагаю внедрить использования LED экрана с сопровождением людей на пешеходном переходе, на таких улиц и проспектов, где интенсивность потоков автомобилей очень большая, например такие улицы, как: Сейфулина, проспекты Толе би, Жамбыла, Абая города Тараз.

На LED экране видно, как человек начинает движение по пешеходному переходу и сопровождает его до конца движения по переходу. Тем самым система акцентирует внимание водителя на пешеходном переходе и снижает вероятность наезда. Камера видеонаблюдения - постоянно подает изображение на LED экран. LED экран - выводит изображение с пешеходного перехода которое поступает с камер.

Уникальность такого экрана в том, что оно позволяет значительно увеличить безопасность пешеходов и снизить вероятность наезда автомобилей в зоне пешеходного перехода. Повышение безопасности на дорогах. Предупреждение водителей об опасности сбить пешехода. Реализация данного проекта, обойдется намного дешевле чем надземный или подземный переход. По моим расчетам мною предлагаемая система снизит опасность вероятности ДТП на пешеходных переходах минимум на 50%.

Литература:

1. Жандарбекова А. Обеспечение безопасности движения на транспорте [Текст]: учебное пособие / А. Жандарбекова. – Астана: Фолиант, 2017. - 256 с. - (Высшее образование).
2. Правила дорожного движения Республики Казахстан [Текст]. – Алматы: ЮРИСТ, 2018. - 80с.
3. Коноплянко В.И., Гуджоян О.П., Зырянов В.В. Организация и безопасность дорожного движения. Кемерово: Кузбассвузиздат, 1998. 236 с.

ӨОЖ 502.5:582.772.2(574)

ҮЙЕҢКІ ЖАПЫРАҒЫНЫҢ БЕТІНДЕГІ ШАҢ АРҚЫЛЫ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ ЛАСТАНУЫН АНЫҚТАУ

Сайлаубек Н., 6В05212 –«Өндірістік мекемелердің экологиясы» мамандығының 3 курс студенті,
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., n.saylaubek@list.ru
Уйсимбаева Ж.Т., «Экология» кафедрасының доценті м.а, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік
университеті, Тараз қ., zhanara_mm@mail.ru

Аннотация: мақалада үйеңкі жапырақ бетіндегі шаң арқылы тербелмелі асимметрия индексі негізінде қоршаған ортаның жағдайын бағалау мәселелері қарастырылады. Тараз қаласының сапасын бағалау үшін биоиндикациялық зерттеу жүргізілді. Жеңіс саябағы, Жамбыл даңғылы және Нияткалиева көшесінің бойында, үйеңкі жапырағының тербелмелі асимметриясының индикаторы арқылы. Бұл әдісті қалалық ортада қолданудың тиімділігі анықталды және зерттелетін аумақтағы ластанған аумақтар анықталды.

Кілт сөздер: тербелмелі асимметрия, биоиндикация, индикатор, морфология, симметрия, стресс, фактор.

Қазіргі уақытта қалалық ортаны жақсарту мәселесі өте өзекті болып табылады. Ол үшін ағаш өсімдіктер пайдаланылады, олардың негізгі рөлі адам үшін қолайсыз табиғи және техногендік факторларды теңестіру қабілетіне дейін төмендейді. Сонымен қатар, олар оттегін шығарады, температураны, жел күшін және шуды азайту, ауа ылғалдылығын арттыру, көбінесе қоршаған ортаны қолайлы жағдайға дейін жақсартады. Ағаш өсімдіктерінің жапырақ бетінде шаңмен жиналуы арқылы қоршаған ортаның ластану дәрежесін анықтауға арналған. Биоиндикация биоценозға антропогендік жүктемені анықтау әдісі ретінде экологиялық

зерттеулерде қолданылады. Биологиялық индикаторлар ретінде зерттелетін факторларға ең сезімтал биологиялық жүйелер немесе организмдер таңдалады. Қазіргі ғылым биоиндикатор ретінде организмдерді, соның ішінде өсімдіктерді кеңінен пайдаланады. Қала ортасында өсімдіктер қоршаған ортаның нашар жағдайына байланысты ең күшті антропогендік фактордан ластанып отыр. Қаланың ортасындағы ауаны ластайтын негізгі заттар өнеркәсіп және автомобиль көздері.

Қазіргі уақытта өнеркәсіптік шығарындылар мен пайдаланылған газдар атмосфералық ауаны ластанудан тазарту мәселесін адамдар үшін бірқатар маңызды мәселелерге итермелейді. Бұл мәселені шешуде ағаштар үлкен рөл атқарады. Ағаштардың ауадан аэротехногендік қоспаларды Тұндыру және сіңіру және топырақ пен ауадағы белгілі бір химиялық элементтердің артық немесе жетіспеуіне сезімтал жауап беру қабілетінің арқасында қазіргі уақытта ағаш өсімдіктерін қоршаған ортаны бағалау көрсеткіштері ретінде пайдалану мүмкіндігі туралы жеткілікті ақпарат жинақталды [1].

Жапырақтардың пайда болуындағы өзгерістерді арнайы жабдықты пайдаланбай анықтауға болады, сонымен қатар бұзушылықтар көбінесе қарапайым көзбен көрінеді. Көптеген түрлер жапырақтың екі жақты симметриясымен сипатталады, олардың мәнделері нөлдің айналасында қалыпты түрде бөлінген кезде оң және сол жақтар арасындағы белгілер айырмашылықтарының өзгергіштік формасы түсініледі [2].

Тербелмелі асимметрия- морфологиялық белгілердің идеалды симметриясынан шағын және бағытталмаған ауытқулар. Әдетте, тербелмелі асимметрия организмнің генетикалық немесе экологиялық стресс жағдайында дамуды бақылау қабілетінің әлсіреуі нәтижесінде пайда болады деп саналады. Қоршаған ортаның шаңмен ластануы үйеңкі жапырағында тандалды. Үйеңкі бүкіл Еуропада, Азияда және Солтүстік Америкада кеңінен таралған. Үйеңкі жапырағының мүшелерін жинау қыркүйек айларында жапырақтың қарқынды өсуі аяқталғаннан кейін жүргізілді. Әр аймақтан 2-3 ағаштан жапырақтар жиналды.

Тараз қаласы-инфрақұрылымы жақсы дамыған, асфальт төселген автомобиль жолдары желісі, жұмыс істеп тұрған теміржол вокзалы мен әуежайы бар ең ірі қала десекте болады. Тұрғын үй құрылыстарынан, өнеркәсіптік және коммуналдық-қойма аумақтарынан басқа, қалада қосалқы шаруашылықтар, егістік жерлер мен көкөніс бақтары бар агрокешендер бөлінген. Қала аумағында 3 нүктеде жапырақтары тандалды. Табиғи жағдайда үйеңкі жапырақтарының даму тұрақтылығын және шаңдануын анықтау үшін біз табиғи және әлсіз түрлендірілген биотоптарда материал жинадық.



Сурет 1. Жеңіс саябағы, Ниеткалиева көшесі (Минералды тыңайтқыш зауыты)
Жамбыл даңғылы

Материалды жинау жапырақтардың өсуі аяқталғаннан кейін 2022 жылдың қыркүйек-қазан айлары аралығында жүргізілді. Қоршаған ортаның сапасын бағалау үшін әрбір үлгіден 18

жапырақ жиналды. Әрбір өсімдіктің жапырақтары бөлек сақталды. Бір үлгі үшін жиналған барлық жапырақтар полиэтилен пакетке салынып, сол жерге жапсырма қойылды. Жапсырмада үлгі нөмірі, жинау күні, жинау орны көрсетілді. Үйенкі жапырағының шаңмен ластануының зерттеу Экология кафедрасының зертханасында орындалды.

Кесте 1

Қоршаған орта сапасын бағалаудың баллдық шкаласы

ТА көрсеткіші	Қоршаған орта жағдайы	Балл
0,040	Қалыпты жағдай	I
0,040-0,044	Шамалы ауытқулар	II
0,045-0,049	Ауытқудың орташа деңгейі	III
0,050-0,054	Жоғары ауытқулар	IV
0,055 жоғары	Жоғары сыни ауытқулар	V

Зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін өндірістік аумақтан, тас жолдың маңынан және саябақтан 3 сынақ алаңы алынды: көлік ағыны жоғарлаған аумақ Жамбыл даңғылында, таза аудан Б.Момышұлы атындағы Жеңіс саябағында, ауасы ластанған Ниеткалиева көшесі (Казфосфат зауыты). Қоршаған ортаның сапасын Тербелмелі асимметрия М. Захаров әдістемесі бойынша 5 баллдық шкала бойынша бағаланады.

Кесте 2

Қоршаған орта сапасын бағалаудағы шыққан көрсеткіш

Аумақ	Тербелмелі асимметрия көрсеткіші
Жеңіс саябағы	0,036
Жамбыл даңғылы	0,045
Ниеткалиева көшесі	0,051

Жамбыл даңғылы көшесінің жапырақтары үлкен трассаның жанында жиналды. Алынған нәтижелерде трассаның жанында ТА көрсеткіші бар екенін көрсетеді. Асимметрия деңгейі 3 баллға сәйкес ауытқудың орташа деңгейі бар екені анықталды.

Жеңіс саябағының антропогендік жүктемесі таза аймақ, сондықтан бақылау ретінде біз осы нүктеде өсетін ағаштардан жиналған жапырақтарды қарастырдық, мұндағы тербелмелі интегралдық көрсеткішінің мәні 0,036 болды, яғни I баллға сәйкес қалыпты жағдай екені анықталды.

Ниеткалиева көшесі (Минералды тыңайтқыш зауытының) аймағында өсетін үйенкі жапырағының асимметрия деңгейінің жоғары ауытқуы байқалды (0,051). Бұл жол жамылғысының нашар сапасы – қиыршық тас, үлкен жүк көліктерінің және зауыттан шығатын газдың нәтижесінде жапырақ бетінің шаңы пайда болады, өсімдіктердің даму тұрақтылығына айтарлықтай теріс әсер етеді деп болжауға болады. Екінші әдісте үйенкі жапырағының бетіне түскен шаңды визуальды түрде көзбен бағаладық (2 сурет). Бірінші кезекте сүзгі қағазын тазартылған суға салып жапырақтың астыңғы және үстіңгі жағына қойып шаңды басып шығарамыз. Одан кейін микроскоппен қарап, шаңмен ластану дәрежесін визуальды түрде көзбен бағаладық. Зерттеу нәтижелерінде жапырақтардың ластанған ауданы Жамбыл даңғылы мен Казфосфат зауытынан байқалды.



Сурет 2. Зертханадағы үйеңкі жапырағындағы шанды анықтауы



Диаграмма 1. Үйеңкі жапырағының ТА көрсеткіші

Үйеңкі жапырағының шаңмен ластануын визуалды бағалау көрсеткендей, 20 %- дай Жеңіс саябағында, 75% Жамбыл даңғылы, 85-90% Ниеткалиева көшесі (Казфосфа зауытынан) байқалды.Тараз қаласы Ниеткалиева көшесінен үйеңкі жапырағынан хлороз бен некроздың белгілері байқалды. Үйеңкі жапырағын визуалды зерттеу автокөліктер мен өнеркәсіпке жақын орналасқан ағаштардың ластануын көрсетті.

Зерттеу нәтижесінде барлық қойылған міндеттер орындалды, әдеби деректерге талдау жүргізілді, үйеңкі жапырағының тербелмелі асимметрия әдісінің мәні мен қолдану аясын зерттеуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, тербелмелі асимметрия әдісін қолдана отырып, биоиндикациялық зерттеуді жүргізудің практикалық дағдылары алынды. Зерттеу нәтижесінде Тараз қаласының таңдалған шағын аудандарының аумағындағы қоршаған ортаның сапасына баға берілді. Қорытындылай келе үйеңкі жапырағы Тараз қаласының атмосфералық ауасына төзімді десекте болады, сол себепті үйеңкі ағашын көгалдандыру мақсатында,трассаларға, өнеркәсіп орындарына көп отырғызған жөн.

Әдебиеттер:

1. Розенберг Г.С. Принципы симметрии в экологии (мысли вслух) // Самарская Лука: проблемы региональной и глобальной экологии. – 2011. – №3. – С. 5–16.
2. Каташинская Л.И. Анализ источников загрязнения атмосферного воздуха в городе Ишиме и влияние химического загрязнения атмосферы на здоровье населения / Л.И. Каташинская, Н.Е. Суппес // Известия Самарского научного центра РАН. – 2016. – №2–3. – С. 697–701.

ӘОЖ 334.716:502.5

**ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ ӨНЕРКӘСӘПТІК ЖӘНЕ ТҰРМЫСТЫҚ
ҚАЛДЫҚТАРДЫҢ ӘСЕРІНЕН ЛАСТАНУЫ**

Лесбекова І., 6B05213 - “Экология және табиғатты пайдалану” білім беру бағдарламасының 3
курс студенті, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.,
i.lesbekova2003@gmail.com

Мусабиева Ш.Қ., “Экология” кафедрасының аға оқытушысы, экология магистрі, М.Х. Дулати
атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., musabieva281180@mail.ru
